

ШӘКӘРІМ

ғылыми-танымдық журнал

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігінде 2009 жылдың 3
наурызында қайта тіркеліп, №
9940-Ж куәлігі берілген.
2005 жылдан шыға бастады.

БАС РЕДАКТОР

**Әмірбеков Шәріпбек
Ағабайұлы**
Шәкәрім атындағы Семей
мемлекеттік университетінің
ректоры, саяси ғылымдарының
докторы

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

**Смағұлова Ақмарал
Төлеуғазықызы**
«Шәкәрімтану» ғылыми-зерттеу
орталығының директоры,
филология ғылымдарының
кандидаты

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ
Қадыров Айбар Қабыкенұлы
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент

© Шәкәрім атындағы Семей
мемлекеттік университеті, 2013
© «Шәкәрімтану» ғылыми-
зерттеу орталығы, 2013

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Мағауин Мұхтар
Қазақстанның халық жазушысы, әдебиетші ғалым

Ғарифолла Есім
академик, сенатор

Жанболатов Сұлтан
профессор (Қытай)

Мырзахметұлы Мекемтас
филология ғылымдарының докторы, профессор

Қалижан Уәлихан
М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
директоры, филология ғылымдарының докторы,
профессор

Әбдіғазизұлы Балтабай
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық
университеті қазақ филологиясы факультетінің деканы,
филология ғылымдарының докторы, профессор

Жұртбай Тұрсын
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті
"Отырар кітапханасы" ғылыми орталығының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор

Хакім Мерием
PhD, профессор (Түркия)

Жақып Бауыржан
"Қазақ энциклопедиясының" бас директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор

Ескендіров Мейір
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Еспенбетов Арап
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті
гуманитарлық-заң факультетінің деканы, филология
ғылымдарының докторы, профессор

Сейітова Шынар
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті
қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі,
филология ғылымдарының докторы

Рамазан Айгүл
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті
қазақ филологиясы кафедрасының профессоры,
филология ғылымдарының докторы

Әубәкір Жандос
Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-
мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайының
директоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ СЕМЕЙ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
ШӘКӘРІМТАНУ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

Шәкәрім. Ғылыми-танымдық журнал.

МАЗМҰНЫ

АБАЙ АРМАНЫ

Жұртбай Тұрсын. Біртұтас алаш идеясы және Мұхтар Әуезов.....3

АБАЙТАНУ

Ердембеков Бауыржан. Абайдың арнаулары хақында.....6

ШӘКӘРІМТАНУ

Исин Амантай. Шығармаларын Шәкәрім оқыған османлы-түрік тарихшылары.....10

Сейсенұлы Дәулет. Шәкәрімнің ән мұрасы туралы.....14

Әпеева Гүлнар. Шәкәрім поэмаларының стильдік қырлары мен бейнелілік сипаты.....22

Жүндібәева Арай. Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығы және көңіл-күй лирикасы.....28

Байтоқова Аяулым. Шәкәрім Құдайбердіұлының XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзіне қосқан үлесі.....33

АЛАШТАНУ

Алтысбаев Құнытия. «Көшпенділер» романындағы алаш рухы көрінісі.....36

Сәрсекке Медеу. Қайта оралған ел «тарихы». Екі айға созылған талқы.....45

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІ

Васильев Валерий. Древнетюркие истоки шаманизма народа саха.....56

Jankowski Henrik. Altai and Turkik Studies.....60

Хакім Мерием. Батыстағы қазақтардың ұлтшыл көсемдері және батыстық елдерде атқарған қызметтері.....66

Әубәкірова Нұрғұл. Ақылбай - эпик ақын.....71

КӨСЕМСӨЗ

Еспенбетов Арап. Зерттеу нысаны - Мұхтар Әуезов көсемсөзі.....76

Каримова Бибігүл. Аралас жанрлар және олардың табиғаты.....79

МҮШЕЛТОЙ

Орда Гүлжаһан. Партизан жазушы. Әди Шәріпов – 100 жыл.....83

ТҰЛҒАЛАР

Радлов Василий Васильевич.....95

Толстой Лев Николаевич.....97

Фотошежіре.....98

ӘОЖ 821.512.122

Т.ЖҰРТБАЙ, филология ғылымдарының докторы, профессор
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы
 «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының директоры



БІРТҰТАС АЛАШ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ МҰХТАР ӘУЕЗОВ

2012 жылғы «Абай арманы» зиялылар клубының 3-мәжілісінде жасалған баяндама.

Алаштанушы, ғалым Т.Жұртбайдың бұл баяндамасында алаш қайраткерлерінің шығармалары мен өмір деректері жайлы мұрағат деректері келтіріледі. Ұлттық қауіпсіздік комитеті мұрағаттарында сақталған алаш арыстарының тергеу құжаттарымен танысып, солардың негізінде ғылыми сараптама жасайды. "Алаш" партиясының ұлттық ұстанымы бес түрлі тұжырымға негізделді» деген ғалым М.Әуезов шығармаларынан да осы бес түрлі нысанды іздейді.

Дүние тарихы төңкеріліп түскен ХХ ғасырда империялық және ұлттық мүдделердің қақтығысы – әлем жағырафиясынан бастап, ұлттар мен ұлыстардың, жеке адамдардың тағдырына түбегейлі өзгерістер әкелді.

Алаш, алаш дейміз, барлық қайраткерлерін өзіміздің әкеміздей, ағамыздай сезінеміз. Қазақтың есін жиғызған алаш дейміз. Бірақ осы алаш мемлекеті не үшін күресті, не үшін басын қатерге тікті?! Мемлекеттік құрылым болған кезде, сол алаш идеясы бүгінгі қазақ мемлекетінің құрылымына жарады ма және бүкіл ғұмырын сол алаш деп өткізген М.Әуезов жас алаш мүшесі ретінде бас тіккен идеясы не? Мұхтар Әуезовтің «Қараш-қараш оқиғасы», «Қаралы сұлу», «Қилы заман», «Көксерек», «Абай» шығармаларындағы көксеген ұлы алаш идеясы не?

1987 жылы 13 қаңтар күні Қазақстан Жазушылар одағының сол кездегі бірінші хатшысы Олжас Сүлейменов: 1). Желтоқсан оқиғасына байланысты ұсталған және қысым көріп жатқан студенттер мен жастарды қорғау мақсатында. 2). Репрессияға ұшыраған жазушылардың мұраларын ақтау бағытында. 3). Басылымға тиым салынған шығармаларды қайта жариялаудың мүмкіндігін қарастыру барысында маған Праволық комиссия құруды

тапсырды. Ақпан айында Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің сол кездегі орынбасары генерал-майор С.К.Әбдірахманов бастатқан 7 полковник Жазушылар одағына келіп, осы үш мәселе төңірегінде мағлұматтар берді.

Сөйтіп, аса бір қауырт та қыспақты жұмыстар басталып кетті. Саяси қудалау кезіндегі, яғни, отыз жеті-отыз сегізінші, қырық алты-елу үшінші жылдардағы жарияланымға тиым салынған шығармалар мен жекелеген авторлық құқықтар қалпына келтіріліп, «тәжірибе» жинақталған соң, ұлт көсемдерін ақтауға ұмтылыс басталды.

Ең бірінші кімнен бастаймыз? Үкімі жоқ Шәкәрімнен бастадым. Семейден Қарауылға Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысына бардым. Аудандық партия комитеті Орталық комитетке хат жолдап шешімін тапты.

Шәкәрімнің немересі Ғапура апаның естелігін тыңдап жазып отырдық, сол кездері Шәкәрім де ақталды. Жан-жаққа хат жаза отырып алаш қайраткерлерін ақтауға кірістік.

1988 жылы қаңтарда Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы Олжас Сүлейменовтің сұрау салуы бойынша Қазақ ССР-нің Бас прокуроры Ғ.Б.Елемесов „Алашорда“ қайраткерлерінің үстінен жүргізілген тергеудің заңсыз жүргізілгеніне

АБАЙ АРМАНЫ

наразылық білдіріп, Қазақ ССР Жоғарғы сотына ұсыныс жасады. 1988 жылы 4 қарашада Жоғарғы соттың қылмысты істер жөніндегі алқасының мәжілісінде «Кеңес өкіметін қарулы көтеріліс арқылы құлату мақсатында ұйымдасқан „Алашорда“ қайраткерлерінің контрреволюциялық, террористік астыртын құпия ұйымын әшкерелеу ісіне» қатысты сот үкімі қайта қаралды. Оған Қазақ КСР Жоғарғы сотының төрағасы Т.К.Аймұхамбетов, Жоғарғы соттың мүшелері К.Т.Кенжебаев, Е.Л.Грбарник және Қазақ КСР Бас прокуроры Ғ.Б.Елемесов қатысты. Жиыны 14 томдық тергеу ісінің егжей-тегжейін зерделей тексеріп, барлық куәлардың шағымдарымен танысып, тергеу тарапынан өрескел бұрмалаушылық пен заңсыздықтардың жол берілгенін анықтады. Соның нәтижесінде Қазақ КСР-нің Қылмыстық және праволық Кодексінің 375-бабын басшылыққа ала отырып Жоғарғы сот: „Шешім: СССР Халық Комиссарлар Советінің жанындағы ОГПУ-дің (Біріккен Мемлекеттік Саяси басқарманың - Т.Ж.) ІҮ коллегиясының 1930 жылғы 4 сәуірдегі және 1931 жылғы 13 қаңтардағы Байтұрсынов Ахмет, Дулатов Міржақып, Аймауытов Жүсіпбек, Есполов Мирза-Ғазы, Ғаббасов Халел, Әділев Дінмұхамед, Бірімжанов Ғазымбек, Юсупов Ахмед-Сафа, Жұмабаев Мағжан, Омаров Елдес, Битілеуов Дамолла, Болғанбаев Хайретдин, Байтасов Абдолла, Жәленов Кәрім т.б. жөніндегі қаулысының күші жойылсын, олардың іс-қимылдарынан қылмыстық әрекеттер табылмағандықтан да тергеу барысы тоқтатылсын.

Қазақ ССР прокурорының наразылығы қанағаттандырылсын. Қазақ ССР-нің Жоғарғы соты - Т.К.Аймұхамбетов. Коллегия мүшелері - Е.Л.Грбарник, Қ.Т.Кенжебаев», - деген шешім шығарды.

Осы шешімнің негізінде Жоғарғы соттың мүшесі Қазықан Кенжебаев Қазақстан КП Орталық комитетінің бірінші хатшысы Г.Колбиннің атына Олжас Сүлейменовтің қолымен "Алаш" қайраткерлерін ақтау туралы қорытынды ұсыныстың мәтінін даярлады. Қазақстан Орталық комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Ө.Жәнібековтің араласуымен Ғылым академиясында арнайы

комиссия құрылды, сол комиссияның шешімі бойынша Алаш қайраткерлерін саяси және шығармашылық тұрғыдан ақтау туралы арнайы қаулы шықты.

1988 жылы көкек айында «Алашорданың» 14 мүшесінің азаматтығы ақталды.

Алаштың басты мақсаты – ұлттық демократиялық мемлекет құру. Сіздерге жақсы таныс, 1917 жылы шілде-тамыз айларының өліарасында Жалпықазақтық І құрылтай шақырылып, "Алаш" партиясы тарих сахнасына шықты. "Алаш" партиясының ұлттық ұстанымы бес түрлі тұжырымға негізделді.

Бірінші ұстаным: жер, жер және жер. Жерсіз Отан жоқ. Жер – азық-түлік, жер – тәуелсіздіктің кепілі. Әлихан Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша: "Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмейді". Яғни бұл ұстаным: Жер – Отан, ал Отанды сатуға да, жеке меншікке айналдыруға да болмайды. Сол жер үшін әр қазақтың намысы жыртылып, ол жерге әр қазақтың тері мен қаны төгілген – деген тұжырымға саяды. Егер жер алаштың пайдалануынан артып қалса, сонда ғана жер мәселесін жекешелендіруді күн тәртібіне қойылады.

Қазақстанның тәуелсіз идеясында 2001 жылы жер сату туралы идея бекітілгеннен кейін Алаштың идеясы бір басқа, Қазақстанның дамуы бір басқа бағытта. Көрсеткіші, қазақтың 64 % жері қазақта емес. Әр түйір дән қазаққа қызмет жасау керек.

Екінші ұстаным: жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Ә.Бөкейхановтың айтуынша: "Оның әр бір түйір тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек" болатын. Яғни бұл – өз жерінің игілігін – әуелі өз елі игілігіне айналдырсын, одан асса ғана жатқа салауат – деген емеуірінді танытады. Абай данышпанның: Өздеріңді түзелер дей алмаймын, Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырық, – дегеніндегі "ырық" – осы ырық. Жердің астына, үстіне, аспанына иелік ете алмасаң – ырықтың кеткені сол емес пе?!.

Үшінші ұстаным: Ә.Бөкейхановтың жобасы

АБАЙ АРМАНЫ

бойынша, "Қазақтың жерінде өндірілген "бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі" керек, яғни, толықтай экономикалық тәуелсіздік пен бірлікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс еді. Тағы да сол Абай: "Бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң: атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып тірлік қылады. Бірлік сатылса – антұрғандықтың басы осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек", – дегендегі бірлік – осы экономикалық бірлік. Ал біздегі сатылмайтын құндылық – тек "жалданып тірлік құру" ғана болып қалды.

Төртінші нысана: қазақ мемлекетінде, алаш мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек. Дін үстем болмай Қазақстан алға жүрмейді.

Діл – менталитет, ұлттық болмысымыз. Қазір барлығы орысша сөйлейді, арасында орыс жоқ. Ауладағы бала қай тілде ойнайды? Орыс тілінде. Біз образды сөйлеуден қалдық. Міне, ділдің өшуі!

Бесінші, түпкі мақсат: тәуелсіз ғылымға, ұлттық салт, дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, Жапонияның үлгісіндегі ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді. Яғни Х.Досмұхамедовтің пайымдауына жүгінсек: "тәуелсіз сот құрылымы болады, тең және туыстық қарым-қатынастарды қамтамасыз ететін одақтық қағидаттар (заң) жасалады".

Ал заңға келсек, кез-келген заң сол ұлттың дәстүрі мен салтына негізделуі керек. Егер Қазақстанда мың заң шықса, соның 999-ы

орысша жазылған. Және ол заңда бір қазақстандықтардың, Қазақстанның мүддесін қорғайтын бір жол жоқ.

Ғылымның тәуелділігіне келсек, дүниежүзі автономиясы, Қазақстандағы автономия барлығын айтамыз. Экономика, саясат, философияда тәуелділік бар.

Бірінші сана ма, болмыс па? Құдай бар ма, жоқ па? Әлі күнге дейін философияда бірінші материя, яғни маймылдан шығыппыз, ал ол біздің менталитетімізге келмейді. Әдебиетте кеңістік пен уақыт деген категория бар. Оларды дінсіз түсіндіру мүмкін емес. Мұхтар Әуезовтің «Уа, кең көк аспан, жетер ме менің сөздерім келер күндерге» дегені, осы категориямен түсіндіріледі. Осы бес ұстаным Әуезовтің шығармаларында бар. «Уа, тар заман, уа, кең заман, алдына көлденең тұрып адымымды бір аштырмадың ғой, сен сияқты заман беріпті»,- деген сөзді Мұхтар Әуезов Абайдың аузы арқылы өзінің тағдырын айтады. М.Әуезовтің арманы да осы бес идея.

Егер де қазақты біртұтас ел деп танысақ, егер де Алаш идеясын біртұтас қазақ идеясы деп мойындасақ және сол мойындауымыз шын болса, онда әлемнің қай түкпірінде болмасын қазақ елінің азаттығы үшін күрескен әр жауынгерді, әрбір құрбанды – қазақтың біртұтас ұлт-азаттық күресінің ардагерлері деп тануымыз керек. Алаш идеясына деген адалдық пен сенім – бізден соны талап етеді. Ал қазақ үшін Алаш идеясынан, оның бес ұлы нысанынан артық мүдде болуы тиіс емес.



ӘОЖ 821.512.122

Б.ЕРДЕМБЕКОВ, филология ғылымдарының докторы, профессор
С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің стратегиялық даму және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор



АБАЙДЫҢ АРНАУЛАРЫ ХАҚЫНДА

Абайтанушы ғалымның ұсынып отырған мақаласында ұлы ақын Абайдың арнау өлеңдерінің жазылу тарихы мен көркемдік ерекшелігіне талдау жасалған.

Абай – ақындыққа, өлеңге, сөзге үлкен талап қоя білген, сол қасиеттерді өзінің де бойынан табуға тырысқан аса үлкен талант иесі. Абайдың ақындық туралы, өлең-сөз иелері туралы айтқан өлеңдеріне тоқталып, әр қырынан зерттеу жүргізген абайтанушы ғылымдардың еңбектері баршылық. Десек те, Абай өлеңдері жан-жақты талданып, әсіресе теориялық жағынан ішкі қырсырына түгесіле баға беріліп, текстологиялық тұрғыдан қайта сүзгіден өтіп жатқанымен, әр өлеңнің шығу тарихына жете көңіл бөлінбей келе жатқандығын мойындауымыз керек.

Осы арада айта кеткен жөн, ақынның сонау өткен ғасырымыздың 40-60 жылдары шыққан шығармалар жинағындағы түсініктерді әлі талғажау етіп келе жатқанымыз шындық. Кейінгі жылдарда құрастырылып жатқан Абайдың жинақтарының бірсыпырасы еш түсініксіз, ал түсінік болған күнде де бұрынғы жинақтардан алынып, айтарлықтай толықтырулар мен жаңартулар көрмей бүгінгі оқырманға ұсынылып жүр. Әрине, ол кездегі өлеңге берілген түсініктердің ғылымилығына шек келтірмейміз, бірақ уақыт озды, бастысы заман өзгеріп, төл әдебиет туралы көзқарасымыз түп-тамырымен басқа арнауға бұрылған шақта Абайдың толық шығармалар жинағын бүгінгі қоғам сұранысына сай кіріспе және толық, әрі мол қамтылған түсініктеме сөзімен ауқымды көлемде құрастырып шығарудың кезі

жеткендей.

Қай ақынның шығармасы туралы ой айтпақ бұрын, сол шығарманың шығу тарихына бойлап алмай оны талдап түсіндіру бос әурешілік екенін зерттеуші қауым жақсы біледі. Абай өлеңдерінің шығу тарихы, яғни әр өлеңнің жазылу себебі, әсіресе, арнау өлеңдері кімге арналды, оның Абайға қандай қатысы бар, табиғат лирикасы болса қай жылы жазылған, қай жердің, қыстаудың, я жайлаудың тасы мен ағашын немесе бұлағын суреттеп отыр, осы өлеңді жазған уақытта ақын қандай көңіл күйде болды, сол шақта Абайдың өмірінде қандай оқиғалар болып жатыр еді, міне, осы мәселелерді бақайшағына дейін анықтап алмай, ақын поэзиясы туралы сөз айту – бос әңгіме болмақ. Демек, Абай өлеңдеріне жазылған түсініктер, сөз жоқ, толықтырылуы және жаңартылуы керек.

Абай поэзиясының көлемді бөлігі – арнау өлеңдер. Жалпы Абайдың арнау өлеңдері - жеке тақырып ретінде зерттелуі сұранып тұрған абайтану саласындағы ең өзекті мәселе. Абайдың өз шәкірттеріне арналған туындыларын сөз етпес бұрын жалпы арнаулары туралы аз сөз айтпақпыз. Ақынның бізге белгілі қырыққа тарта арнау өлеңдері бар. Осы арнаулардың көбі ащы сынға құрылған. Әрине, Әбдірахманға, Оспанға арналған жоқтауларын айтпағанда тіпті бәрі дерлік ащы өлең. Бір

АБАЙТАНУ

қызығы өлең арналған адамның бәрі - Абайдың жақсы танысы, танысы болғанда жақын араласқан сыйлас, дос, пікірлес адамдары. Ал сонша алысқан, өмір бойы Абайға қарсы боп өткен Оразбайға, қамшы жұмсаған Нұрғазы мен Әбенге Абай меншіктеп өлең арнамаған. «Қайран сөзім қор болды, Тобықтының езіне» дегенде Абай осы соңғыларды меңзесе керекті. «Сөзімді тасыр ұқпас, талапты ұғар» деген ақынның өлең арнағанының ең сорлысының кеудесінде кісіліктің сәулесі бар. Бойындағы титтей де ұяты көрген Абай сөзбен қамшы басады оларға.

Демек, Күлембайдан тек орыс оязына жағынып, далақтап шапқан надан болыстың бейнесін ғана көру кеңестік танымның астарында қалуы керек. Ең алдымен, Күлембай болыс – Абайдың дос, сыйлас адамы. Сөз көтере алатын, сынынан нәтиже шығарар есті адамға арнағаны Абайдың өлеңін «дос жылатып айтадының» төңірегінде түсінсек оңды болар еді.

Алайда, дос-жаранға, көз көрген танысқа айтқан сөзі тым ащы, тым ауыр, екіншісі бірі көтеріп кете бере алмайды Абайдың айтқанын. Ақынның улы тілі еттен өтіп, сүйекті уатады. Кектескен жауға тілін безеу - бір басқа да, күнде қасында жүрген жанға бет шыдатпайтын шындықты айту - бір басқа. Соңғысының салмағы ауыр. Түңлікбай деген құрдасының жеңіл жүрісті әйеліне:

Сен шыққан жол үстіне жалғыз түп ши

Көрінген ит кетеді бір-бір сарып, - дегені - жай ғана қалжың емес, ұққан адамға елден бездіретін ауыр сөз. «Абралыға» деген арнауында:

Мен жасымнан көп көрдім

Мұсылман мен кәпірді

Абралыдай көрмедім

Намаз білмес пақырды, - дегеніне қарап, Абралыны дін білмес көп наданның санатына қосып жібердік. Ал, өлеңнің шығу тарихына бақсақ тіпті олай емес. Бір намазда құранның қиратын дұрыс оқымай, Абай соған шығарған. Ақиқатына келсек, Абралы сөзге шешен, ойға жүйрік адам болғандықтан, ел оны «Сары жорға» деп атаған. Бұл арада Абай сыны достық қалжыңның негізінде туған-ды. Сол сияқты

Жақсылық, Көжекбай дегендерге арнаған өлеңдері де шын достықтың ащы айғағы. Мәселен, Көжекбай Жамантайұлы (1847-1916) Тобықтыда Мамай, Еламан руынан, ел арасындағы сөз тасығыш, тұрақсыздығы үшін Абай оны «Кімнің жүгі биік болса, соған қарғып шыққан мысық» деп атаған да. Ұлжан бір себептермен Көжекбайға өкіл шеше болғандықтан, ол Ұлжан балаларына еркелік те еткен. Көжекбайдың інісі Тезекбаймен арасында жерге таласқан дау туып, малды, ауқатты Көжекбай інісіне өктемдік еткен екен. Көжекбай, әкеңнің алдында дауымды шешіп бер, - деп Мағауияның аңғалдығын пайдаланып, Абайдан жасырып, оған ел ішінде «Көк бурыл» деп аты шыққан бәйге атын сыйлап жібереді. Дау ұзаққырап бара жатқан соң Мағауия әкесінен даудың немен тынғанын сұрағанда, Абай:

- Көк бурылдың алдына сен, артында мен мінгесіп тұрғанымыз жоқ па? - деп қатты кейіп, істі әділіне, Тезекбайдың пайдасына шешіп беріпті деседі. Сөйтіп «нанымы жоқ, анты бар» Көжекбайлардың сазайын сөзбен ғана емес, іспен де тартқызып отырған.

«Рақымшалға», «Қатыны мен Масақбай», «Күйісбайға», «Дүйсенқұлға», «Разаққа», «Назарға», «Қыздарға» тағы басқа арнау өлеңдерінің кейіпкерлері Абаймен дос болған демесек те, әйтеуір кетіскен жау болмағаны белгілі. Мәселен, «Байлар жүр жиған малын қорғалатып» деп басталатын өлеңі «Абай жолынан» жақсы таныс Көкшенің биі Қаратай мен оның атшабары Үзікбай дегенге арналған деген дерек келтіреді ғалым Ә.Жиреншин [1,66 б]. Осыған қарап Абай мен Қаратай шешенді араз болды деудің реті жоқ. Сөз ұғар-ау деген кісінің бәрін Абай өлеңінің қаншенгеліне алады. «Құдайдан қорықпай, иман жүзін тоздырған» Көжекбай, «Күштілері сөз айтса, шыбындап бас изеген» Күлембай болыс, «Бүйтіп берген балаңды, берген құдай өзің ал» деп тентектігінен түңілген Рақымшал бала, әйелге жарымаған Дүйсенқұлға, Қайранбайға (Әйелің – Медет қызы, аты - Өрім), қолына біраз пұл біткенге мастанған Ғабидхан молданың ұлы Ғабидоллаға арналған сатиралық экспромттар, сықақ өлеңдер арқылы қазақ даласының сатиралық типтік

АБАЙТАНУ

бейнелері жасалды. Ғабидхан молданың баласы Ғабидолла деген саудамен айналысып, бойына біраз қоң біткеннен кейін асқақтап сөйлеп, «Абай, Абай дейсіңдер, сол Абайың кім өзі» дегенге дейін барған көрінеді. Соған арналған Абайдың «Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын» деп басталатын өлеңі бар. Ғабидолланың солай сөйлеп отырған бір мәжілісінде ақынның немересі, әрі улы тілді шәкірті Әубәкір отырып, әлгі пасыққа табан астында былай деген екен:

Ит ылықса, болып боқ,
Танымайды иесін.
Борбайыңды көтеріп,
Әр бұтаға сиесің.
Екі ені бар айғыр да
Таниды ғой биесін.
Тыныш жатқан кісіге
Өзің келіп тиесің [2, Б.298-299].

Бойында Абайдың бетке айтар турашылдығы бар Әубәкір паңсыған Ғабидолланы көп көзінше осылай тәубесіне түсірген екен. Мұның әкесі Ғабитхан молда жасында солдаттан қашып, Құнанбайды паналаған ғой. Өткір тілді Әубәкір «Ит ылықса болып боқ, танымайды иесін» деуі соны есіне салғаны.

Абаймен құрдас, қалжыңдаса беретін Қыздар Абайдың Еркежан үйіне кіргенін қалжың қып:

- Биыл үлкен үйге кірген соң тойып, түйініпсің ғой,- деген сәтсіз қалжыңына ыза болып Абай «Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкең» деп басталатын өлеңін шығарады. Бәкең – Қыздардың руы. Ағат кеткен Қыздар өзін маскара еткен өлеңді жалынып сұрап жыртып тастайды. Бізге жеткені ел есінде қалғаны ғана. Тұрағұлдың айтуынша «Болды да партия» деп басталатын өлеңі де - Қыздарға қатысты шыққан өлең. Абай мен Қыздар арасындағы аса сыйластық қарым-қатынас жайлы Абай туралы әңгімелерге құлағы қанық Н.Алдажаровтың естелік әңгімесінде егжей-тегжейлі жазылған [3, Б.87-89].

Абай сынынан оның жақын-туыстары да аман қалмады. Абайдың құдасы, кейіннен күйеу баласы Дүтбай Уандықұлына (1850-1915) арнаған өлеңі бар. Дүтбай алғашында Абайдың қызы Гүлбаданды інісі Дүйсекеге алып береді де, Дүйсеке қайтыс болған соң, әмеңгерлік жолымен Гүлбаданды өзі алады. Абай бұған

наразы болған көрінеді. Өйткені, біріншіден, Гүлбадан (1862-1932) - көп қазақ қызының бірі емес. Ділдәдан туған тұңғыш қызын Абай ер баладан кем қылмай қалада орысша оқытып, көзі ашық қазақ қыздарының бірі ретінде тәрбиелейді. Айта кету ләзім, Гүлбаданмен қоса ауылда қызы Райханды, Ысқақтың қызы Рахима, Ызғұттының қызы Хадишаларды тағы басқа ауыл қыздарын жинап, оқытуы - сахара еліне Абайдың әкелген жаңалығы еді. А б а й д ы н рұқсатын алмай келінінің үйіне кіріп алып, айыпты болып келген Дүтбайға алдарына ет келгенде Абай «бұрын бас ұстап, жамбас жейтін құда едің, енді ана төсіңді ұста» деген екен. «Бүксіп, бықсып аржағы» деген сөзімен Дүтбайдың осы бір болымсыз әрекетін дөп басқан ғой ақын.

Мұңды, жылмаң пішінін

Кезек киіп ел жиып, - жүрген екіжүздінің
«Сөзі мен өзі бөлініп» екі сөйлеген мінезін:

Құлық емес, бұл бір дерт,

Тұрлауы жоқ құбылып, - деп түйеді. Осыған қарап Дүтбайды осал деуге болмас. Көкбай ақын бір өлеңінде Дүтбай туралы «Дүтім кетсе, Көкшенің құты кетер» деп тегін айтпаса керек. Абай Қоңыр Көкшеде болыс болғанда қасына серіктікке Күлембай Бозамбайұлы, Жанатай Жамантайұлы (Көкбай ақынның әкесі), Нұрамбай Күлембайұлы, Дүтбай Уандықұлдарын алған екен. Демек, Абайдың Дүтбайға қарата айтқан сөзін – жанына ауыр тиер іс қылған жақын адамына реніш, өкпе арта сөйлегені деп түсіну керек.

Абай ағасы Тәкежанға да өлең арнаған деген деректі Ә.Жиреншин келтіріп, «Байсып, паңсып» деп басталатын өлеңді ақынның 1961 жылғы жинағына қосқан. Алайда, бұл өлең зерттеушілер тарапынан бірауызды қабылдана қоймаған соң, ақынның басқа жинақтарына енгізілмеді. Анығында өлең халық ақыны Төлеу Көбдікұлының Қойгелді деген болысқа арнаған өлеңі болуы мүмкін. Олай дейтініміз, ҚР ҰҒА-ның қолжазбалар қорында Абай жинағына енген 28 жолдық өлеңнің толық нұсқасы, дәлірек айтқанда 48 жолдан тұратын өлең Төлеу ақындыкі делініп сақталған [4]. Төлеу ақын Абай үлгісімен жазуы ықтимал бұл өлеңді.

Тәкежанға келсек, Құнанбай балаларының

АБАЙТАНУ

ішінде ол - адамгершілік жағынан осалдау туған перзенті. Тіпті құдасы Оразбайдың азғыруымен Абайға қарсы шыққан кездері де болған. Абай мен Тәкежанның арасы «Абай жолы» эпопеясында да шындықтан алыс кете қоймаған. Әйтсе де, Құнанбайдың екі баласы бірін-бірі көрместей өш болды деу әбестік. Тәкежан мен Абай арасындағы араздық атағы аспандаған інінің абыройын көре алмаған қытымыр ағаның кикілжіңінен әрі аспаған. Осы кикілжің ел арасындағы дауға келгенде бірде өршіп, бірде бітімін тауып жатқан. «Абай жолындағы» Тәкежан үйіне келгенде туған «Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай» өлеңінің шығу тарихы таза өмірден алынып, көркем шығармаға арқау болған.

Әкесі мен шешесі баланы аңдыр,
О да өзіндей ит болсын азғыр-азғыр.

Асын жөндеп іше алмай қысылады

Құрбысынан ұялып өңшең жалбыр,-
дегендегі әке мен шеше - Тәкежан мен Қаражан,
құрбысынан қысылып, алдындағы асын іше
алмай отырған - Дініслам деген немерелері.
Қазақ сатирасын зерттеуші Т.Қожекеев бұл
өлеңдерге: «Абайдың бұл өлеңдері түр жағынан
– сатиралық портреттік суреттемелер. Оларда

болыстардың, Тәкежан, Дүтбай және басқалардың іс-тіршілігі, жүріс-жорығы, жан дүние, психологиясы, келбет бейнесі ашылады»[5,269 б],- деген анықтама береді.

Демек, Абай арнауларының тарихи сипатын танып-білу сол өлеңді талдауға барар алғашқы да, басты соқпақ екенін естен шығармауымыз керек. Кемеңгер ақынның өлең арнаған адамын танып-біліп алмай, оның Абаймен арақатынасын ұғынбай жалпылық қалыпта Абай сөзіне баға беру, өлеңіне талдау жасау бекершілік екенін ұғынған абзал.

Әдебиет

1 Жиреншин Ә. Абай және орыстың ұлы революцияшыл демократтары. –Алматы: ҚМКӘБ, 1959. -266 б.

2 Мұхамедханұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері. 3-к. – Алматы: Дәуір, 1995, -320 б.

3 Алдажаров Н. Абай туралы әңгімелер // Жұлдыз, 1992, №1, 80-103 б.

4 ҚР ҒҰА ОҒКК, 688-бума, 1-дәптер.

5 Қожекеев Т. Сатира негіздері. -Алматы: Санат, 1996. -464 б.



ӘОЖ 957.4

А.ИСИН, тарих ғылымдарының кандидаты
Семей мемлекеттік педагогикалық институтының профессоры



ШЫҒАРМАЛАРЫН ШӘКӘРІМ ОҚЫҒАН ОСМАНЛЫ-ТҮРІК ТАРИХШЫЛАРЫ

Мақалада Шәкәрім дүниетанымы мен шығармашылығына әсер еткен шығыс ғалымдарының, оның ішінде османлы-түрік ғалымдары туралы сөз қозғалады. Автор Шәкәрім зерделеген шығыстық кітаптар, кітап авторлары туралы тарихи деректер келтіреді. Тарихшы-ғалым Шәкәрім шежіресінде аталып өтетін есімдер жайында нақты тарихи деректерге сүйене отырып талдау жасайды.

Шәкәрім Шығыс пен Батыс мәдениетіне қатар ден қоюмен шебер. Абай үлгісі. «Түрк, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі» кітабында Шәкәрім кітапты жазуда қолданған немесе оқып шыққан кейбір дерек көздерін атап өткені белгілі. Шәкәрім зерделеген шығыстық кітаптар, кітап авторлары туралы мағлұмат біздің халыққа жеткізілмеді, әлі күнге дейін бұл жөнінде зиялы қауымның білетіні мардымсыз.

Шәкәрім шежіресінде қадым жазуымен жазылған әйгілі бір есім де ұғылмай, басылымдарда әлі күнге дейін «Тибры» деп қате оқылып-жазылып жүргеніне не дерсің! Әлем тарихын ислам әлемінде ең толық көлемде жазып шығушы әйгілі автор ат-Табари (839-923) екенін кім ескеріп жатыр? Мұхаммед ат-Табаридің қысқартылған жылнамасының өзі 40 томдық басылым болып соңғы жылдары АҚШ-та ғана жарық көре алды [1].

Бұрын шығыс елдерінде де, батыс елдерінде де ықшамдалған нұсқалары ғана жарияланған болатын. Шәкәрім қазақ топырағында ат-Табари шығармасымен жақсы таныс бірден-бір адам болса керек.

Шәкәрім энциклопедиясында ресейлік ғалымдар Н.Аристов, В.Радлов туралы мәліметтерді кезіктірсеңіз, Шәкәрім дүниетанымы мен шығармашылығына әсер еткен шығыс ғалымдарының, оның ішінде османлы-түрік ғалымдары туралы еш дерек

келтірілмейді. Бұл, сол баяғы мәдени тамырларымызды шығыс халықтардың тұлғаларынсыз елестетудің, кезінде «темір тордың» ар жағындағы рухани әлемді де біржақты, өте бір шектеулі көлемде қарастырудың салдары. Сонда қалай болады? Ресей патшалығындағы Шәкәрім, Шәкәрім сияқты ғұламалар Осман патшалығындағы өз замандастарының шығармашылығына мән бермеген болып шығады ғой. Бұлайша ойлау шындықтан алыс жатқандығын ескертіп өткіміз келеді.

Шәкәрім осман кітаптарын Ыстамбұлда арнайы қарап, өзіне қажет мағлұмат пен білімді іздеп тапқан, сирек әрекет еткен жан. Бұл жайында «түрікшеге жетік» Шәкәрімнің «Мұтылғанның өмірінде» де, Ахат естелігінде де айтылады.

Осман патшалығында дәстүрлі шығыстық жылнамалар жазу үлгілерімен қоса ХІХ ғасырдың ортасынан бастап еуропалық деректер мен зерттеулерді қолдана бастаған оқымыстылар шығады. ХVІІ ғасыр басындағы Османлы тарихына жаңа деректер биігінен қараушы тарихшының бірі Хайрулла әпенді (1812-1866) болса, Атабей (1810-1880) «Ата тарихы» деп аталған бес томдық Османлы тарихын жазады. Мұстафа Нури паша (1824-1890) төрт томдық «Нетайжұл-вукуат» деген Османлы тарихын кезеңдерге бөліп жазып

ШӘКӘРІМТАНУ

шыққан. Үш бабтан тұрған бірінші томы 698/1299 -1003/1595 жылдар аралығын, екінші томы -1003/1595 -1099/1688 жж., үшінші томы – 1099/1688 – 1118/1774 жж., төртінші томы – 1118/1774 – 1257/1841 жылдар аралығындағы оқиғаларды қамтыған. Бұл маңызды тарих кітаптарының 1-томы 1877 ж., 2-3-томдары 1879 жж. жарық көріп, Шәкәрімнің Ыстамбұлда оқыған осман кітаптарының ішінде болуы әбден мүмкін. 4-томы Нури паша өлімінен соң көп жылдардан кейін, алдыңғы томдарының қайта жарық көруімен бірге 1909 жылы ғана басылып шыққан.

Шәкәрім өзі оқып шыққан кітаптарының ішінде «Тарих Ғышмани» («Тарих-и Османи»), «Тарих ғұмұми» деген еңбектердің аттары шежіре кітабында нақты көрсетілген.

«Тарих-и Османи» деп аталатын кітаптар Осман патшалығында әр жылдары, талай рет жарық көрген. Осы аттас шығармалардың ішінде XIX ғасырдағы түрік тарихнамасындағы ірі зерттеуді әйгілі мемлекет қайраткері, ойшыл, филолог, аудармашы және тарихшы Ахмет Вефик паша (1823-1891) жазған. Ол тарих ғылымы үлесіне «Хикмет-и тарих» (1863) және «Фезлеке-и Тарих-и Османи» («Османның толық тарихы») кітабын (1869) қалдырды. Вефик паша Әбілғазы ханның «Шежіре-и түркі» әйгілі кітабын шағатай тілінен осман тіліне аударған адам (1864). Ахмет Вефик паша дүниеден өткен соң оның сирек кітаптарға толы бай кітапханасы он жыл көлемінде сатылуда болған. Вефик пашаның тарихи көзқарастары соңғы жылдары түрік зерттеушісі Атилла Шахинер тарапынан зерттеліп отыр [2].

Осман тарихшылығының биік шыңдарының бірі – білімдар ғажап тұлға, тарихшы да хұққұшы, мемлекет қайраткері Ахмет Жевдет паша (1822-1895). Жевдет пашаның өмірі мен шығармашылығы туралы мол мағлұматты түрік зерттеушісі Осман Кескиоглу мақаласынан табамыз [3]. Оның 12-томдық «Тарих-и Жевдет» шығармасы жаңа замандағы Осман патшалығы тарихын, 1774-1853 жылдар аралығын баяндады. Белгілі дәрежеде бұл орасан зор еңбек Нури пашаның жазып қалдырған тарихының заңды жалғасы іспетті. Ахмет Жевдеттің қыруар рухани мұрасының ішінде оның есімін алыс

аймақтарға жайған он екі бөлімді екітомдық кітабы – «Қысас-и Әнбия ве теvarих-и Хулефа». Бұл - өткен замандар туралы әдемі жазылған тарих кітабы ретінде бүкіл әлемге танылған кітап. «Біржан-Сара» айтысында «Қисса-сул-Әнбияда көрмеп пе едің» дегендей, қазақ оқымыстылары арасына да тараған туынды.

XIX-XX ғасырлар шебінде «Тарих-и Османи» («Осман тарихы») деп аталған бірқатар кітаптар оқу орындарында оқулық есебінде қайталанып жарияланып тұрды. Мысалы, Абдулла Сабри (1893-94), Али Решат пен Али Сейди (1909), т.б. тарих кітаптары.

«Тарих ғұмұми» («Тарих-и Умұми») - қазақшалағанда «Жалпы тарих» деп аталатын бұл басылым туралы да шәкәрімтанушы ғалымдарымыз нақты ешнәрсені тарқатып айта алмай келді. Осы күнге дейін жарияланған Шәкәрім өмірбаяндарында, «Шәкәрім» энциклопедиясында бұл кітап жайында да, оның авторы туралы да еш дерек берілмеген.

«Тарих Умұми» көптомдық кітабын жазып, 1881-1883 жылдары жарыққа шығарушы автор – Мехмед Мурад бей (1854-1917).

Османлының тарихшы ғұламаларының ішінде Шәкәрім 1906 жылы Мекке сапарында болған кезде Ыстамбұлда тұрған Мехмет Мурадпен кездесуі мүмкін. Жақындастыратын ортақ сала – екеуіне де жақсы таныс Исмаил Ғаспралы қайраткерлігі, түркі баспасөзі, жалпытүркілік дүниетаным. Мехмед Мурадтың кең тараған аты-жөні – Мизаншы Мурад бей. Оның өз себебі бар.

Мизаншы Мурадтың өмірбаяны сан қилы оқиғаларға және өзгерістерге толы, тағдыры Ресей мұсылмандарымен тығыз байланыста. Дағыстанның Дарғын округінде Мұстафа қадир отбасында 1854 жылы дүниеге келеді. Әкесі Шәмил бастаған азаттық соғысына қатысып, сол үшін Белоруссиядағы Могилёв қаласында үш жылдан артық айдауда болып қайтқан. Имам Шәмилдің найыбы Ғажымұраттың жақын досы болғандықтан, баласына Ғажымурад деп ат қойыпты. 1864-1866 жылдары Мурад (кұжаттарында фамилиясы Амиров деп жазылған) төртсыныптық Темірханшура мектебін мерзімінен бұрын үздік бітіріп шығып, Ставрополь ерлер гимназиясына оқуға

ШӘКӘРІМТАНУ

жіберіледі. Өскін жасты Кавказ халықтарының тарихы мен салт-дәстүрі қызықтырады, ол өзінің алғаш этнографиялық суреттемесін жазады. Он тоғыз жасында, 1873 жылы Түркияға кетеді. Ұлы уәзір Мидхат пашаның қолдауымен Осман империясы Сыртқы істер министрлігіндегі Сыртқы баспа кеңсесіне қызметке алынады. 1876-1877 жылдары «Вақыт» («Уақыт») және «Иттихат» («Бірлік») газеттерінде мақалалар жариялауымен оның саясатқа араласуы басталады. Ілми молланың қызы Хасибе ханымға үйленеді. Азаматтық қызметкерлердің Жоғары мектебінде тарих пәнінен дәріс береді. 1880-1882 жылдары Ерлер педагогикалық институтында тарихтан оқытушы, ол қызметті сол оқу орнының мүдірі болып аяқтайды. Білім беру министрлігінде де қызмет етеді. Қайнаған қызмет ортасында, білімін шыңдап, тарих тақырыбына арналған кітаптарын жарыққа шығара бастайды. Міне, «Тарих Умуми» алты томдығы дәріс беріп, ғылыммен шұғылданған өнімді сол жылдары басылып шыққан. Мурад жазып шығарған тарих кітаптары өзі қызмет еткен оқу орындарында оқу құралдары ретінде қолданылады. 1885 жылы көптомдықтың ықшамдалған нұсқасы – «Мухтасар Тарих-и умуми» шығарылады.

1886 жылы Мурад «Мизан» («Таразы») газетін шығара бастайды. Сол жылдан бастап Мизаншы Мурад бей Осман патшалығының мемлекет саясатына ықпалды саясаткерлерінің біріне айналады. Бастапқыда сұлтан Абдул-Хамидтің өзі қолдау көрсеткен газет бара-бара ресми саясаттан алшақтайды, Мизаншы Мурад реформистік көзқарас танытады, сұлтан өкіметінің ішкі және сыртқы саясаты қатты сынға алынып тұрды. 1890 жылы газет жабылады. Мурад Мемлекеттік қарыздар комиссиясында істейді. 1895 жылы Мизаншы Мурад Севастополь, Киев, Вена арқылы Парижге келеді. Париждегі «Жаңа түріктердің» (французша аталуымен түрікше де «жөн түркілер» деп аталған саяси қозғалыс) «Иттихат ве теракки» («Бірлік пен прогресс») мүшелерімен де келісімге келе алмай, Мысырға кетіп, 1896 жылдың бірінші жартысында сонда «Мизан» газетін шығарып тұрды. Мизаншы Парижге оралғанда «Жөн түркілер» оны

қозғалыс басшысы ретінде мойындайды. Алайда, ол өз орталарындағы қарсыластарының сынына ұшырап, «Жаңа түріктер» қозғалысынан шығуға бел буады. 1897 жылы Мурад Стамбулға оралады.

1897-1908 жылдар аралығында Мизаншы Мурад бұрынғы тарих жазбаларын қайтадан реттеп, «Жалпы тарих» кітаптарын баспаға дайындау істерімен де шұғылданған тәрізді. Қырымтатар халқының ұлт-азаттық күресінің қайраткері, кеңес өкіметі тұсында «пантюркист» ретінде айыпталған А.Айвазов естелігінде: «Парижде «Мизан» газетін шығарған, конституциялық құрылымды талап еткен Кавказ тумасы, Петербургте жоғары білім алған белгілі «жаңатүрік» Мурад бей ХІХ ғасырдың дәл соңында Ресейге келді. Мурад бей Кавказды, Түркістанды, Башқұртстан мен Еділ бойын аралап шықты», - деп атап өтеді. Мизаншы Мурадтың тарих кітаптарының бір парасы да сол жолы оқымыстылар қолына түсуі мүмкін.

Дегенмен, Шәкәрімнің Мурад кітаптарын 1906 жылы Ыстамбулда оқуы, сол жақтан елге жіберуі қисынды. Ахат Құдайбердиевтің естелігінде Шәкәрімнің Түркиядан елге, Семейге салып жіберген кітаптары жайында айтылады. Салып жіберген кітаптары осман кітаптары екені еш күмән туғызбайды. Османлы басылымдарының бірқатары осы күнге дейін Семейдің мұражай қорларында сақтаулы. Қайсысы Шәкәрім арқылы қордаланды деген сұрақ та бұл күнде артық емес.

Османлы кітаптары Ресей патшалығы аймақтарына бірнеше жолмен тараған. Көбінесе – Осман елімен мәдени байланыстары дәстүрлі де мығым Қырым арқылы тарап отырды. Қазан арқылы Башқұртстан мен Қазақстан аймақтарына тарады. Кавказ, Орта Азия арқылы да таралуы болды. Қажылыққа барған оқымысты адамдар әкеліп таратты. Сауда арқылы, басқа жағдайлармен жетті.

Бұл күнде біздің қолымызда Мехмед Мурадтың Ыстамбулда, Дерсағадат баспасында 1328/1910 жылы шыққан «Тарих-и умуми» кітабы бар [4]. Бұл кітаптың түптеу парағында орысша: «Июль 1916 г. Книгу эту я привезла из Байбурта. Чья она? Где взял её санитар? Кто читал её когда-то? Е.Д.» - «Шілде, 1916 ж. Бұл

ШӘКӘРІМТАНУ

кітапты мен Байбурттен әкелдім. Кімдікі ол? Санитар мұны қайдан алды? Кім мұны қашан оқыған? Е.Д» - деп әйел адам ескертпе жазуларды қалдырған екен. Байбурт – Түркияның шығыс аймақтарында орналасқан қала, әлі күнге дейін әкімшілік орталықтың бірі. Бұл кітап брінші дүниежүзілік соғыстың куәгері сияқты. Иесі жарақаттан қайтыс болды ма екен? Бізге Кавказ арқылы, татар оқымыстылары арқылы жетуі мүмкін. Қалай да Семейге келіп жеткен.

Әрине, осман тарихнамасының ХІХ ғасырдағы европалық ғылыми танымының жетістіктерімен салыстырғанда кешеуілдеп дамығандығы бар. Бірақ мұнда Шәкәрімді шығыстық дәстүр мен рух, тарихи танымның ел аңыздарымен ұштасатын халықтық дәстүрі қазақтың да өткен замандар әңгімелерін шерту дәстүріне сәйкестігі қызықтырды. Шәкәрім қазақ тарихының тамыр-көздерін алыстан, ғұн заманынан іздеді. Мұстафа Нури, Ахмет Вефик,

Ахмет Жевдет, Мехмет Мурад сияқты османлы түрік ғұламаларының тарих тақырыбын қозғаған шығармаларына қазақ топырағында алғаш ден қоюшы адам – ұлттың рухани тірлігінің өз шеңберімен қалмай, кең тынысын қашан да сезе білген Шәкәрім екенін ескергеніміз абзал.

Әдебиет

1 The History of al-Tabari / Rosental, F., trans., Ehsan Yar-Shatar, ed. – State University of New York Press. 40 Vols., 1989-2007.

2 Юаһинер А. Ahmet Vefik paюa'nән tarih anlayәsә. – Erzurum, 2007.

3 Keskioplu O. Ahmet Cevdet Paюa hayatә ve eserlerә / Ankara Universitesi Dergiler Veritalani. Cilt. 14. 1966.

4 Мехмед Мурад. Тарих ғумуми. 5-т. – [Ыстанбұл], 1328 [1910]. [Араб әрпінде].



ШӘКӘРІМТАНУ

ӘОЖ 821.512.122

Д.СЕЙСЕНҰЛЫ, журналист, жазушы**Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты****ШӘКӘРІМНІҢ ӘН МҰРАСЫ ТУРАЛЫ**

«Нартұлга» сериясымен шыққан «Шәкәрім» кітабының авторы Д.Сейсенұлы ақынның сазгерлік өнері жайынан сыр шертеді. Арқа ән мектебінің көрнекті өнер қайраткері Шәкәрім Құдайбердіұлының музыкалық мұрасын тануда Ахат Құдайбердиев пен әнші, сазгерлердің пікірлерін салыстыра отырып зерттеу жүргізген.

Шәкәрім кажы - жетпіс үш жасында жолсыз жазаға ұшырап, өмірден жазықсыз аттанып кете бергенде артында өлмес, өшпес әдеби туындылары, философиялық трактаттарымен бірге мол ән мұрасы қалған адам. Бала Шәкәрімнің ұстаз ағасы Абайдың әсерімен өз желкенін көтеріп әдебиет айдынына, ғылым мұхитына қалай келгендігі туралы аз айтылып жүрген жоқ. Ал сол әкеден жастай жетім қалған қам көңіл жеткіншек ән әлеміне қалайша, қандай жағдайда бойлай бастап еді дегенде тағы да Ахат ақсақал айтып кеткен деректерге жүгінуге тура келеді.

Бұл мәселеде де Абай ағасы інісі Шәкәрімді қолтығынан демеп, қамқорлық танытқан. Шәкәрімнің жасынан домбыраға құмарлығын аңғарып қалған ол керей руынан шыққан атақты домбырашы Біткенбай деген адамды шақыртып алып, бұған күй үйретуді тапсырады. Сол Біткенбай бір жылдай Құдайберді ауылында болып, Шәкәрімге «Саймақтың сары өзені», «Ал-шағырдың ашты күйі», «Асан күйі», «Алабайрақ», «Кертолғау», «Ақсақ құлан» сынды тағы басқа көптеген күйлерді үйретеді. Соған қатты разы болған Шәкәрімнің шешесі Дәметкен күйші Біткенбайға көйлек, шапан кигізіп қана қоймай, сауынға бір сиыр айдатып, бір бесті ат мінгізіп қайтарған көрінеді.

Бозбала Шәкәрімнің енді бір кезекте қаршыға ұстап, құс баптап, мылтық асынып аңшылыққа

аңсары ауып кететіні бар. Солай дей тұрғанмен, ол бір жақсылыққа салынып, бір басқан ізін ғана шиырлай бермеген. Ахаттың айтуынша ол тіпті аңға шыққанда да оқитын, жазатын құралдарын ала жүрген. Оның сыртында ән мен күйге әуестігі арта түспесе, кемімеген. Ал Абай айналасынан әнші, күйші, жыршылардың ешқашан сейілмегені бүгінде баршамызға мәлім. Шәкәрімнің нағашылары да өнерге жақын болған. Сауықшыл ауылда тіпті скрипка ойналып жататын көрінеді. Шәкәрімнің қалаға барып, бір таныс орысына скрипка таңдатып сатып алып, содан скрипка ойнауды үйреніп қайтқанда жасы он жетіде екен.

«Гармонды бұрын үйренген Орынбасар Мырзатайұлы, Өтегелді Сеңгірбайұлы, Ысқақ Ырсайұлы сияқты әнші, әңгімеші, домбыра-гармоншы адамдарды жинап алып, қосылып музыка ойнайтын болады. Мен жас кезімде әкемнің мынадай ісін көрдім. Жоғарғы адамдар жиылып бірігармон, бірі скрипка, бірі домбыра тартып, кейбірі тісіне жуқа қағаз, не тарақ қойып ысқырып, Базарбай үлкен жез шіләпшінді оқтаумен ұрып даңғырлатып, бәрі қосылып ойнайтын», — деп еске алғанды кезінде Ахат ақсақал.

Осы кісінің айтуынша Шәкәрімнің 14 жасында алғаш шығарған әні «Қозы көш» екен. Заманында Абай ауылында Біржан сал да болыпты. Өнердің қас саңлағы бұл өңірге

ШӘКӘРІМТАНУ

көктем шыға келіпті. Сыйлы қонақты бұл шақта күйі кеткен қыстауға түсіруді жөн көрмеген хакім ақынның ұлы Ақылбай Тізесудың басына тездетіп үй тіктіріп, атағы алты алашқа белгілі әншіге мейлінше құрмет көрсетеді. Сонда жас Шәкәрім де үлкендердің қолына су құюмен бірге, өз өнерін де ортаға салуға жарап қалған тәрізді. Өйткені, Біржан сал Абай ауылынан аттанарда Шәкәрімнің «Қозы көшін» шырқапты деседі.

Кейіннен бұл ән Қиясбайдың «Қозы көші» атанып кеткен екен. Ал Мұханның «Абай жолында» аты аталатын Қодардың немересі болып келетін Қиясбайды Абайдың қаншалықты жақсы көріп, еркелеткені де аталмыш кітаптан баршамызға мәлім. Сол Қиясбай бірде Шәкәрімге келіп: «Аға, «Қозы көш» әніңізді маған бір бестіге сатыңызшы!» депті. Шәкәрім: «Ат алмай-ақ бердім!» — дейді. Содан ол ән Қиясбайдың «Қозы көші» аталып кете барады.

Шәкәрімнің 21 жасында «Жастық», «Кәрілік» деген тақырыптарда өлең жазып, оған ән шығарғанын айтып кеткен Ахат ақсақал. Кәрілік туралы өлеңіне байланысты Шәкәрімнің Абай ағасынан қатты сын еститіні өз алдына бір әңгіме, кімге болсын үлкен тағылым, үлкен тарих. Сол «Жастық» туралы ән мынадай жағдайда туған екен.

Семейге келіп, бір айдай жатып, скрипка тартуды бұрынғыдан да жақсырақ үйренген Шәкәрім енді елге бет алмай ма!.. Қасында жасы өзінен үш-төрт жас кіші Ақылбай болыпты. Екеуі Семейден ерте шығып, қаладан шыға берістегі Шағылдың белесіне келіп отырады. Семейден қоңыраудың соғылған, барабанның айғай-шуы, неше түрлі дыбыстар естіліп тұрады. Бұл қасындағы Ақылбайға: «Мына естіліп тұрған дыбыстардан, мына көктемнің ғажап көрінісінен бір ән менің ойыма оралып тұр», — дейді. Содан скрипкасын алып, аулақ барып отырады. Мұның «Жастық» туралы әні солайша өмірге келіпті.

Ахат бұл деректі әкесінің өз аузынан естисе, ал кейінде қажының қайсыбір әндерінің қандай жағдайда шыққанына тікелей өзі куә болған. Мәселен, бұл Шәкәрімнің «Жиырма үш жасымда», «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек»

және «Қорқыт, Қожа Хафиз түсіме енді де» деген өлеңдеріне қалай ән шығарғанын өз көзімен көрген. Оның алғашқысы туралы әңгімені Ахат төмендегі мазмұнда баяндайды.

«Бізбен өмірі бірге болып, туғандай болып кеткен Мажыра деген әжеміз болған. Біз ол кісіні «Әжірә» дейтінбіз. Бізбен бірге қыстайтын. Қыста Әжірәнің үйіне құдашасы келді. Оған еріп келген қыз-келіншектер, ауылдағы, басқа да ауылдан келген қыз-келіншектер, бозбалалар үйге лық толды. Олар ойын ойнап, ән салып думандатты. Әкей төр үйінде отырған. Әжірәнің үйімен әкей отырған үйдің орталығында зал ғана болатын. Бір кіргенімде әкей жазуын қойып, домбыра тартып отыр екен. Маған айтты: «Залдың, менің есігімді ашып қой, өлеңдеріңді айтындар, сендердің салған әндеріңнен әсер алып, мен бір жаңа ән шығарайын деп отырмын», — деді. Мен барып Қабышқа айттым. Қабыш бар есіктерді ашып, отырғандарға өлең айтқызды. Ескі-жаңа әндердің көбі айтылды. Домбырамен күйлер тартылды. Таң атқанша ойын-думан болды. Ертеңінде әкей «Жиырма үш жасымда» деп басталатын өлеңіне сол түнде шығарған әнін бізге үйретті».

Ахат міне солай дей келіп, іле кейінгі екі әннің шығу тарихына тоқталады.

«Бір күні «Үштас» деген таудың жотасына шығып отырдық. Бұл биіктің айналасындағы көрініс жазғытұры өте тамаша болады. Құз жартас, ағып жатқан өзен, тоғай, тоғайда сайраған бұлбұл, байғұз, үкі, көкек, сарала қаз дауыстары, таулар жаңғырығы, баулы сайдың жұпар иістері, бәрі адамның ойына-бойына тәтті сезім жүгірткендей әсер беретін көріністер. Әкей жазу жазып отырады. Мен өзенге барып, жуындым. Әлден уақытта қайттық. Жолда әкей дыбыстап, бір сарынды әуез айтып келе жатты. Үйге келдік. Әкей домбыра тартып отырды. Шай ішіп отырғанда әкей айтты: «Балам! Бүгін олжалы қайттық. Мен жаңа ән шығардым. Ол әнді жаратылыстың әнінен, бағанағы сайраған бұлбұл, шақырған көкек, таңдайын қаққан үкі, оларға қосылған таулар жаңғырығы, күрілдеп аққан өзен дауыстары, осылар қосылғанда жаратылыстың әні боп шықпай ма? — дей келіп, «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» деген

ШӘКӘРІМТАНУ

өлеңін жазып, әнін де шығарғанын айтып, маған үйретті.

1929 жылдың қараша айында мен халін біліп кайтайын деп, жайлаудағы жалғыз жатқан әкейге бардым. Екі күн қонған соң әкей екеуміз Байқошқардағы Кәрімқұлдікіне келдік. Байқошқарға қала боп орналасқан он шақты үй болатын. Әкей келген соң, бұрынғы әдеттерінше, ауылдың бар адамдары келді. Әкей әңгіме айтты, жазған өлеңдерін оқыды. Әкей екеуміз төр үйге қатар жаттық. Түнде әкей шам жағып, жазу жазды. Ерте оянып, домбыраға бір сарын тартты. Ел тұрып, шай ішкен соң, әкей түнде жазған «Қорқыт, Қожа Ғафиз түсіме енді де» деген өлеңін оқып, оған салған әнін айтып, бізге үйретті. Осылай шығарылған үш әнінің куәгері болдым.

Ерте кездегі бір әнін шығарған жайын былай дейді: «Абай екеуміз әңгімелесіп отырғанда, өлеңнің қанша буында жазылатынын айтыстық. Сонда, ең көбі 11 буын болады екен, 8-4 буынды да өлең жазылады екен. 10 буынға өлең жазылмайды екен. Мен үйге келіп 10 буынға өлшеп, өлең жаздым. Бірақ, өлеңнің 1-ші жолы мен 3-ші жолы, 2-ші жолы мен 4-ші жолы ұйқасатын болса да, оқығанда қара сөз болып кетті. Содан, әуреленіп жүріп, әнмен айтылуға келтірдім» — деген болатын. Мысалы, «Ажалсыз әскер» деген өлеңі болатын. Бұл өлеңі 1912 жылы «Қазақ айнасы» деген атпен басылып шыққан өлеңдер жинағына енді».

Шәкәрім шығармалары ақын ақталған 1988 жылы «Жалын» және «Жазушы» баспаларынан жеке-жеке кітап болып шыққаны мәлім. Ал оның әндер жинағы «Аманат» деген атпен келер, 1989 жылы «Өнер» баспасынан «Замана бұлбұлдары» деген сериямен жарық көрген болатын. Осы жинақты құрастырған, әндерді нотаға түсіріп, баспаға әзірлеген белгілі өнертанушы ғалым Талиға Бекқожина кітаптың алғы сөзінде былай дейді:

«1966 жылдың ақпан айында Қазақ ССР Ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының музыка бөліміне алпысты алқымдаған, ұзын бойлы, тіптік, қара торы кісі келді. Ол кезде бөлім бастығы академик А.Жұбанов еді. Екеуі шүйіркелесіп біраз әңгімелескеннен кейін Ахмет Қуанұлы

мені қасына шақырып: «Мына кісі белгілі ақын Шәкәрімнің баласы. Сен осы кісі айтқан әндерді жазып ал, ноталарының бір данасын маған, екіншісін мына отырған Ахат ағаңа бер», — деді. Сөйтіп, артына аса бай мұра қалдырған, ғажайып дарын иесі Шәкәрім Құдайбердиевтің әндерін нотаға түсіру бақыты менің үлесіме тиді.

Ахат Құдайбердиев композитордың он төрт әнін (13 әнін 1966 жылы, бір әнін 1968 жылы) магнитофон лентасына жаздырды. Мен олардың тональдік түрін сақтай отырып, нотаға түсірдім. М.Әуезов музейінде бұл әндерді пианинода ойнап, айтып бергенімде, Ахат ағай қатты толқып, көзіне жас алды. Ризашылық білдіріп, алғыс айтты. Ахат бұл әндерді Шәкәрімнің өзінен үйренген. Ол өзі де композитор болғандықтан, әндерді дәлме-дәл үйренгені даусыз. Сондықтан Ахат жаздырған үлгілерді негізгі нұсқа деуге келеді. Әрине, Шәкәрімнің өзінің шығыс нота жазуымен қағаз бетіне түсірген қолжазбасы табылса, сөз басқаша болмақ».

Өкінішке қарай, Шәкәрімнің әдеби мол мұрасының бір бөлігі де, шығыс нотасымен жазылған әндерінің қолжазбасы да күні бүгінге дейін табылмай келеді. Бірақ, қалай десек те, сталиндік империяның тоңы әлі жібіп болмаған ана заманда Ахат пен Ахметтің ештеңеден тайсалмай Шәкәрімнің ән мұрасына үлкен қамқорлық танытуын азаматтық іс демеске болмайды. Осы жинақтың келесі тарауында Талиға апайымыз Ахат айтқан деректерге сүйене отырып, сазгер Шәкәрімнің шығармашылығына кеңінен талдау жасаған. Бізге сонын бәрін қайталап айтып шығу шарт емес. Десе де, осы әндер жинағы жарыққа шыққаннан бергі 17 жылда қайтадан басылмағандықтан мұндағы кейбір деректерді қайта жаңғыртып жатсақ, еш артықтық етпес.

«Шәкәрім әндерінде қазақ өлеңдеріне тән 6-7-8-11 буынды өлеңдер шумағымен қатар 9-10-12 буынды өлең жолдары жеке шумақ ретінде немесе бір шумақ өлең ішінде кездесіп келіп отырады. Осыған байланысты әуеннің ауқымы созылып, яки қысқарып бұрынғы қазақ әндері формасынан мүлдем өзгеше, жаңашыл болып шығады. Шәкәрім шығармаларында қазақ

ШӘКӘРІМТАНУ

әндеріне тән дәстүрлі ай, ей, ахау, ой, сәулем т.б. секілді қосымша сөздер кезікпейді, әуен мен өлең әрқашан бір-біріне дәлме-дәл келіп үйлесіп тұрады», — дейді өнер зерттеушісі.

Бұдан арғы жерде ол Шәкәрімнің әндерін алғаш рет нотаға түсірген голландтық Альвин Эрнестович Бимбоэс екендігін айтады. Ол 1919-1922 жылдар аралығында Ақмола политотделінде инструкторлық қызмет атқара жүріп, қазақ әндерін нотаға түсірумен шұғылданыпты. Соның нәтижесінде 1926 жылы Н.Ф.Финдейзеннің редакциялауымен шыққан «Музыкалық этнография» жинағына Бимбоэстің қазақ музыкасы туралы жазған көлемді мақаласына қоса қазақтың 25 әнінің нотасы басылады. Осы жинақта Шәкәрімнің екі әні жарық көріпті. Бірақ, екі әннің де өлеңі нота астына жазылмаған, тек орыс тілінде мазмұны ғана берілген. Талиға апайдың айтуынша бұл әндер екінші рет өнертану ғылымының докторы, профессор В.П.Дернованың құрастыруымен 1967 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан «Қазақстанның халық музыкасы» жинағында басылған. Жинақтағы әндердің түпнұсқасын Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының аға оқытушысы З.А.Визель атақты композитор А.К.Глазуновтың Ленинград қаласындағы архивінен алған көрінеді. Тағы бір дерек Шәкәрімнің «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» деген әні А.В.Затаевичтің 1931 жылы жарық көрген «Қазақ халқының 500 әні мен күйі» атты жинағына «Шәкәрім Құдайбердин әні» деген атпен енгендігін айғақтайды.

Шәкәрімнің бір әні «Жастар» (Қазақ пионерлерінің әні) деген атпен «Пионерская правда» газетінің 1929 жылғы 18 мамыр нөмірінде жариялағанын, оның жаңа тексін халқымыздың аяулы ақыны Ілияс Жансүгіровтің жазғанын, Шәкәрімнің бұл әні сол шақта республика көлеміне түгел тарап, әсіресе, студент жастар арасында хормен де, жеке де және түрлі аспаптардан құрылған оркестрмен де орындалғанын осы жинақтан табасыз.

«Шәкәрім әндері қазақ совет композиторларының шығармаларына да арқау болды. Жұбановтың «Абай» сюитасының бірінші бөліміне, А.Жұбанов пен Л.Хамидидің

«Абай» операсындағы Айдардың ариозосына, Айдар мен Ажардың дуэтіне композитордың шығармалары пайдаланылды. Ақын поэмаларының сюжеті қазақ совет ақын-жазушыларының, композиторларының шығармашы-лығынан кең орын алған. «Қалқаман-Мамыр» балетіне (либероттосы М.Эуезовтікі, музыкасы В.Великановтікі, Абай атындағы Қазақ мемлекеттік опера және балет театрында 1938 жылы қойылды), «Қалқаман-Мамыр» пьесасына (авторы Б.Тышқанбаев, Қытайда Құлжа қаласында 1947 жылы қойылды), «Еңлік-Кебек» операсына (либероттосы С.Жиенбаевтікі, музыкасы Ғ.Жұбановтікі) Абай атындағы опера және балет театрында 1975 жылы қойылды) Шәкәрім шығармалары арқау болды», — дейді жинақтың құрастырушы авторы.

Аталмыш жинақта өнер институтына Ахат табыстаған әндермен бірге, Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының фольклорлық лабораториясы қорынан алынған Шәкәрімнің басқа да әндері енгізілген. Бұл әндерді осы фольклорлық лаборатория жіберген экспедиция мүшелері 1965 жылы бұрынғы Семей облысының Абай ауданында тұратын Қабыш Кәрімқұловтан Шәкәрімнің 10 әнін магнитофон лентасына жазып алған көрінеді Оларды музыка зерттеушісі Асқан Серікбаева 1968 жылы нотаға түсірген.

Енді қырық жылдай саналы ғұмырын Семейде өткізген белгілі сазгер Теміржан Базарбаевтың осыған орай айтылған сөзіне құлақ түріп көрелік. «...Мен 1959-1960 жылдары Алматы консерваториясының фольклорлық лабораториясында лаборант болып істегенім бар. Ол кезде Шәкәрім ақын әлі ақталмаған кез. Сонда менің қолыма композитордың бірталай әндері түсіп еді. Атын сырттай естіп, қанық болып жүрген Шәкәрімнің әндерін тауып алу, оның үстіне өз қолыммен нотаға түсіру керемет бақыт тәрізденді. Оның ішінде «Қорқыттың сарыны», «Мұтылғанның өмірі», «Еңлік-Кебек», «Ләйлі-Мәжнүн» тағы басқа ән саздары болды. Осы лабораторияда отырып, күндіз-түні жұмыс істеп, біз жинақтаған осы әндерді болашақ жинақ етіп дайындап, Қазақ ССР Ғылым

ШӘКӘРІМТАНУ

академиясының қорына өткіздік. Одан бері де талай уақыттың жүзі болды. Шәкәрім ақталып жарыққа шықты. Бірақ осы бір ән жинағы неге екені белгісіз әлі күнге дейін баспадан шыққан жоқ. Тек ара-тұра кейбір жеке еңбектердің ішінен сол біз дайындап берген бірен-саран әндерін ғана көргенім бар. «Аманат» жинағына қарай отырып, сол бір студенттік шақтағы лабораторияда отырып 600-дей әндерді нотаға түсіргенім, Шәкәрім әндерімен алғаш танысқан күндерім еске оралады», - дейді Темкең.

Демек, Шәкәрім әндері консерваторияның фольклорлық лабораториясында бұрыннан жинақталған. Мүмкін Ахат әкесінің әндерін алдымен осында өткізген болар. Сондықтан бұл арада ананың сөзі өтірік, мынанікі шындық деуге келмейді. Қалай болғанда да сол заманның өзінде Шәкәрім артында қалған ән мұрасына әркімнің тарапынан шамашарқынша қамқорлық болған секілді ғой.

Жоғарыда есімі аталған Теміржан ағамыз биылғы 2006 жылдың қысында жасы жетпістен енді асқан шағында өмірден аттанып кетті. Сол Темкең республикалық «Абай» журналының 1994 жылғы 9 санында жарияланған «Сахараның ұлы сазгері» атты мақаласында Абай әндерін орыстың ұлы сазгерлері - Чайковский, ал Шәкәрім әндерін Мусоргский шығармаларымен теңестіріпті. Басқанын алдында бас иіп, өзіміздің асылдарымызды соларға теңестіріп жату кешегі кеңестік дәуірден қалған үрдіс десек те, бұл арада Темкеңді жазғырудың жөні жоқ. Өйткені, ол кісі «біледі, білген соң айтып отыр».

«Абай атамның «Татьянаның хаты» әнінің «ол кезде бала едім мен» деген жерінің қалықтап келетін әуені Чайковскийдің «Аққулар көлінің» кіріспесінің ең басында түп-тура айнымай қайталаанады. Бұл қалай?» деп танданбасқа лаж жоқ. Қай жерде жүріп Абай атамның «Аққулар көлі» балетін көрді екен?.. Меніңше, бұл адамдардың ән творчествосының, музыкалық таным биігінің ұқсастығы, тең түрдегі талант қуатында, қайнарында жатыр», - дейді Темкең.

Әйгілі сазгер енді Шәкәрімді орыс композиторы Мусоргскиймен салыстыра келіп, қажы әндері де қай ұлттың адамдары болмасын бірден қабылдай алатындай аса терең, әрі

дыбыстары анық келеді. Ән музыкасы сізбен ауызша сөйлесіп тұрғандай әсерге бөлейді дейді. Бұдан әріде Темкең Шәкәрімнің ән мұрасының Мусоргскиймен бірге, бүкіл дүние жүзі жаңашыл, новатор деп мойындаған орыстың екінші бір ұлы сазгері Прокофьевтің шығармаларына ұқсастығын дәлелдеп бағады. Соны және дерекпен айғақтайды. Шындығында да, Шәкәрім әндері шығыс сарынымен бірге, Еуропалық әндерге тән өзіндік ерекшеліктерден кенде емес. Теміржанның Шәкәрімді интернационалдық композитордейтіні де сондықтан болса керек.

Кәсіпқой сазгер ретінде ол Шәкәрім шығармаларына бойлап барып, тереңталдау жасай білген. Және мұнымен де шек-телмей, оның 17 әнін нотаға түсіруге уақыт таба білген. Шәкәрім әндерінің дұрыс нұсқасы осы шығар деген ойдамыз.

Әрине, бұдан осы мәселеде басқаның пікірі мен еңбегінің керегі жоқ деген ұғым тумауы тиіс. Мәселен, жасының кішілігіне қарамастан Шәкәрімнің ұлы Ахатпен ширек ғасырдан уақыт сырлас, дос-жар бола білген семейлік сазгер-журналист Арғынбек Ахметжановтың да қажы әндерінің шығу тарихы туралы айтары бар. Бұл кісі де Шәкәрімнің көптеген әндерін Ахаттың өз аузынан естіп, магнитофон таспасына жазып алған. Онымен де шектелмей нотаға түсірген. Арғынбектің айтуынша Шәкәрімнің отызға жуық әні бар көрінеді. Бұл ағамыздың қазір де соны өз алдына кітап етіп жарыққа шығаруға талаптанып жүргені де құптарлық іс деп білеміз.

* * *

Семейде Келденбай Өлмесеков деген әнші бар. Бұл өзі кешегі Жүсекеңнің, Жүсіпбек Елебековтың шәкірті. Сонау сексенінші жылдардың басында алғаш өткен әншілердің Әміре Қашаубаев атындағы республикалық байқауының жеңімпазы. Бүгінде Шәкәрім әндерінің тек Семейде ғана емес, бүкіл еліміз бойынша бірден бір насихатшысы осы азамат десек артық айтқандық болмас.

Сол Келденбай қажының «Жастық туралы» деген әнін осыдан ширек ғасырдан астам уақыт бұрын Шыңғыстаудағы абыз ақын Шәкір Әбенөвтен үйренеді. «Жидебайға да алғаш рет сол шақта бардым, - дейді ол, - осындағы ақын

ШӘКӘРІМТАНУ

мұражайының қызметкері бізге Абайдың зират-ескерткішін көрсетіп, таныстырып болған соң: «Анау жатқан Шәкәрімнің моласы, барып көреміз десеңіздер өздеріңіз біліңіздер» деді. Міне, әбден зәрезап болып қорқып қалған халықпыз ғой, сол себептен де ол заманда Шәкәрімге деген көзқарас осындай еді».

Келденбай қай сөзді қандай жағдайда болмасын бұрмаламай ашық айтатын жігіт. «Қажы әндерін жиырма жылға жуық уақыт бойы насихаттап келе жатсам да бірден Шәкәрімшіл болдым деп айта алмаймын» - дейді ол. Ақынның ұлы Ахат 1984 жылы 84 жасында өмірден озғаны белгілі. Содан бір жыл бұрын ба екен, бір отырыста бұл Шәкәрімнің «Жастық туралы» әнін Абайдың жас кезінде шығарған әні екен деп орындап жібереді. Ал үлкендер жағы бұл әннің кімдікі екендігін біліп отырса да үндемейді. Тек отырыс аяқталып, қонақтар үйді-үйіне тарқай бастағанда, Ахат ақсақал бұған мені үйге шығарып салшы дейді.

Содан Келденбай ақсақалдың өтінішімен үлкен кісінің үйіне кіреді, жайланып отырып, бірге шай да ішеді. Сөз арасында Ахат бұдан бағана орындаған әннің шындығында кімдікі екенін білемісін деп сұрайды. «Неге білмеймін, білемін. Ол ән сіздің әкеңіздің, Шәкәрімнің әні» дейді бұл. Осы сөзден кейін толқып кеткен ақсақал көзі жасаурай отырып, әкесінің басқа әндерін орындапты. Шыны керек, жасы келіп қалған қарт адамның орындауындағы ән әуендері мені өзіне сонша тартпады ма, жоқ әлде сан жылдар бойы сананы билеп алған қорқыныштан арыла алмадым ба, болмаса онсыз да репертуарымда 200-ден астам ән бар деген алкеуде жастықтың әсері ме, Ахат ақсақалға содан кейін қайыра оралған жоқпын»-дейді Келденбай бүгінде өкінішпен бармақ тістей отырып.

Ал жылдар болса жылжып өтіп жатты. Сөйтіп жүргенде елім деген ер азаматтардың жүрегін егілткен 1986 жылдың желтоқсан оқиғасы болып өтті. Мұның сырлас жақын ағаларының бірі, Абай мұражайының шырақшысы Төкен Ибрагимов қыстың қыраулы күндерінде үйіне сыймай, саяжайында саяқ жатыр екен. Кеудесін намыс кернеген Келденбай сол ағасымен сыр бөліскенше асыққан. Бірақ

Төкен мұның аптыққан көңілін басып, тіпті саясатта сенің нең бар деп ұрсып тастаған. Онымен де шектелмей, менде Шәкәрім әндерінің таспалары бар, одан да сен соны үйрен деген және көп ұзатпай-ақ әлгі әндерді бұған тындатады.

Бұған дейін кейінгі қалың жұртшылыққа белгісіз Шәкәрім әндері ескі магнитофон таспасына Ахат, Қабыш, Ниязбек ақсақалдардың орындауында жазылыпты. Ахатты ақынның баласы ретінде білеміз, ал соңғы екеуі кім дегенге келетін болсақ, бұл кісілер де тегін жандар емес. Айталық, Қабыштың әкесі Кәрімқұл қажымен ұзақ жыл дос-жар болған кісі. Шәкәрім сонау 1931 жылдың күзінде жолсыз жазаға ұшырап опат болғанда жанын шүберекке түйіп ГПУ-дің содырлы сойқандарының енді не істегелі жатқандығын жеткіншек ұлы Қабышқа андытып қоятын осы Кәрімқұл. Қажының сүйегі құдыққа көмілгені солайша нақтыланған.

Ал Ниязбек болса Шәкәрімнің туыстас інісі, әрі әнші серігі Әбдіғали Алдажаровтың үлкен ұлы. Қажының өмірінің соңында оған «Сәлем де Әбдіғали бауырым, жалғызға» деп әнмен сәлем жолдауы бекерден бекер болмаса керек. Ниязбек те білім, өнерден кенде болмаған. Жуан атаның ұрпағы ретінде қуғын-сүргінді де аз көрмеген. Сөйте жүріп көркемөнерпаздардың Бүкілодақтың фестивалінің лауреаты атанған, 1979-1984 жылдар аралығында Жидебайдағы Абай мұражайын басқарған.

Бір сөзбен айтқанда мұның үшеуі де Шәкәрім әндерін жетік біледі. Бірақ, магнитофондағы он шақты әннің бәрінің жазылу сапасы жақсы деуге келмейді. Өйткені, оның көбі біріншіден далада жазылған. Екіншіден, ән жазылып жатқан шақта, шындығы керек, біреу сөйлеп, екінші біреу түкірініп, қақырынып дегендей тәртіп сақталмаған. Осындай себептермен ондағы әндерді қаншалықты тазалағанмен Келденбай әзірге соның ішінен төртеуін орындау мүмкіндігін иеленген. Ол — «Анадан алғаш туғанда», «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек», «Зағипа» және «Қалмақ қызының әні». Мұның соңғысын қайсыбіреулер халық әні дейді. Ал Ырғызбай әулетінің келіні Сарқыт ана болса мұны қажы атаның өзі әні дейтін көрінеді.

ШӘКӘРІМТАНУ

Содан қойшы, қайта құру, жариялылық кезеңі деп ат тағылып, айдар қойылған заманда, нақтылап айтсақ 1988 жылдың жазында Шәкәрім мұрасы тұтасымен болмаса да ақталды. Халқымыз ұзақ жылдар бойы аңсай күткен бұл оқиға қажының туғанына 130 жыл толуымен тұспа-тұс келді. Соның бәрі Абай елінде, Қарауылда жылына бір айналып келетін шопандардың төл тойымен бірге кеңінен аталып өтілді. Ол заманда, әрине соған да шүкір дедік.

Сол мерейтой үстінде Шәкәрім әндерін екі-ақ адам — жоғарыда есімі аталған Ниязбек пен Келденбай ғана орындады. Ал басқа әншілер орындамайық деген жоқ, қажы әндерін әлі біле қоймайтын. Тіпті, Абай елінің тумасы, жезтаңдай әнші Жәнібек Кәрменовтің өзі қалың жұртшылықтың қолқалауымен сахнаға бірнеше мәрте шыққанымен Шәкәрім әндерінен тым болмаса біреуін айтпады. Өкінішке қарай, жоғарыда есімі аталған Ниязбек ақсақал болса сол жылдың күзінде өмірден аттанып жүре берді.

Ал біз Жәнібек екеуіміз осы тойдан кейін отбасымызбен Алакөлге демалуға тартып кеттік. Келденбай да бізге ерді. Бұған менімен бірге, әсіресе Жәнібек ерекше қуанды. Өйткені, ол бұл шақта есімі елге кеңінен танылып үлгергеніне қарамастан Шәкәрім әндерін Келденбайдан үйренуге еш арланбады. Оған өзіміз де куә болдық. Бір сөзбен айтқанда Алакөлдегі күндер бәріміздің есімізде қалар мәнді де сәнді сапарға айналды.

Сол жылдың күзінде біз Алматыға қоныс аудардық. Іле осы шақта Алматыдағы «Жалын» баспасынан белгілі ғалым-жазушы Мұхтар Мағауиннің құрастыруымен «Жолсыз жаза» деген атпен Шәкәрімнің жыр жинағы жарық көрді. Бояуы кеппеген сол жинақты бізге Жәкең тарту еткен. Алғашқы бетіне қажыға арнаған толғауын жазуды да ұмытпапты. Мұның өзі сан қырлы талант иесінің бабасына деген шексіз құрметін айғақтаса керек. Шексіз құрмет демекші, Жәнібек мұнымен де шектелмей осыдан бір жарым жылдай уақыт өткен соң дүниеге келген кенже ұлына қажының есімін берген. 15 жасар сол Шәкәрім былтырғы жылы Семейде өткен оқушылардың республикалық дәстүрлі Абай-Шәкәрім поэзиясы күндерінде

ғұлама бабаларының әндерін нақышына келтіріп орындағаны үшін бас жүлдені иеленген-ді. Орнында бар оналар деген, міне осы.

Халқымыздың кешегі дүлдүл әншісі Мәдениет Ешекеев те, Жәнібек Кәрменов те, мен де Жүсекеңнің шәкіртіміз. Солай дей өзі. Соны бұрынғыдай теледидардан емес, көзбен көргеннің де жөні бөлек екен. Сөйтіп, Алакөл сапарынан көп нәрсені көңіліме түйіп қайттым.

Келденбай солай дейді. Солай дей отырып, Төкен ағасы бір кезде Абай әндерінен лекция-концерт оқы деп тіпті соның сценарийіне дейін жазып бергенде оған жүрегі дауаламағанын жасырмаған. Бірақ, Алакөл сапарынан, яғни Жәнібек тағылымынан соң Төкенге енді Шәкәрім тақырыбына сце-нарий жазып берші деп өзі қолқа салған. Солайша тоқсаныншы жылдардың басынан Шәкәрімнің ән мұрасының бірден-бір насихатшысына айналған.

Осы тұста қайсыбіреулердің тарапынан Келденбай қажының кей әндерін бұрмалап жүр деген сыпсың сөз шыққаны да рас. Ол кезде жасы тоқсандағы Шәкердің көзі тірі болатын. Намысқа тырысқан Келдекең салып ұрып абыз ақынға бармай ма!

Ол болса Шәкәрімнен не білесің, айт демей ме! Бұл қажының өзі білетін он шақты әнінің бәрін айтады. Сонда Шәкір: «Әр әннің үш авторы болады. Яғни, олар - сазгер, ақын, әнші болып жалғасып жатады. Сол үшеуінде үш түрлі сезім, үш түрлі жүрек бар. Ал үш жүректің бірдей соғуы мүмкін емес. Сол себептен әншіні орынсыз жазғырудың жөні жоқ. Бұл әндер мен естігенде осылайша айтылатын. Ал сәл өзгешеліктер болса оны саған дейін айтушылар өңдеді ме, сен өңдедің бе, білмеймін. Тіпті, білгім де келмейді» деген екен.

Келденбай осылайша Шәкір ақынның батасын алғанмен онымен де шектелмей Қарауылдағы қарттардың басын қостыртып, олардың сын тезінен және өтеді. Әлгі сыпсың сөз осыдан кейін сап басылған көрінеді.

Біз әңгіме соңында Келденбайға Шәкәрімде неше ән болған, ел ішінен қай әнін үйрендің, болмаса өзің кімдерге үйретіп жүрсін деген мазмұнда сұрақ қойған едік.

Әнші біздің сұрағымызға орай өзінің ел ішіне

ШӘКӘРІМТАНУ

жиі шығып тұратынын, бірақ ірі-ірі қалалардан әрі ауыл-ауылға баруға қалтасы көтермейтінін айтқан. Көбіне Шәкәрім тақырыбына арналған лекция-концерттерін мектептерде екі тілде өткізетін көрінеді. Ана бір жылы Шұбартау жағына барған. Шәкәрімнің ұлы Зияттың әйелінің сонда тұратын сіңілісінен қажының «Кейіме кәрі жан көңілің тозғанға» деген бір әнін үйреніпті. Ал Павлодар жағында Шәкәрім дастандарын қажының өз әуенімен айтатын бір полиция подполковнигі бар екен. Онымен кездесудің сәті түспепті. Бұл өзі «Дубровский» дастанының әуенін ғана біледі. Осындайда, шіркін қажы дастандарын халық алдында өз әуендерімен айтатындар қайтадан көбейіп жатса ғой дейсің! Бірақ, өкінішке қарай, ол тек арманға айналып тұр ғой.

Келденбай осылай дей келіп, көңіліндегі ренішін де жасырмаған. Мәселен, бұл Алматыдағы консерватория басшыларына барып, сіздерден маған ештеңе керегі жоқ, тек шәкірттеріңіз менен Шәкәрім әндерін үйреніп

қалсын десе, ешқайсысы қозғала қоймапты. Оны айтасыз, Семейдегі саз колледжі мен Қарауылдағы саз мектебі де осындай мақсатпен талпынып отырғаны байқалмайды.

Осы орайда, мұның өз басы талапкер жас әнші Еркін Шүкімановқа дән риза. Сол Еркін бұдан қажының он шақты әнінің бәрін үйреніпті. Қазір қажының және 7-8 әнін дайындап жүрмін. Соны менен басқалар үйреніп жатса нұр үстіне нұр емес пе дейді әнші. Іле ол Шәкәрімнің алда тақай түсіп келе жатқан 150 жылдық мерейтойы қарсаңында оның әндерін орындаушылар арасында конкурс өткізілетін болса, соған қатысатын әншілер өте аз болып қала ма деп күрсінген.

Бұл енді қауіп еткеннен кейін де айтып жатқан шығар. Бірақ, өкінішке қарай, әзірге шындық осындай. Ал дүбірлі тойға дейінгі арадағы екі жылда бұл мәселеде жағдай өзгеріп жатса оған қуанбасақ, кім ренжиді! Солай болғай да!



ӘОЖ 821.512.122

Г.ӘПЕЕВА, филология ғылымдарының кандидаты
Семей мемлекеттік педагогикалық институтының доценті



ШӘКӘРІМ ПОЭМАЛАРЫНЫҢ СТИЛЬДІК ҚЫРЛАРЫ МЕН БЕЙНЕЛІЛІК СИПАТЫ

Мақала Шәкәрім поэмаларының даралық сипатына арналған. Ақын поэмаларындағы заман суреті, сыншылдық, романтикалық сарындар, философиялық толғам, көркемдік ерекшеліктер мен бейнелілік мәселелері сөз етіледі. Ақын дастандарының мазмұндық баяндалуы, сол мазмұнға философиялық мән беруі, мазмұн мен ой бірлігін көркемдік тұрғыда өрнектеу жолдары да сарапқа түскен.

Шәкәрім Құдайбердіұлы – өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан, дара шығармашылық мәнері бар, көркем стиль иесі. Оның әр жылдарда жазылған «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ пен Айсұлу», «Ләйлі-Мәжнүн», «Дубровский әңгімесі», «Боран» поэмаларының тақырыптық-идеялық мазмұны, ондағы баяндау-суреттеу тәсілі, портрет пен пейзаж, диалог пен монологтың қолданылу барысы ақын стилін айқын ажыратуға мүмкіндік береді. Ақынның дара шығармашылық бетін бағдарлататын басты белгінің бірі оның шығармаларының тақырыптық-идеялық арнасы. Аталған поэмаларына махаббат мәселесін тақырып қылып алған ақын екі жастың қосылуына өз көлеңкесін түсіріп баққан кедергілерді, орта әрекетін, салт пен сананы, әдет-ғұрыпты сөз етеді. Бас бостандығы мен махаббаты аяқ асты болған жекенің шарасыз күйі мен дәрменсіз тағдыры, қауқарсыз қалпы бүкіл адамзаттық, қоғамдық мәселе ретінде бой көрсетеді. Бірақ әр шығарманың өз айтары бар. Оқиғаның басталуы мен аяқталуында да өзгешеліктер көп-ақ. Сонысымен де, олар бірін-бірі толықтыра түсіп, Шәкәрімнің поэма жанрындағы өзіндік ерекшелігін түзген. Мәселен, Қалқаман мен Мамырдың қосылуына кедергі - ата дәстүр, жеті атаға дейін қыз алыспау деген санаға сіңген ұғым, Еңлік пен Кебекке тосқауыл - атастыру

салты, Нартайлақ пен Айсұлудың қосылуына қыз ағасының өгейлігі себепкер, «Ләйлі-Мәжнүн» мен «Боранда» қыз ата-анасының жігітті қомсынып бәлсінуі оқиғаға мұрындық болған. Ал «Дубровский әңгімесінде» жігіт ата жауының қызына ғашық, өз байлығының буына мастанған әкенің жалаңаяқ қарақшыға қызын қоса қоймасы хақ. Ақын аталған мәселелерді жырға арқау етуде сан қилы тағдыр иелерін, олардың әрекетін алға тартады.

Шығармада ақын идеясын жүзеге асырып, оның тілек-мақсатының оқырман жадынан орын тебуіне ықпал жасайтын-бейне, образ. Шәкәрім образдары - өзіне тән ерекшелігімен, даралығымен ұлы көштің алғы легінде ғасырлардан ғасырларға жете беретін мәңгілік тұлғалар. Тарихи тұлға екендігін ескермегеннің өзінде, олар ақын бейнелеуінде де дара сипатымен таңбаланған. Шәкәрімнің кейіпкеріне арнаған бір-екі ауыз сөзінің өзі-ақ татымды шығып, оның біртұтас бейнесін тұлғаландырып шығады. «Әрі сұлу, әрі есті, еркекшора» дегенде қазақтың ақылына көркі сай аруы елестейді. Ал оның «еркекшора» болуы шығарманың идеялық негізін құраған. Себебі, Мамыр ұл есебінде жүргендіктен де, сол уақытқа дейін айттырылмаған. Шәкәрім кейіпкерлерінің сырт бейнесін бұлай суреттегенде, оның алдағы оқиғаға бір қатысы бар екендігі байқалып тұрады. Көкенайды «өзі

ШӘКӘРІМТАНУ

батыр, мінезі қатты кісі» деп таныстырған бетте-ақ істің оң шешім табарынан үміт үзе бастайсың. «Биік қабақ, сұрлау қызда» Еңліктің өр көңілді, айтқанынан қайтпас өжеттігін дәлелдейді. Шәкәрім кейіпкерлерінің мінез-құлығы, өмірлік ұстанымы шығарманың сюжеттік желісімен жетіліп отырады. Бұл арада ақынның алуан амалды араластыра қолдануы шығарманы жұмырландыра түскен. Мәселен, адамның сырт келбетін көргеннен кейін, оның бойындағы бар қасиетін өзінің сөйлеген сөзі мен жасаған іс-әрекетінен-ақ байқауға болады. Бұл тұста Шәкәрім диалогты шебер, орнымен пайдаланады. Ақын диалогтары кейіпкердің танымдық дәрежесін, ой-өресін көрсетеді. Шығармадағы диалог оқиғаның одан әрі өрбуіне негіз болып, шығарма композициясын жетілдіреді. Сөзіне қарап, Қалқаманды шарифаттан хабары бар, негізсіз іс қылмайтын жан деп білеміз. Және шығармада өзі сол сөздерін іспен дәлелдейді. Мамырға көңілін алыстан орағыта келіп, тұспалмен білдіруінде көргенділіктің, әдеп пен ізеттіліктің белгісі байқалады. Мамыр болса, астарлы сөздің төркініне дендей білетін сұңғыла жан. «Еңлік-Кебек» поэмасында олардың табиғаты толықтай өз сөздерімен танылады. Екеуінің арасындағы ұзақ диалог соншалық шымыр құрылған. Кебектей жігіттің көлденеңнен көңілін білдірген қызбен қол ұстасып кете бермесі хақ. Еңлік оған өзінің бар болмысын бағалата білді. «Аталы сөзге арсыз тоқтамайды». Қыздың шашауы шықпаған сөзіндегі шырылдаған шындықты таныды ол. Анығын айтқанда, Еңлік таныта білді. Еңлік пен Кебектің сөздері ірі, ойлары кесек. Ойлылығымен қоса, көркем де кестелі. Ақын диалогтары шешен, кейіпкерлер сөзі жүйелі де жинақы.

Шәкәрімнің өз шығармашылығының мазмұнына, философиялық болмысына баса мән беретініндей, ол көркемдік-эстетикалық талаптардың да үддесінен шығып отырады. «Қазақ дастанында «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамырдан» кейін диалогты кең пайдалану дәстүрі қалыптаса бастады», - дейді белгілі ғалым Р.Нұрғалиев. Расында, поэмаларында диалогты жиі пайдаланатын ақын оны көркемдік шешім тарапынан тиімді кәдеге

асырады. Мәселен, ақын кейіпкерлеріне жұмбақтай сөйлетуді әдет қылған дедік. Бұл бір жағынан образ сомдаудағы дара тәсіл болса, келесі қырынан шығарма көркемдігіне кепіл. Ақын поэмаларында Қалқаман мен Мамырды, Кеңгірбай биді жұмбақтай сөйлету арқылы шығарма бітіміне бейнелілік берген, бұнысы поэманың бүкіл бітім-болмысына, сюжеттік желісіне орайласа келген. Қалқаманның жұмбақпен астарлай сөйлеуі түсінікке тым жақын. Себебі қойған сауалына Мамырдың қалай жауап қайтарып, қандай көңіл білдірері оған мәлім емес. Сондықтан ол алыстан орағытып, қызды сынап көрмекке ниет етеді.

Құдай неге қылмаған адамды тақ,

Балаларын өзінен өсіріп-ақ.

Хауа-ананы жаратудай мақсұты не?

Сол арасын білуге ақылым шақ [1,281-б.].

Жалпы бірін-бірі сынай сөйлеу арқылы оның ой-мақсұтын, таным дәрежесін бірден сезу – Шәкәрімнің көпшілік кейіпкерлеріне ортақ сипат. Жоғарыдағы сауалға салмақты, ойлы жауап қайтарған Мамырдың өзінің де астарлай сөйлейтін тұсы бар. Бұның себебі түсінікті, өйткені оның жұрт көзінше басқаша жауап қатуы мүмкін емес.

Ауылымның күнбатысы қалың қамыс,

Бүрсүгіннен арғы күн болады алыс.

Жас кісиде бар болса жігер-намыс,

Болып кетіп жүрмесін жатпен таныс [1, 282-б.].

Ел көзіне елеусіз өлендеткен бұл жауабында алты ауыз сөз құрамай қалмайтын қазақ халқының ерекше бір қасиетті қалпын сиғыза білген. Кеңгірбай бидің жұмбақ сөйлеуі оның өмірдегі қалпынан қиюластырылып алынған. Бұл да поэма көркемдігіне өзгеше реңк енгізген.

Поэмада ақын әдеттегідей кейіпкерлерінің ісін таразыға салып, қорытып отырмайды. Алайда сөз орайы келгенде, бір-ақ ауыз сөзбен оған деген көзқарасын білдіріп отыратын болған. «Кердендеп, кекірейіп жетіп барды», «Наданның тіпті топас келер сөзі» тәрізді қолданысты ақынның Троекуровты жақсы көргеннен айтпағаны хақ. Ханым қатын сөзі де соның бір мысалы. Ойымыз дәлелді болуы үшін поэмадағы тағы да қосымша қолданыстарға көңіл бөліп көрелік: «Көне ғой күң де болса,

ШӘКӘРІМТАНУ

көпті көрген», «Қантекең қойын өзі бағушы еді». Ақын көпшілік кейіпкеріне портрет жасап, болмаса жеке-жеке суреттеу беріп отырмайды. Қандығатай байды суреттеуде кісілігі мол, адамгершілігі жоғары тәрізді баяндауларға бармай-ақ, Қантекең сөзімен оқырманға жылы қабылдатып, келесі қасиетін оның өз әрекетімен ашады.

Ақын Дубровскийдің маңындағы «шаш ал десе, бас алатын» жөндеттерді де оңдыртпай сөзбен сойып салады.

Бас ұрып, бөркін алып тұрды байға,
Үлкенсіп, ұлықсымақ қалды жайға...

Шабашкин жылмаңдады одан да әрі...
Амандасып жөнелді құйтың қағып...

Төрдегі члендер мен заседатель,
Қалпағын қолына алып шұлғып тұрды.

Шабашкин жылмаң қағып кіріп келді,
Тағзыммен қолтығына бөркін қысып.

Иілді құлдық ұрып, кешу сұрай...

Заседатель Шабашкиннің бейнесін беруде ақын артық сөзді шығын қылып жатпайды. Оны шығарманың басында «иттейін еркелеген жылмаң қақты» деп таныстырған болса, оқырманмен кейінгі кездесулерінде де сол «жылмаңдаған» қалпынан жаздырмайды. Сол жалғыз сөзбен ғана бір адамның бет-бейнесін жасаған.

Шәкәрім поэмаларында стильдік бірліктің мызғымай, ақын қолтаңбасының өзіндік қырын сомдай келуімен қоса, әр поэманың белгілі дәрежеде көркеми қуатқа ие, шабыт шалқардың жемісі екендігін анық танимыз. «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» поэмаларында тақырып негізінен диалог арқылы ашылған десе болғандай. Қалқаман мен Мамырдың, Еңлік пен Кебектің өзара сөйлескен сөздерінен өмірден өз үлесін еншілегісі келген, бақытына қол созған жастардың бейнесін танимыз. Ал «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасында монолог пен хат сөздерінің маңызы айрықша. Екі жастың іштен туа ерекше жаралған махаббаты олардың әрқайсысының іштей сөйлесуі арқылы немесе табиғатпен тіл қатысқан сәттегі сөздерімен

оқырманға жеткізіледі. «Дубровский әңгімесінде» ақынның өзге поэмаларында кездесе қоймайтын пейзаж біршама алғы орынға шыққан. Әрбір поэмасында ақын қаламының құлашы кеңге қанат жайып, жанрдың ішкі мүмкіндіктерін молынан пайдалана түскен. Алғашқы поэмаларында баяндау мен диалогқа кеңінен орын берілсе, бірте-бірте суреттеу тәсілдерінің қатары арта түскені көрінеді.

Шәкәрім поэмаларының дені алдымен ақын дүниетанымын айшықтаған өсиет өлең жолдарымен келсе, келесіде көркемдік көкжиегі келісті кестеленген көркем дүние ретінде тұғырлы.

Қ.Раев «Ақынның сөз қолданысындағы шеберлік қыры тілдегі бар сөзді орынды пайдалануынан ғана емес, оларды бейнелілік құралы ретінде ауыспалы мәнде қолдануынан жаңа, тың образдар тудыруынан айқын көрінеді. Бұл орайда ақынның поэтикалық шеберлігі троптың түрлеріне қатысты ашыла түседі. Ақындық қуат, суреткерлік шеберліктің анықтаушы қыры осы сөздерді зергерлікпен ұқсата білу дәрежесіне қарай ажыратылады» [2], - дейді. Шәкәрім ақын өз поэмаларында теңеу, эпитет түрлерін, троптың түрлерін өзінің мазмұндық-көркемдік мақсатына мейлінше орынды пайдаланған.

Ақын поэмаларында кездесетін теңеулердің жасалу жолдары, құрылысы әр алуан болып келеді. Мәселен, «Түлкі алған қыран бүркіт сықылданып, иттейін еркелеген жылмаң қақты, бейне бір қағып қойған қазықтай боп, оқ тиген арыстандай аласұрды» т.т.

Теоретик ғалым З.Ахметовтің «Қоғамдық құрылыс, халықтың өмір-тұрмысы, шаруашылығы, әдет-ғұрып, дүние тануы, философиясы, эстетикасы-осының бәрі поэзияның мазмұнынан ғана көрініп қоймайды. Сонымен бірге бұлар поэзияның, әдебиеттің көптеген көркемдік ерекшеліктерінің, тілдегі суреттеу, бейнелеу тәсілдерінің, сөз кестесіндегі бір қыдыру өзгешеліктердің қалыптасу, дамуына әр түрлі әсер етеді» [3, 13-б.], - дегені ақын поэмаларындағы көптеген қолданыстардың сырын аша түседі. Мәселен, ақын қолданған теңеу түрлерінің қай-қайсысының да ұлттық реңкі, этникалық негізі бар екендігі бірден

ШӘКӘРІМТАНУ

аңғарылады. Шәкәрім поэмаларынан теріліп алынған елтіген бөрідей боп жеген уға, иттей талап; жүндей сабап; қойдайын қасқыр тиген қырып салды; түлкі алған қыран бүркіт сықылданып; қасқырша табандап тарт сыдырғанда; қалғаны шуылдады қырған қойдай; иттейін еркелеген жылмаң қақты; тәмам бастық соңынан итше ереді; оқ тиген арыстандай арасұрды; инедей малы харам тәрізді теңеулердің барлығында осы айтқан ғылыми байламның негізі жатыр. Бір жағынан бұл қолданыстың астарынан Б.Наурызбаевтың «Жазушының теңеу мен сөз мағынасын ауыстырып қолданысынан оның қандай ортаны жақсы білетіндігі көрінеді» [4], - деген ойының үстінен түскендей боламыз. Шәкәрім поэмаларынан теріліп көрсетілген теңеулердің әрқайсысы сол кездегі дала қазағының күнделікті тірлігіне қатысты және халықтың таным-түсінігіне тым жақын құбылыстарды алғаны байқалады. Ақын теңеулері ауыл тұрмысындағы тыныс-тіршілікке байланысты.

Бір затты екінші бір затқа теңеуде де ақын дәстүрлі қолданысқа жүгінген. Мәселен, әділетсіздіктен жаны күйген Андрей Дубровскийді оқ тиіп аласұрған арыстанға теңесе, құлқынның жолында барлығын құрбан қылып жүрген шенеуніктерге иттен басқа сөз арнамайды.

Негізінен Шәкәрім поэмаларында ит сөзінің қолданылуы өте жиі ұшырасады. Әсіресе, «Дубровский» поэмасында Троекуров пен оның қасындағы шенді шекпендерге қатысты «ит» баламасын сан мәрте қолданған. Тәмам бастық соңынан итше ереді; Иттейін еркелеген жылмаң қақты; Тек теңеу сипатында емес, бұл сөздің негізінде метафора, эпитет қолданыстары да жасалған.

Бір итің жұрт көзінше мені сөкті,
Сен итті өлтірмеймін осы жолы,
«Сүйек қайда көп болса, ит сонда»

Бір ғана Дубровский байдың өзіне
төмендегі сөздерді арнайды.

Рахымсыз ит әкеңнің зорлығынан,
Жалғыз-ақ ит әкеңе қыла алмадым,
Жұтарлығым осы итің қаны емес пе,
Не қылсын тойымсыз ит ондайды елеп,
Рақымсыз ит емес пе оңбайтұғын,

Ол кім деп сұрап қалса ол ит жегір.

Ақын поэмаларының арасында көркемдік қуаты құнарлы «Дубровский әңгімесі» поэмасы терең философиялық негізге құрылған. Бұнда университетте алаңсыз оқып жүрген Владимир Дубровскийдің өмірін ақын төмендегідей суреттеген.

Сабақтас құрбысымен салып сауық,
Ойнайды қонақ қылып, уақтың тауып.

Алдынан алтынды өмір сәуле беріп,
Жүр еді ешнәрседен қылмай қауіп [1, 420-б.].

Осылайша, алаңсыз жүрген Владимир Дубровский күндердің күнінде хат алады. Бұл Троекуров салған ылаңның салдарынан бастарына әурелі іс пайда болғандығын айтқан сүт анасының хаты еді. Сол сәттегі Дубровскийдің көңіл-күйін ақын жоғарыдағы шумаққа шендестіре жыр еткен.

Түпсіз ой, түссіз қиял неше мыңдап,
Бірі бүйт, бірі сүйт деп тұрады ымдап.

Тұңғиық, тұманданған алдыңғы өмір,
Тұрғанын біліп болмас не дайындап [1, 421-б.].

Алдыңғы шумақтағы алтынды өмірге ендігі жерде тұңғиық, тұманданған өмірді қарсы қояды. Шумақ бойындағы жиі қайталанған т, б дыбыстары да ақынның айтпақ ойын құнарландырып, көркемдігін арттыра түскен. Бұл Владимир Дубровский өмірінің тұманданып, белгісіздік басқанының көрінісі тәрізді әсер береді. Шәкәрім эпитеттері тың, бір қолданған эпитетті қайыра пайдаланбайды. Алдыңғы шумақта қолданылған алтынды өмір, түпсіз ой, түссіз қиял, тұңғиық, тұманданған өмір тіркестеріндегі эпитеттер ақынның шығармашылық ізденісіндегі сәттіліктің жаршысындай көрінеді. Шәкәрім ақынның жыр қазынасындағы бұндай эпитеттердің тұла бойынан, олардың мағыналық-құрылымдық түзілісінен ұлы ұстаздың көркеми ізі айқын көрінеді. Мәселен, ақын поэмаларындағы жылы жүз, нұрлы жүз; терең ой, түпсіз ой; улы жүрек, таза жүрек, тас жүрек, сорлы жүрек, ақ жүрек, отты жүрек, жылы жүрек; ақ пейіл, надан көз, ойсыз құлақ, мисыз бас, тойған қарын, түссіз қиял, ит әке тәрізді эпитеттердің барысы осы ойдың толық дәлелі. Соның ішіндегі мисыз бас,

ШӘКӘРІМТАНУ

тойған қарын, ит әке сияқтыларын Шәкәрімнің өз қоржынындағы төл эпитеттерінің санатында атаймыз.

Мағыналық тұрғыдан бір-біріне жанаспайтын, тіпті тіркесуге тиісті емес бірі деректі, бірі дерексіз екі сөзді өзара әрекеттестіріп, нәтижесінде жаңа құбылыс, тың қолданыс тапқан ұлы Абайдың игі дәстүрін Шәкәрім ақын ары қарай жалғастырып әкетті. Мәселен, жетімдіктің сызы; ғашықтықтың дерті; тілдің ізі; ғылым көзілдірігі; мінездің суреті; бұзық әдет; байлық ізі; мінезі араз; махаббаттың лебі; қайғының қатты сызы; ақылды ұрлау, көңілін шайқау; ажарын топырақ басу; ақылдың көңілге түсуі; қайғы жұту, уайым жеу; істің көмір болуы; жүрекке ақылдасу; қалтаның тоқ болуы; ойға тоймау; иманын сату; қылжақты төлету; сөзіне, мінезіне тұтқын болу; іштегі мұзды еріту; аузы майлаулы болу; махабаты құлау тәрізді тіркестер Шәкәрім поэмаларының көркемдік құндылығын арттыра түскен. Бұрыннан көп кездесе қоймаған бұндай құбылыс бұдан кейінгі жерде жанданып, көркем шығармада ерекше қолдауға ие болды.

Ақын шумақтары суретті сөзге толы. Бір шумақтың бойындағы образды сөздердің қатар қолданылуын соның дәлелі қылып көрсетеміз.

Қарайып қамығасың тым құрыстап,

Күркіреп уһілейсің дертің ұстап.

Көңілің-от, көзіңнен жас жаудырасың,

Сағынған ғашық жарын маған ұқсап [1, 382-б.].

Шумақ тұтасымен кейіптеуге құрылған. Ләйлі көзінен жас жаудырып, уһілеген қара бұлтты ғашығын күтіп сарылған, дерті басынан асқан өзіне ұқсатып, теңейді. Сонымен бірге, қара бұлттың көңілі-от деп метафоралық қолданыс жасайды. Б. Қабаш өз зерттеуінде «Көркемдік тәсілдер мен бейнелеу құралдарының барлығы да қазіргі қазақ өлеңінде бір-бірімен араласып, біріне-бірі және бір мақсатқа қызмет етіп тұрған күрделі құрылымда жиі бас қосатыны байқалады. Олардың жеке-дара тұруы, жалаң түрде келуі, әрине, бұрынғыдай әлі де көп кездеседі, дегенмен қазір олардың қай-қайсысының да жаппай күрделі формада араласа, қабаттаса қолданылу үрдісі қалыптаса бастағанын

байқамау мүмкін емес. Бұл-жаңа, күрделі поэтикалық тіл пайда бола бастады деген сөз. Дерексізді заттандыру тәсілінің қолданылуынан да бұған көп мысал келтіре аламыз» [5], - дейді. Шындығында бұл «пайда бола бастаған күрделі поэтикалық тілдің» негізі әріден бастау алған.

Шәкәрім поэмаларының арасында табиғатқа көбірек көңіл бөлінетіні «Ләйлі-Мәжнүн» мен «Дубровский» поэмасы. Осыған орай ақынның аталған поэмаларында кейіптеу құбылысы пайдаланылған.

«Ләйлі-Мәжнүн» поэмасындағы: - Ей, жұлдыз, түнде тудың, күндіз батып, қасыңды кімге ымдайсың қимылдатып, желменен сыбырласқан жапырақтар, күркіреп уһілейсің дертің ұстап, жер жабырқап қайғысы артты сияқты табиғатқа жан бітірген тіркестер шығарманы жандандырып, ондағы ойдың әсерлілігін арттыра түскен. «Дубровскийден» алынған төмендегі шумақ та осындай қызмет атқарған.

Гибрат етіп алланың дүниесін,

Ойланып отыр еді әр немесін.

Кеш болғанға ишарат бергендей боп,

Перде қылып тау тартты көлеңкесін [1, 425-б.].

«Ләйлі-Мәжнүн» поэмасындағы Ләйлі тарапынан айтылатын монологтың маңызы айрықша. Осы тұсты ақын түрлік тұрғыдан өзгертіп әкеліп өзгеше реңк берген. Ерекше философиялық-эстетикалық мәндегі осы бір қолданыста ақын сұрай арнау әдісін қолданады.

Жайнаған өмір қалды ма,

Қақтырмай-ақ қабақты.

Мен зарладым бұл жерде,

Қайысқа үнім жетер ме? [1, 358-б.].

Қас-қағым сәтте, лезде, қас пен көздің арасында тәрізді әдеттегі қолданысты таңдамай, өз жанынан тың сурет жасайды. Бұнда ақын «қас қаққанша» тұрақты тіркесін жаңа үлгіде «қабақ қаққанша» деп қолданған. Осыған жалғас қолданылатын ассонанстық негіздегі метафора құбылысы да Ләйлінің ішкі жан-дүниесінің күйзелісін тап басады.

Өшірілмей түнде шам,

Өз үйім болды абақты [1, 358-б.].

Ақын поэмаларында қолданылған метафораның көпшілігі «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасында кездеседі. Ұядан жаңа шыққан қаз

ШӘКӘРІМТАНУ

едім ғой; Өз үйім болды абақты; Ғашықтықтың қайғылы оты-ішкен асым. Гүл едім жайнап тұрған, бүгін солдым; Көңілің –от, көзіңнен жас жаудырасың; Көп иттің жұлып жүрген жемтігімін;

Ақын «Дубровский» поэмасында өртенген үйдің ішіндегі жемқор, парақор ұлықтар келбетін келтіруде ирония әдісін қолданады.

Әр терезе түбінде бір чиновник,

«Ойбай, өлем, құтқар - деп тұр қақылдап» [1, 428-б.]. Осындағы қақылдап сөзін қолдану арқылы ақын жемқорларды тағы бір түйреп өтеді. Поэмаларында жебей басып, құйтың қағып, зыр жүгірді, шұлғып тұрды, кердеңдеп, кекірейіп сөздерінің пайдаланылуы да ақын мақсатына үлкен мән-маңыз артқаны айтпаса да түсінікті. Шәкәрім «Дубровский» поэмасында мал мен ақшаның буына масаттанған байлар мен атақ-шен қуып, параның көзін табуды көздеген шенеуніктерді сын тезіне алуға олардың өздерінің іс-әрекеттерін ұтымды пайдалана біледі. Мәселен, орыстың бір мейрамында бас қосқан байлар Владимир Дубровскийді бірігіп ұстамаққа ниет етеді. Олар бірден ауызбірлікке келе қойсын ба, Владимирдің түр-түсін айтысып-тартысып ақырында қағазға төмендегідей етіп жазады.

Өткір қара көзі бар, қоңыр шашты,

Орта бойлы, қара мұрт, қара қасты.

Мұрны түзу, сақалын қыратұғын,

Жиырма екі жасынан биыл асты.

Адам портретін жасауда мұнан асқан олақтық болмайтын шығар. Басқаны қойып олардың өздеріне де бұл жазғандары күлкі туғызады.

Қонақтар күлді мұны мазақ қылып:

«Жазыпсың деп белгісін таза-ақ қылып.
Қара мұрт, қара көзді толып жатыр,
Бәрін ұстап қинаңдар, азап қылып [1, 435-б.].

Шәкәрім поэмалары өзінің мазмұны, айтар ойы тұрғысынан қалай бағаланса, көркемдік қуаты, тіл кестелілігі тарапынан да сондай бағамға ие. Қалыптасып, қанатын кеңге жая қоймаған жанрдың қыр-сыры мен бүге-шігесі қаз басқан қалпынан бірден жайыла салмайтыны мәлім. Соның өзінде ақын поэмалары көркемдіктің өзгеше бір бітімін түзген. Шәкәрім поэмаларының көркемдік ерекшелігі деген мәселе қаузаі түсуді қажетсінетін мәселелердің бірі.

Әдебиет

1 Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – 559 б.

2 Раев Қ. Д.Бабатайұлы шығармаларының поэтикасы. Фил. ғ.канд. ғыл. дәрежесін алу үшін дайынд. диссерт. авторефераты. – Алматы, 2002. – 24 б.

3 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973.

4.Наурызбаев Б. Қазақ прозасындағы Б.Майлин дәстүрі.–Алматы: Ғылым, 1979.–180 б.

5 Қабош Б. Қазіргі қазақ поэзиясының түрлік-бейнелілік ерекшеліктері (1980-1990 жылдар лирикасы әдеби үрдіс контексінде). Фил. ғ.канд. ғыл. дәрежесін алу үшін дайынд. диссерт. авторефераты. – Алматы, 2006. – 24



ШӘКӘРІМТАНУ

ӘОЖ 821.512.122

А.ЖҮНДІБАЕВА, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі**Қазір Түркістан қаласындағы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті PhD докторанты және АҚШ Kingston университетінің магистранты****ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ КӨҢІЛ-КҮЙ ЛИРИКАСЫ**

Мақалада Ш.Құдайбердіұлы поэзиясының өмір құбылыстарын кестелеудегі көркемдік ерекшеліктері қарастырылады. Ақынның ішкі көңіл-күйін, ойы мен сезімін астамыра суреттейтін шығармаларының психологиялық сипатына талдау жасайды. Сонымен қатар ақынның көңіл-күйі әрқашан өзі өмір сүрген қоғамдық ортаның хал-жайына, өзін қоршаған шындықтың саяси-әлеуметтік сырымен сабақтас екендігіне нақты мысалдар келтіреді.

Бір кездерде көңіл-күй лирикасы ақынды қоғамдық мәселелерден, саясаттан алшақтатады, жеке өз басының тілек-арманын, қайғы-мұңын ғана айтуға жол береді деген жаңсақ ұғым орын алып келді. Мұның өзі бірталай ақындардың айқайшыл сарынға бой ұрып, лириканың бұл классикалық түрінен махрұм қалуына әкеліп соқты [1].

Ақынның қаламынан дүниеге келген туындылардың барлығында да әдебиет өнерінің айшықты өрнектері орын алса, шығармаларындағы жанрлық ерекшеліктер ақынның әр құбылысты, әр уақытты оқушы қауымның көз алдына шынайы да көркем жеткізе білген шеберлігінің биік шыңы деуге болады.

Көңіл-күй лирикасы - лирикалық өлеңнің нағыз өзіндік түрі. Өйткені лирика деген сөздің өзі жан толғатып, көңіл тербететін дегенді аңғартады. Лирикалық өлең адамның көңіл күйін білдірсе, оның нағыз лирика, сезім оятқыш өлең болғаны. Абайдың «Нені іздейсің, көңілім, нені іздейсің», «Келдік талай жерге енді» тағы басқа көптеген өлеңдері осы жайды білдіреді. Көңіл-күй лирикасының үздік үлгілерін қазақ поэзиясында Абай, Мағжан сияқты ақындардан тапсақ, орыс поэзиясында Пушкин, Лермонтов шығырмашылығынан табамыз. Бұл ақындардың көңіл-күй лирикасы автордың өз тағдырын, қуаныш-қайғысын

қоғамдық өмір, заман, дәуір туралы ой-толғаныстарымен терең қабыстырып ұштастыра білуімен құнды.

Шәкәрім – адам сезімдеріне ерекше көңіл бөле отырып жырлаған ақын. Әсіресе, ол адам сезімдерінің ішіндегі ең асылы деп махаббат пен сүйіспеншілікті жоғары ұстайды. Махаббат тақырыбы - ақынның реалистік лирикасындағы ең өзекті көркем арналардың бірі. Жастық шақтың бейнесі, қыз бен жігіт образдары, махаббат сезімдерінің нәзік иірімдері - ақын лирикасындағы асыл идеялар [2,74 б].

Адамның қоршаған ортасы оның көңіл-күйіне әсер етпей тұрмайды. Шәкәрім өлеңдерінің де өзіндік ерекшелігі өмірде кездесетін толып жатқан қиыншылықтармен, түрлі іс-әрекеттермен, рухани түйсікпен, заманын билеген өкімет билігінің өзгеруімен әртүрлі әлеуметтік көзқарастың қоғам өмірімен біте қабысып, ұштасып тұруында дер едік.

Шәкәрімнің көңіл-күйіне байланысты туған жырлар өте көп. «Жарымды жаным сүйді, сүйе алмай тәнім күйді», «Жастық туралы», «Ақыл құсы адаспай аспандағы», «Шын сырым» атты өлеңдері ақын мұрат еткен әдеміліктің, сұлулықтың нышаны қандай болғанын аңғартады.

«Жарымды жаным сүйді, сүйе алмай тәнім күйді» атты өлеңінде:

Уайым жоқ, табылды арман,

ШӘКӘРІМТАНУ

Түсіп сәуле асық жардан,
 Көтерді пердесін әбден,
 Қызыл гүлім ашылған шақ.
 Нұрына күн ұры жетпес,
 Қасы – жай, кірпігі – оқ реттес,
 Көңілден сурет кетпес,
 Жүзі – сиқыр, шашы – тұзақ, - деп үлкен
 әсірелеумен асқан ынтызарлықтың, кәусар
 сезімнің өзіндік келбетін, ғашықтықтың мұңлы
 азабын көрсетеді. Бір оқығанда сұлу қызға
 шығарған ғашықтық жыры сияқты
 көрінгенімен:

Бояу мінсіз, сұлу жар шын жар,
 Жүрегімде сипатың бар.
 Болып ынтық, қыламын зар,
 Әлемде бармысың шын ақ? - деген өлең
 жолдарынан өзге жырларында кездесетін
 «Менің жарым – қыз емес, хақиқаттың шын
 нұры» дейтін оның өзінің ойлы тұспалын
 аңғарамыз.

«Адамның еркі қайда», - деп ақылдан
 сұрағаным» атты өлеңінде ақын өз ақылымен
 мұңдасады, өз ойымен сырласады. Өз
 санасының сезіміне жүгініп, ақылымен
 «сөйлесу», ақылының жауабын, ойын тыңдау
 кез келген адамның қолынан келе бермейді.

Шын жарым,
 Қорғаным, -
 Жалғыз сен, ақыл.
 Жүрегім,
 Тілегім –

Шын менен мақұл, -деген ойларынан өз
 ойымен ғана жолдас болған ақын өмірінің соңғы
 кездеріндегі көңіл күйін көре аламыз.

«Ақыл құсы адаспай аспандаса» деген
 лирикасында:

Ақыл құсы адаспай аспандаса,
 Әлемде нәрсе болмас көзден таса.
 Жеті көк жерден оңай басқыш болып,

Ғарышқа қол жетеді армандаса, -деп
 шындаса адамзаттың алмайтын қамалы,
 бағындырмайтын асуы жоқ екенін айта келіп,
 жар көңіліне тәу ететінін, жарға ғана
 табынатындығын паш етеді.

Сопыларға біздің жар бір қараса,
 Жар нұрымен жүрегін араласа,
 Жанын жан, ескі иманын иман демей,
 Байғұстар қалар еді – ау таң-тамаша, - деп

дін жолына түскен сопы-молдаларға өз көңілінің
 ризашылығы жоқ екенін білдіреді.

Шәкәрімнің сырлы сезімді, көркемдік
 айшығы мол, ерекше өлеңдерінің бірі –
 «Жастық туралы» өлеңінде:

Гауһардай көзі,
 Бұлбұлдай сөзі.
 Жаннан асқан бір пері -
 Жүзі бар айдай,
 Мінезі балдай,
 Өзгеден артық сол жері.
 Дариядай ақылы мол еді,

Жан ғашығым сол еді, - деп әдемі суреттеп
 бастап, ізгілік әлемінің мөлдір бұлағынан нәр
 алған хас сұлудың кескінді келбетін, пәк жан
 дүниесін, ғашық жарының сыр-сипатын кеңінен
 суреттеп кетеді.

Бұл лириканың көркемдік қуатын
 танытатыны дәйекті дәлел бола алады. Ақын
 енді бірде асқан эстетикалық талғам, талаппен,
 ару қыздың ажарлы дидары мен тазалық
 әлемінің тылсым сырларына терең үніліп, оны
 бейнелеуде түрлі маржан сөздерін төгеді:

Жаудырап көзі,
 Тамшылап сөзі,
 Жібектей шашын тараса,
 Қалмайды халің,
 Шығады жаның,
 Қиғаштап көзбен қараса,
 Бұл дүниеде қыз қызық,
 Бозбалада ой бұзық, - деген өлең

тармақтары өмірде болатын шынайы ғашықтар
 көрінісін көрсетіп тұр. Ақын «жібектей, қардай,
 қанжардай» деген теңеулер арқылы көркем
 қыздың ішкі рухани дүниесінің мөлдірлігін аша
 түседі. Бұл тек сұлулықты сипаттау ғана емес,
 терең ой мен көркемдеуіш құралдарды қатар
 ұстанған қайталанбас тамаша талант иесі –
 ақынның биік тұлғасын байқатар ауқымды, ірі
 ақиқат. Бұл қасиет ақын шығармаларының
 барлығына тән. Қай жанрда болмасын, ізгілік
 әлемінен нәр алған асыл ойлар тізбегі өзекті
 желідей өріліп жатады.

Гауһардай көзі,
 Бұлбұлдай сөзі.
 Жаннан асқан бір пері...

Ару қыздың көзін гауһарға теңеу арқылы өлең
 кейіпкері болған жанның сұлулығын,

ШӘКӘРІМТАНУ

ажарлылығын асыл тастың әсемдігіне балайды. Осы арқылы Шәкәрім ажары аспандағы сұлу қыздың физиономиясын береді. Гауһар – асыл тастардың бірі. Күндіз күннің нұрымен, түнде сүттей сұлу айдын сәулесі, жымындаған жұлдыздардың жарығына шағылысқан, тіршіліктің нышаны бар көзінің әсемдігін осылай береді. Сонымен қатар, ғашығына ынтық болған, асық болған махаббатының ұшқынын гауһардай көзі деген сөз тіркесінен көреміз. Бұл өлеңнің бірінші шумағында екі жол егіз ұйқасты болып келеді. Мұнда көзі, сөзі деген сөздер өзара ұйқасқан. Осындай егіз ұйқасты пайдалана отырып, Шәкәрім өлеңнің кейіпкері болған сұлу қыздың сұлулығын одан сайын асыра түседі. Екінші жолдағы: Бұлбұлдай сөзі – деген тіркесте қыздың дауыс диапазонының әсемдігін береді. Бұлбұл - әнші құс. Тамылжытып, құйқылжыта сайрағанда адам көңіліне қуаныш сыйлап, құлағына әдемі де, нәзік үнді жеткізеді. Бұлбұлдың дауысының әдемілігіне теңеу арқылы Шәкәрім қыздың дауысының, сөзінің әдемілігінің эстетикалық табиғатын көрсетеді. Бірінші шумақтың бірінші жолында бет-жүзінің әсіресе, көзінің әсемдігін көрсетсе, екінші шумақта кейіпкердің дауысының, сөзінің көркемдігін береді. Осындай теңеулерді қолдану арқылы ақын өзінің лирикалық өлеңіндегі лирикалық кейіпкердің бейнесін толықтай аша түседі.

Жүзі бар айдай,

Мінезі балдай,

Өзгеден артық сол жері – деген өлең жолдарында сыртқы келбетінің сұлулығы мен ішкі рухани әлемінің, мінез-құлқының бірін-бірі толықтырып тұрғанын көрсетеді. Сыртқы сұлулықты айта келе мінезінің жайлылығын сырт сұлулығынан жоғары қояды. Бұл жерде сыртқы сұлулықтан қарағанда, ішкі әлемінің сұлулығына, рухани байлығына ерекше екіпін қояды. Ақынның ол ұстанымын мына: ...Өзгеден артық сол жері – деген жолдан айқын аңғаруға болады.

Шәкәрім өз өлеңінің кейіпкерінің сыртқы болмысының сұлулығын гауһардай көзі, бұлбұлдай сөзі, жүзі бар айдай деп сипаттай келе мінезі майдай – деп мінез ұғымын теңеу арқылы береді. Бір жолды мінезіне арнай отырып, оның

артықшылығын, бағалылығын, ішкі рухани мінезбен әсем болатынын, көркем мінез арқылы барлығынан артық болатындығын өлеңмен өрнектеп берген. Шәкәрім таза ақылдың, тура жолдың адамы. Бұл ақын өмірінің басты ұстанымы. Сол себепті адам мінезінің көркемдігіне айрықша акцент береді. Мінезі – Аллаға, ақылы – адамға тән көркем мінездің көркем бейнесін өзінің өлеңімен өрнектейді. Сонымен қатар, майдай мінез өзгелерден артық етеді деп оқырмандарын көркем мінездің иесі болуға шақырады.

Майдай мінезбенен қоса дариядай ақылдың керектігін астарлап жеткізеді. Дария ақыл бұл жерде таза ақылдың, кемелді ақылдың иесін көрсетеді. Таза ақылменен көркем мінездің иесіне ғашық болып, жан ғашығым деп құмартқан ынтызар жүректің қалауын жеткізеді. Бұл өлең 1883 жылы ақынның жиырма бес жасында жазылған өлеңі. Автор бұл уақытта бозбалалық шақтан өтіп, жігіттік шақтың белесіне шыққан кезеңі. Бойында қайраты тасыған, жүрегінде жастықтың жалыны жалындаған, өр мінезді, отты мезгілі. Сол себепті, махаббат тақырыбындағы бұл өлеңінің иірімдері қуатты, өрнектері өрімді.

Ұжмақтың хоры,

Іздедім соны,

Тал бойының кірі жоқ.

Ақын бұл жолдарда жанындай сүйіп, ғашық болған жанды хор қызына теңейді. Хордың қызындай болған жанды іздедім - дей отырып, қалаған, армандаған, ынтық болған жанның бағасын одан ары асыра түседі.

Шәкәрім бұл жердегі ұжмақ ұғымын пәлсапалық тұрғыдан бермейді. Мұнда өзі ынтық болған жанның ұжымақта ғана болатын кінәсіз, күнәдан пәк, таза хор қызына теңейді. Ұжмақ ұғымын қыздың сұлулығын ашу мақсатында қолданған. Бұл жерде айта кететін тағы бір жайт Шәкәрім осы өлеңін жазғанда жиырма бес жаста болғанын жоғарыда айтып өттік. Ақыл тоқтатып, ел ағасы болған жасқа жеткенде ақынның ақындық жолда есейіп өмір жайлы, өлім жайлы, жаратылыс, хақиқат жайлы, Алла туралы түсінігі тереңдеп, салиқалы да, салмақты ой түйген, өзгеге берер ақылы мен кеңесі көп таза ақылдың жолын ұстанып

ШӘКӘРІМТАНУ

хақиқаттың жолын тапқан ақынның бейнесін көреміз.

Тал бойының кірі жоқ – деп туындысының кейіпкері болған жанның рухани әлемін, ішкі тазалығын осы жол арқылы береді. Албырттыққа, қызу қандылыққа бой алдырған автор бұл жерде күнә туралы түсінікке тереңдеп бармай, ол қызды күнәдан таза, пәк етіп көрсетеді. Әрине, осы арада ақынды түсінуге болады. Жастықтың жалауын желбіретіп, ынтызарлықпен ғашық болған жанның тулаған жүрегінің сырын, сыры арқылы шыққан жырын аңғарамыз.

Бұл – жас ақынның жас ерекшелігіндегі психологиялық эмоцияның құбылысы.

Бойы бар сымдай,
Белі бар қындай,

Мүшесінің міні жоқ – деген өлең тармақтарынан қыздың физиологиялық сипатын көрсетеді. Жоғарыда келтірілген өлең жолдарының мазмұнына үңілсек, шәкірт ақынның ұстазы Абайға еліктегенінің куәсі боламыз. Біріншіден, бұл өлең құрылым жағынан «Сегіз аяқ» стилін береді. Екіншіден, Абайдың сыни көзқараста жазылған өлеңдерін есімізге түсіреді. Бұл - ұлағатын шәкірттеріне жеткізе білген, бере білген Абай сынды ұстаздың зор еңбегінің жемісі.

Көңіл-күй лирикасына жататын осы өлең туралы пікірімізді одан ары қарай созудың тіпті қажеті де жоқ. Себебі, аталған өлең туралы белгілі ғалым, шәкәрімтанушы Б.Әбдіғазизұлы өзінің «Асыл арна» еңбегінде жүйе жүйесімен талғап, талдап көрсеткен [2,76 б].

«Ноль» деген өлеңде:

Қаламым, қарындашым – жан жолдасым!
Жау болды, жан аяспас сан жолдасым.
Қайырылып, мейірімденіп қарамайды,
Кеше аласа, бүгін зор, паң жолдасым...
Жарқырап нұрын шашып, жанады шам
Талайлар пайда алады жарығынан.
Су тамып, не жел тиіп сөне қалса,
Көрмей, басып, таптайды пайда алған

жан..., -дейді.

Ақынның зарланайын деген ойы жоқ, бірақ ақ көңіл, адал жүрек, арлы істі серік еткен адамдардың сиректігіне іші қынжылады. Өзінің бұрынғы дос деп жүргендері бір сәтте

манайынан алыстап кеткендігін көріп, шын досты өмірде табу қиын екенін айтады. Көңіл күйін осылай шертіп, ақын барша оқырман қауымына ой салады:

Демеймін мұнымды айтып зарланайын,
Жаралыс солай қылған адам жайын.
Жарық алып жалғанды тексерсең де,
Таза жүрек таппайсың, сол уайым.

Ақынның «Жиырма үш жасымда» атты өлеңі кей жинақтарда «Шын сырым» деген атпен белгілі. Бұл өлеңде көңіл-күйдің өзіндік ерекшелігі көрінеді. Сонымен қатар, шығармадағы табиғат көріністері де лирикалық қаһарманның сезімін сездіруге бағытталған.

Нұрыңнан нұр алып,
Аспанда жарық Ай,
Келеді қозғалып,

Жақындап бері қарай, – деген жолдарын қарап, расында айдың қыздан жарық алып, жылжып келе жатыр деп ұғынбаймыз. Сондай-ақ, Жетіқарақшының айналып іздеуі, «Күн батып жоғалды, Нұрыңнан ұялып» деп өрнектеуі барлығы – лирикалық қаһарманның қыз бейнесін өрнектеуде, қыз бейнесін жеткізуде жасаған бегілі бір құбылысты өзінше өрнектеуі.

Ақынның шабытына үн қосылса, өзіндік жан сыры тереңінен көрінетін әдемі жырлар туады. Ақын қиялының көңіліне қарай, соған ұқсаған сазды немесе мұңлы әуендер дүниеге келеді. Олай болса, Шәкәрім жырларының қайсысын алсақ та, оның тууына ақын көңілінің қай күйде болғаны әсер еткені белгілі. Демек, ақын заман таршылығын, ауысуын көргенде, жаңа заманның туғанын білгенде, қазақтың қалай ел болатынына уайым жеп жүргенде, терең философиялық астары бар шығармалар дүниеге келген. Айтарымыз: көңіл пырағы қай жерде аялдаса, шабыт шырағы жанып, тоқтаған «жерінің» ыңғайына қарай ақын ойы әр түрлі бағытқа жол тартқан.

Әдебиет

1 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі - Семей- Новосибирск: 2006 - 398 б.

2 Әбдіғазиев Б. Асыл арна - Алматы:1992 - 128

3 Мәшһүр-Жүсіп Қ. Көркем сөздің құдіреті.-

ШӘКӘРІМТАНУ

Павлодар: 2000 -288 б.

4 Қыраубаева А. Мен сорлы жоққа ғашық болып өттім. // Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. Б.33-39.

5 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш – Алматы: 2003 - 208 б.

6 Мәшһүр–Жүсіп Қ. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік, - Павлодар: 2007 – 442

б.

7 Есім Ғ. Данышпан Шәкәрім. – Алматы: Атамұра, 2008. – 336б.

8 Мәшһүр-Жүсіпов қ. Өлең – сөздің патшасы: Зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1991. – 216 б.

9 Тілешев Е.Е. Суреткер және көркемдік әдіс. – Алматы: «Арқас», 2005. – 278 б.



ШӘКӘРІМТАНУ

ӘОЖ 821.512.122

А.БАЙТӨКОВА, аға ғылыми қызметкер**Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайы****ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ**

Мақалада автор алғашқы қазақ баспасөздерінің халықтың мәдени өмірінде алар орнын көрсеткен. Шәкәрім Құдайбердіұлының қазақ тарихындағы баспасөз дамуына қосқан үлесін тілге тиек еткен.

Қазақ мерзімдік баспасының гүлдене бастаған уақыты XX ғасырдың бас кезіне тура келеді. XIX ғасырдың соңында «Түркістан уәләтының газеті» мен «Дала уәләтының газеті» атты екі басылым шығып тұрды. 1905 жылға қарай бірқатар жаңа газеттер мен журналдар пайда болды. 1907 жылы наурыз айында Троицкіде бірінші нөмірі шығысымен тыйым салынған «Қазақ» газеті жарық көрді. Оқу-ағарту идеяларын бұқара арасында насихаттау мақсатында «Айқап» журналы, «Киргизская степная газета», «Степной край» газеттері елеулі рөл атқарды. 1911 жылы Троицкіде «Айқап» журналының бірінші саны жарық көрді. Журнал әдебиеттің дамуы мен қазақ әдеби тілінің қалыптасуына үлкен үлес қосты. Онда ауыз әдебиеті, этнография, тарих жөніндегі зерттеу мақалалар жарияланды. Айқаптың «Өлең-жыр», «Фельетон», «Хабаршыларымыздан», «Ашық хат», «Басқармадан жауап» деп аталатын тұрақты айдарлары болған.

Халыққа қызмет етуде аса пайдалы қызмет атқарған газет – «Қазақ» газеті. Ол – қоғамдық-саяси және әдеби газет. 1913 жылы 2 ақпаннан бастап Орынборда аптасына бір рет, 1915 жылы аптасына екі рет шығып тұрған. Бірінші редакторы – белгілі ғалым, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы, екінші редакторы – жазушы, қоғам қайраткері Міржақып Дулатұлы,

бастырушысы «Азамат» серіктестігі Хусаинов-Каримов баспаханасында басылып тұрған. 1918 жылы редакторы Жанұзақ Жәнібеков болған.

Қазақ мәдениетін, білімін көгертуге ауадай қажет болған баспасөз саласына Шәкәрім елуден асқан шағында келсе де, аянбай, талмай бір кісідей атсалысып, одан 1920 жылдардың ортасына дейін қол үзбеді.

«Қазақ» газеті жарық көре бастаған 1913 жылдан-ақ Шәкәрім оны жазып алып тұруға Орынбордағы редакцияға ақша салып, оған қоса «Қазақ» құтты болсын» деген арнау жібереді:

Алуға жылдық «Қазақ» ақша салдым...

Ағайын, қырғыз-қазақ түгел қандас,

Ойлама газет бізге не керек деп,

Газетсіз ел жаны жоқ өлгенге есеп!

Көл болар көп түкірсе деген кәні,

Кетпей ме бір тоқтыны қасқыр да жеп... – деп халықты газетке жазылуға үгіттеді.

«Қазақ» газеті бірден қалың қазақтың сүйіспеншілігіне бөленгенде, қазақ зиялыларында оқырман қауымның «Айқап» журналын тастап кетпес пе екен деген қауіп жоқ емес еді. Оған «Қазақ» газетінің 1913 жылғы №18 санында Шәкәрім Құдайбердіұлы төрелік айтады: «Білімсіз ел жас бала сықылды: бір жаңа нәрсе көрінсе, бұрынғыны тастап соған ұмтылмақшы. Біздің қазақ «Қазақ» газетасы шыққан соң «Айқап» журналын тастап кете ме деп кәдік көремін. Тамам қырғыз һәм қазаққа

ШӘКӘРІМТАНУ

бір журнал, бір газета көптік қылмас, екеуін де алу керек! «Қазаққа» да «Айқапқа» да жазып тұрсаңыздар екен! Себебі «мынада пәленшенің сөзі жоқ» деп, сылтау қылып, не ындынсыз болмасын! Тағы бір сөзім: осы бір газета, бір журналымызды үлкейтеміз, көбейтеміз демей, қолдағы бар екеуін көп кісі алып тырыссақ болады. Осыдан артықты көтерер шамамыз жоқ қой әзір деп ойлаймын. Оқушымыз бен байлығымыз белгілі ғой». Екі жақты да ақылсабырға шақырған «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналына сөз жазушыларға» деген арнау өлеңінде айтылған.

Дұғай да дұғай сәлем айт,
«Айқап» пенен «Қазаққа».

Кекеу сөгіс сөзден қайт,
Кез боларсыз мазаққа.
Қарап жүріп қақтығып,
Қатынша сөзбен шаптығып,
Менікі жөн деп аптығып,
Неге түстің азапқа?

«Қазақтың» бетінде «Шәкерім Құдайбердин», «Мұтылған», «Шәкерім», «Ш.Қ.», «Шаһкәрім Құдайбердіұлы», «Ш.Мұтылған» деген есімдермен Шәкерімнің жиырмадан астам мақаласы жарық көрген екен. Олардың біразын атап көрсетер болсақ, «Өтініш» («Қазақ». 1914, 4 апрель. №57), «Би һәм билік туралы» («Қазақ». 1914, 8 июнь. №65), «Жазу мәселесі» («Қазақ». 1913, 21 қыркүйек. №22, 31), «Барша қырғыз-қазақ білімділеріне ашық хат» («Қазақ». 1915, 15 қазан. №15) тағы да басқа мақалалар.

Шәкерім «Айқаптың» 1912 жылғы №5 санында «Білімділерге бес сауал» атты мақаласын жариялайды. Бұл қойылған сауалдар ғұламаны қандай дүниетанымдық ойлар камалағанын және таяу келешекте меңгеретін ойшылдық кеңістігін білдірумен де құнды. Ойшылдың кейінгі шығармашылығынан бес сауалдың жауаптарын табуға болады. Мысалға: «Ең жақсы адам не қылған кісі?» деген сұрақтың жауабын «Мен жаздым өлеңмен бірталай сөз» деп басталатын өлеңінде жауап береді. Шәкерімнің білуінше, ең жақсы адам жүрегің кірсіз ұстаған және көпке пайдасын неғұрлым көбірек тигізген адам екен.

«Айқапта» басылған тағы бір «Сөз таласы»

атты мақаласында 1914 жылы өткен мұсылман съезіне қатысты «Айқап» пен «Қазақ» бетінде жарияланған екіұдай пікірталасты екшеп, ой шолу жасайды. Қай сын да мысқылмен емес, «ақ жүректен, жақындық – жақсы көргендіктен» болса ғана пайдаға асатынын ортаға салады. Келешекте пайдасы болсын деп әрі сол заманғы баспасөз мәдениеті қалыптасуы үшін нақты пікір айтады.

1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін ілешала Семей қаласында «Сарыарқа» газеті жарық көрген. Редакторлары Райымжан Мәрсеков пен Халел Ғаббасов болды. «Сарыарқа» газетіне алаш қаламгерлерінің барлығы бірдей шоғырланды. Олар: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Шәкерім Құдайбердиев, Халел Ғаббасов, Райымжан Мәрсекұлы, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Сәбит Дөнентаев т.б. Газет алғашқы сандарынан-ақ саяси ұстанған бағытының айқындылығымен, өткір мақала, батыл ойларымен ерекшеленді.

Сарыарқа газеті - аумалы-төкпелі заманда ұлтқа қызмет ету үшін дүниеге келіп, сол мақсатына толық жеткен басылым. Онда қазақ журналистикасы жанрларын барынша тиімді пайдаланды. Мұнда қысқа ақпараттар, репортаждар, мақала, очерк т.б. жарияланды. Шәкерім «Сарыарқа» газетіне «Қазақша ай аты жоқ», «Ашық хат», «Семей облысына қараған барша қазақ ағайындарға ашық хат», «Абылай хан мен Халдан ханның сөйлескені», «Земство туралы», «Жалпы қазақ съезі», «Қазақ қалыптары», «Есте болсын», «Ар қарызы» тағы басқа да бірнеше мақалаларын жариялады. Семейде шығып тұрған «Қазақ тілі» газетіне де «Сын һәм сынауды сынау», «Қазақ балаларының оқу орыс тілінде қойылған мектептерге қашуы неліктен?», «Қазақ тілі» газетінің басқармасына өтініш» сияқты қысқа әрі мағыналы, мақалаларын, мазалап жүрген ой-толғаныстарын жариялап отырған. Газетте Шәкерім ақынның «Еңлік-Кебек» пьесасын сахналау жайы қозғалған.

Келесі Шәкерім қалам тербеген журнал - «Абай» журналы. Бұл журнал - 1918 жылы Семейде Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов шығарған басылым. «Абай» журналы сол

ШӘКӘРІМТАНУ

кездегі баспасөздің ең биігі деп бағалауға болады. Ол «Қазақ» газетінің жолын жалғастырып, Абайдың рухани мұрасын жұрт жадына сіңірді. Бұл журналға да Шәкәрім өзінің «Ұлтшылдық туралы» атты мақаласын жұртшылық назарына ұсынды. Мұнда: «Абай» журналының екінші нөміріне ардақты Мәнен бауырымыздың «Ұлтшылдық» деген мақаласына бір ауыз сөз айтқымыз келеді...» деп, «Ұлтшылдықтан мәдениет, мәдениеттен адамшылық туады», деген ой қосады.

Журнал осыған дейін жарық көрген «Қазақ» газетінің жолын жалғастырды. «Сарыарқа» газетімен үндес, пікірлес болды. «Бірлік туы», «Жас азамат» газеттеріне рухани қолдау білдіріп отырды. Онда жарияланған мақалалар азат рухты, елдік мәселелерді көтерді. Жарияланымдарға философиялық тереңдік, кемелдік, байыптылық тән болды. Күнделікті күйбең тірлік, ұсақ-түйек жаңалық, ақпарлар емес, елдік, дүниежүзілік деңгейдегі ғылым-білім, өркениет мәселелеріне қалам тартты. Мұнда да қаламгерлер қатары сайдың тасындай іріктелген таланттар шоғыры болды. Олар: Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Міржақып Дулатов, Шәкәрім Құдайбердиев, Ғұмар Қарашбаласы, Мәннан Тұрғанбай, Сәбит Дөнентаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Абайдың ұрпақтары - Ақылбай мен Мағауия, т.б.

Семейде Мұхтар Әуезов, Жұмат Шанин, Шаймерден Тоқжігітовтардың ұйымдастыруымен 1925 жылы «Таң» журналы жарық көреді. Журналдың шығуына алдымен қуанған Шәкәрім болды.

Кейіме, кәрі жан,
Өмірің тозғанға,
Оянып ұйқыдан,
Әнге сал қозғал да.

Жаңа тілек,
Жарық таң атты, міне,
Байғазы
Қада сен

Мынау жас журналға, - деп, «Таң» журналына жаңа әнмен байғазы» және «Таң» журналына тағы бір әнмен байғазы» деген өлеңдерімен журнал оқырмандарын құттықтайды. Журналдың үшінші санында «Ескі билік», «Қараменде мен Кеңгірбай» әңгімелері «Шәкәрім ақсақал айтуынша» айдарымен жарық көрді.

Қарт ақын қазақ халқының мәдениетін, дүниетанымы мен рухын көтеретін газет-журналдардың қазақ даласында шыға бастағанына қуанышын білдіріп, байғазы өлеңдер жазып, мақалаларын жариялап, баспасөзге өз үлесін қосып отырды. Шәкәрім қазақ газет-журналдарының тұрақты оқырманы ғана емес, белсенді авторы, жанашыр жаршысы да бола білді.

Әдебиет

1 Шаһкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының үш томдық жинағы. 1-т. – Алматы: Халықаралық Абай клубы.- 2008.- 408 б.

2 Шаһкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының үш томдық жинағы. 3-т. – Алматы: Халықаралық Абай клубы.- 2008.- 408 б.

3 Шәкәрім. энциклопедия. – Семей: Тенгри. – 2008. – 864 б.

4 «Қазақ» газеті // №05-06 (623-624), 2-8 ақпан, 2013-02-19

5 «Таң-Шолпан» журналы // №1, 2001



ӘОЖ 821.512.122

Қ. АЛПЫСБАЕВ, филология ғылымдарының докторы, профессор
Халықаралық Түркі академиясы



«КӨШПЕНДІЛЕР» РОМАНЫНДАҒЫ АЛАШТЫҚ РУХ КӨРІНІСІ

Қазақ әдебиетінің тарихында оқшау орны бар дара тұлға Лияс Есенберлиннің «Көшпенділері» тарихты көркемдік пайымдаудың үздік үлгілерінің бірі болып қала бермек. Ғалым Қ.Алпысбаев жазушының көптомдық шығармасының құндылығы ондағы ұлттық болмыстың тереңдігінде, ал оның негізі Алаш рухынан бастау алатындығын талдап көрсетеді.

Халық ғұмыры – тарихи дамудың диалектикалық заңдылығын құрайтын жалғыз нысана. Дәуірлер сипатынан табиғи дамудың бел-белестерін, алған асу, шыққан биігін пайымдап, кешегі мен бүгіннің арақатынасын ажыратуға, өзгенің өресі жетпес жорамал деректердің жанды-жансыз жобасын жасауға болады.

Осы ретте көз жетер тарихын қаламен аттап, қағазға тақтап қойған елге қызыға да, қызғана да қарайсың. Хаттаулы тарих – халық болмысының рухани, мәдени өрісіне берілген төлқұжат. Ондай елдің әлемдік дамудағы кімнің-кім болғанын сарапқа салар тұста алдына жан салмай кететіні де сондықтан.

Қазақ қауымының қолына қалам алған санасы сардар азаматтарының қай-қайсысы болсын, әсіресе ХХ ғасырдың алғашқы шеңберінен бастап тарихи деректерге ден қоя бастауының себебін біз осы жайдармен байланыстыра қарауымыз керек. Өйткені «Алаш қозғалысына қатысып, «Алаш» партиясын құрысып, Алашорда үкіметін жасаған қайраткерлер ішінен қазақ әдебиетінің алтын дінгек, сом тұғырлары шықты. Отаршылдықпен шайқас, артта қалушылыққа қарсылық, надандықты мансұқ ету, азат, тәуелсіз демократиялық, дербес мемлекет құруды биік нысана ету, белгілі бір тап мүддесі емес, жалпы ұлт мақсаты үшін күресі, өркениетті нысана ету

– бұл ағымда болған ұлылы-кішілі азаматтардың баршасының дүниетанымына ортақ, ерекше қасиет» [1,424-б] болды. Ұлт тарихының мәнді тұстары А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ж.Досмұхамедов, С.Сейфуллин, М.Әуезов шығармаларында қамтыла бастаған. Қазақ елі тарихының әдебиеттегі көрінісі сол дәуірдегі қазақ әдебиеттануының көрнекті өкілдерінің еңбектерінде көрініс тауып, әр қырынан сөз болды. Бұл ежелден-ақ көркем әдебиет пен тарихтың арақатынасы сөз боп келе жатқан қазақ әдебиеттану ғылымында да түбірлі мәселе екенін көрсетеді. Алайда түбірі терең, түбегейлі шындықты жүйелеп, ұлттық ғұмырнаманың әлемдік дамудағы дара тұстарын ашып көрсетудің алғашқы талпыныстарына талағы тар заман тұсау салып бақты.

Ұлт тарихының шындығынан жасқанудың коммунистік идеологияның күшті қаруларының біріне айналуы да сол ХХ ғасырдың болмысындағы танымдық кереғарлықтың керемет мысалы болып қала бермек. Солай дегенмен халық зердесі бұғауға да, бұрауға да көнбейтін қуат. Халық зердесі ешқашан да ұмытшақтық кеселіне ұшыраған емес. Ал зерденің зерлі нұсқаларына зер сала қарап, қара қылды қақ жарар әділет биігінен пайымдау – сол халықтың қанатты перзенттерінің парызы болған.

АЛАШТАНУ

Бізге тұстас дәуірде, алғашқылардың бірі болып, осы үдеден шыққан жазушы Илияс Есенберлин болды. Оның алты кітаптан тұратын тарихи эпопеясы сөз өнерінің әлемдік нұсқасына қосылған тарихты көркемдік пайымдаудың, әдебиеттегі алаштық мақсат пен ұлттық рух көрінісінің үздік үлгілерінің бірі болып қала бермек.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жазушының туғанына 80 жыл толуы қарсаңында «Ақиқат шындық темір шымылдықтың ар жағында тұтқындалып, ата тарихының «ақтаңдақтарын» зерттеу тыйым салынған жылдары Ілекең қазақ қаламгерлерінің алғашқысы болып қиын да күрделі тақырыпқа – Қазақ хандығының бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күресі тақырыбына қалам тартып қана қойған жоқ, өзінің эпикалық құлашы, халық өмірінің сан алуан қырын кең қамтуы, қазақ тарихының кемеңгер көсемдерінің қайталанбас бейнелерін сомдауы жағынан өзге туындылардан оқ бойы алда тұрған талантты шығармасы – «Көшпенділер» тарихи трилогиясын дүниеге әкелді. Бүгінде дүние жүзінің көптеген халықтарының тіліне аударылып, әлденеше рет басылған жазушының осы еңбегін хандық дәуірдегі қазақ өмірінің энциклопедиясы десек артық бола қоймас» [2,3-б] - деп жазғанындай бұл шығарманы қазақ халқының баға жетпес көркем туындысы әрі ешқандай шығармамен теңестіруге болмайтын орны бөлек тарихи, ғылыми жағынан кең қамтылған кесек дүние дегеніміз орынды.

Рас, Есенберлиннің тарихи тақырыпқа жазылған романдарынан бұрын да одақ көлемінде фундаментальді тарихи шығармалар жарық көрген. Алексей Толстойдың «Бірінші Петр», Василий Янның «Шыңғысхан», Г.Гамсахурдияның «Давид IV Строитель» тағы басқа романдар сөз жоқ тарихта үлкен орны бар, олардың авторлары да өте талантты танымал тұлғалар. Бірақ олар өз шығармаларындағы кейіпкерлерін қай қырынан көрсетем десе де, ашығын айтқанда «жоқтан бар жасап, болмағанды болды» десе де шек қойылмады. Роман қалай жазылса, баспадан солай жарық көрді, барынша ерік берілді. Идеология

тарапынан ешқандай қысым, ешқандай кедергі болмады. Міне осыны жоғарыдағы кітап авторлары қажетінше пайдаланды.

Ал Есенберлинде мұндай еркіндік жоқ екені белгілі. Қазақтан шыққан батырларды, атақты хандарды, от ауыз, орақ тілді билер мен шешендерді насихаттауға, олардың батырлығы мен ерлігін өнері мен өткірлігін, ұйымшылдығы мен бірлігін қалың оқырманға жеткізуге партиялық цензура тарапынан қатаң тыйым салынатын кез. Керек болса, партиялық идеология қазақ халқының ғасырлар бойғы бай тарихын жылы жауып қойып, қазақ тарихы «Ұлы октябрь революциясынан бастау алады» дегенге дейін барды. Ал коммунистік партияның сол кездегі көшбасшысы Л.Брежнев бір сиезде «Қазақстанда қайдағы бір Кенесары Қасымов дегенді шығарып алды» деп ашуланып, сес көрсеткені бар.

І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы партиялық идеологияның қылышынан қан тамып тұрған уақытта дүниеге келген шығарма. Ол кезде мұндай шығарманы жазбақ тұрмақ қазақ халқының ертеректе өмір сүрген артында мол мұра қалдырған, елім деп еңіреген, ел үшін, жер үшін мерт болған батырларының, хандарының, шешендерінің атын атаудың өзі, олар жөнінде әңгіме қозғаудың өзі қиын еді, қауіпті еді. Ал Илияс Есенберлин осының бәрін біле тұрып қазақ халқының өткен тарихын бейнелейтін, тарихтан мол мағлұмат беретін бір кітап емес, бірнеше роман жазып, оқырманға ұсынуы жай ерлік қана емес, талантты жазушының, саяси жеңісі еді.

«Көшпенділер» ұлт тарихының бастау көзі беріде емес, әріде жатқандығына жөн сілтеді. Бүкіл бір халықтың өмір-тарихы ұмытылып бара жатқандығын еске сала отырып, оған кінәлі коммунистік саясат екендігін ашып айтпаса да, өмір ағысы басқа арнамен ағылып бара жатқандығын, тарих беттері бұрмалағандығын көркем тілмен бейнелеп берді.

Есенберлиннің осы трилогиясынан нәр алып, көп нәрседен мағлұмат алған көпшілік оқырман ондаған жылдардан соң тоталитарлық жүйеге қарсылық білдіргенін дүние жүзі біледі. Бірақ қылышынан қан тамған Горбачевтік-Колбиндік баскесерлер әділдік іздеп, бой көрсеткен

АЛАШТАНУ

жастарды қалай қуғындап, қалай түрмеге жапқанына тарих куә.

Қазақ халқының бұрмаланған тарихын зерделей білген Есенберлин ұлт тағдырының дәуірлер бедеріндегі болмысын өнер тілімен өрнектеп баяндау мақсатында қолына қалам алып, «Көшпенділер» трилогиясын жазуға кірісті. Әсіресе Қазақстанның өз еркімен Ресейге қалай қосылғандығын, оның пайдалы және зиянды тұстарын нақты дәлелдермен оқырман алдына ұсынды. Әбілқайыр хан мен Абылай ханның әр кезеңдердегі осы мәселелерге байланысты іс-әрекеттерін көрсетуге тырысты. Қазақ халқының ержүректілігін, қандай жағдайда болсын елін, жерін сыртқы жаулардан қорғай алатындығын көрсетіп берді.

Қазақ қандай халық, олар қашан және қалай қалыптасты, жеке ұлт ретінде танылуға қандай мүмкіндіктері бар? Романда осы сұрақтарға нақты жауап берілген. Бұл тоталитарлық жүйе билік құрған кезеңдегі ұлтты сақтап қалу үшін жасалған бірден-бір қадам болатын.

Бүгінгі күнді сол өткеннің нәтижесі ретінде таныған Есенберлин қоғамның түрлі қабаттарындағы жасырын қалған күрделі оқиғаларды, аса мәнді тарихи кезеңдерді әлемдік тарихтағы ұлы оқиғалармен салыстыра отырып, небір тар, қысылтаяң замандарда өз бойынан қуат тапқан халық күшінің құдыретін көркем бейнелеуге ұмтылады. Ол көне тарихқа бүгінгі заман талғамы тұрғысынан өлшеп үңіледі.

Негізгі өзегі сол кезең үшін аса маңызды болған нақты тарихи тартыстарға құрылған І.Есенберлин романдарының сюжеттік желісінде тарихи-документтік сипат пен романтикалық леп аралас келіп отырады.

І.Есенберлин – тарихи деректерді терең меңгерген сөз зергері әрі сол заманға сай тарихи сипатты нақты көре білген зерделі қаламгер. Оның шығармаларында суреттеліп отырған заманның ерекшеліктері мен өзіндік келбетін танытатын поэтикалық қуат тарихи тұрғыдан нанымды. Есенберлин қаһармандарының мінез ерекшеліктерінен қоршаған ортаның жағдайынан туындап отыратын поэтикалық қиял, ойдан шығарған оқиғалар шынайы

сипатқа ие екендігін көреміз. Жазушылық қабілет пен үлкен зерттеушілік ізденістің нәтижесінде дүниеге келген «Көшпенділер» мен «Алтын Орда» трилогиялары ғылыми ой мен творчестволық қиялдың тамаша синтезі деуге болады.

Халықтың қай кезең болсын езгіге, бұғауға, қорлыққа шыдамай, бостандық, теңдік, еркіндік үшін соңғы күшін сарқып күресе беретіндігін кең тыныста суреттейтін трилогияда күрескерлік идея бой оздыра көрініп отырады, оптимистік күрес жолы көркем хикаяланады.

Халықтың жеке ел болуындағы ең үлкен және соңғы қуатты тегеуріні қазақ халқының жоңғардың жойқын шабуылына төтеп беріп, елдігі мен жерін сақтап қалуы болды. Бұл нағыз Ұлы Отан соғысы, сол отан үшін шайқастағы тұтас халықтың ерлігі еді. Бұл сипат, Отан іргесін сақтап қалу үшін болған ұлы шайқас романда бар болмысымен жан-жақты көрінеді. Тарих оқулықтарында «өз еркімен қосылды» деп түсіндіріліп келген Россия империясына қазақ даласының бағындырылу процесінің қиын да күрделі сипаты «Жанталас» романында Әбілқайыр, Барақ, Абылай сияқты әртүрлі көзқарастағы ел билеушілерінің іс-әрекет, айла шарғылары арқылы көрініс табады. Қандай тығырықтан да халық өзін-өзі шығарады. Трилогияның алтын желісі, негізгі өзегі – қазақ халқының саясат бұғауы, шовинизм құрсауымен беймәлім болып келген тарихын өзіне таныту. «Адамзаттың нағыз шын тарихын тарихшы емес, суреткер жазады», - дейді М.Горький. І.Есенберлин осы принципті ту етіп ұстап, ғылымда да осы уақытқа дейін терең сараланып бітпеген тарихтың қос қыртыс қатпарларына қазақ қаламгерлерінің ішінде тұңғыш рет қаламгер көзімен саяхат жасап, оқырман назарын көне тарихтың әлі ашыла қоймаған тың беттеріне аударады. Максим Горький Жазушылардың бүкілодақтық бірінші съезінде сөйлеген сөзінде тарихи тақырыпты терендете түсудің аса қиын екеніне баса назар аудара келе былай деген болатын: «Біз өткен заманның тарихын білмейміз. Удельдік-князьдік және шекаралық қалалардың құрылғанынан бастап осы күнге дейінгі тарихын жазуды ұйғарып отырмыз, бұл ішінара қолға да алына бастады.

АЛАШТАНУ

Бұл жұмыс бізге очерк, әңгімелер арқылы феодалдық Россияның өмірін, Москва князьдары мен патшаларының отарлық саясатын, сауда мен өнеркәсіптің дамуы, князьдың, воеводаның, көпестің, ұсақ мешанның, шіркеудің шаруаларды қалай қанап келгенін айқын көрсетіп беруге тиіс...

Біз одақтас республикалардың өткен кездегі тарихын білуіміз керек» [27].

Алайда бұл ойды жүзеге асыруға солақай саясаттың кесірінен Одақтас республика жазушылары үшін дер кезінде мүмкіншілік тумады. Өйткені біржақты саясат ұлт тарихына қатысты бұрынғының бәрінен бойды аулақ ұстауға мәжбүр еткен еді. Бұл орайда Ілияс Есенберлин дәуір тынысын жіті бақылай отырып, халық тарихының ең күрделі кезеңін бейнелейтін тарихи романдарды дүниеге әкелді.

Авторын абыройға жеткізіп, жігер отына бөлеген «Көшпенділердің» халықтың алау ықыласы мен кенен ілтипатына ілігу себебін шығарманың көркемдік қасиетіне байланысты ғана қарау жеткіліксіз. Ілияс Есенберлин қаламынан туған тарихи романдардың жылдар бойына әсері кемімей келе жату сыры тереңіректе жатқан секілді. Тереңде жатқан сыр болмысына бойлай қарасақ, тағы да уақыт өлшемі мен замана талабы деген ұғым айшықтала береді. Ой, сана жазушы қаламының қыран қимылына, қиял қиянына бұрылады, ашып айтуға сол замананың тар кезеңі тұсау болған тарихи шындықты көркемдік үлгіде танып-білудің алғашқы талпынысына жетелейді.

Өйткені, өткеніміз туралы кешеге дейін там-тұмдап қана дерек біліп келсек, «Көшпенділер» елдік дәстүріміз, ғасырларға созылған шытырманға толы тарихымыз бар екенін көркем әдебиет әлемінде тұңғыш рет таныстыра алды. Ол ол ма, бұл шығармадан тіпті тарихи еңбектерде шешімін тауып болмаған немесе басы бірікпей шашыранды түрінде жатқан мағлұматтардың бір жүйеге түскен желісін көреміз. Соншама көп фактілерді жазушы жалаң тізбей, роман шарттарына лайықтап, қорытып, көркемдік қиялға бөлеп бере алуы шығарманың тартымдылық қасиетін арттыра түсті. Міне, осындай тарих пен аңыздың, қиял ауқымы мен

шеберліктің бірлестік табуы трилогияның өзгеше бітімін белгілеген еді. Сонымен қатар әдебиеттегі белгілі жанрлардың шартына сай бағалау қиындығы да шығарманың материалы, жанры, көркемдік тәсілі мейлінше тың болғандығын көрсетіп тұр.

Жаладан емес, жаладан шегер жападан қорыққан күйректік меңдеген заманда бүгін бір халықтың қабыланға қарсы шауып, қарсақтан қаймыққан бала мінез, барын бағалай алмай жатып, жортып жүріп жоғын іздеген ақ жүрек жомарт халықтың тарихи зердесін оятуға тәуекел етуі ерлікке пара-пар қимыл еді. Ол осы үдеден шыға білді.

Солақай сынның, алакөз пиғылдың, таным таяздығының алғашқы қадамға тигізер кесірінен де қорықпады. Сенім салмағы алдымен халық парасатына жүктелді. Ана-халық айтар ақырғы сөздің ақ боларына сенген жазушы қаламынан қазақ тарихының, Дала ғұмырнамасының ғасырлар ғаламаты алмағайып күйге салған көркем бейнесі туды.

Арғысын айтпағанның өзінде, бүгінгі ұлттық дүниетаным өресі деңгейінен қараған оқырманға Ілияс Есенберлин ерлігіндегі біз пайымдаған үш арна сөз өнерінің диалектикалық нысанасындағы биік талғамға жауап беріп тұрғаны анық. Олар – аты мен затын аңыз желісі көмескілеп, іс-қимылын адам психологиясындағы зандылықтардан бөліп әкеткен тарихи тұлғаларды қайтадан жандандырып әкелуі, олардың болмыс-бітіміндегі тарихи таңбалардың ақ-қарасын ажыратып беруі. Ел аузындағы аңыз-болжамдармен астасып барып көптеген шығармаларға жеңіл желі болған Шыңғыс әулетінің өз дәуіріндегі рухани, саяси, адами бейнесін мүмкін алғаш рет аша білген осы Ілияс Есенберлин эпопеясы шығар. Мұны – бірінші арна деп ұғыңыз.

Екінші арна – тарихи катаклизмдер тұсындағы жеке адамның қажыр-қайраты мен халықтық іс-қимылдардың өзара үйлесуінен туындайтын идеал беріктігі, мақсат бірлігі. Адасудың аранды сүрлеуінен бұрып әкетер жалғыз қуат – өмір өркенінің тым нәзік әрі тым киелі екенін ажырата білу, халық қаһарынан қатал күштің жоқ екенін сезіну болса керек.

АЛАШТАНУ

«Шоқпар ұстаған жұртты қамшымен бағындыру» [3,193-б] айтуға жеңіл әрине. Сондықтан да болар, сүйенер жұртының сенімін ояту арқылы ғана іске асар осынау ірілікті адамзат тарихы саусақпен ғана санап бере алады.

Бағындыру арқылы бағыну – мұратқа жетудің төте жолы бола алмақ емес. Ауыздағыдан айырар алауыз меңдеген ұрпақ, тіпті ел мұраты, халық қамы үшін болса да, баяны жоқ билікке таласқан ұрпақ түптің түбінде су аяғы құрдымға кетпек. Қараға күні түскен ханның кебі жеке адамның ғана пешенесіне жазылар трагедия емес, бұл кеп бүтін бір халықтың да бағаналы басына бақан ойнатуы мүмкін. Илияс Есенберлин еңбегіндегі тарихи тәлімдер (тұжырымдар) осыған меңзейді.

Эпопеядағы үшінші арна – сөз өнеріндегі жанрлық қуаттардың жымдасуы, ізденіс шиырларының бір арнаға ұласып, тарихи шежірелер мен аңыздардың, мифтік бейнелер мен мифологиялық сарындардың жандануы. Болған, бірақ тірі куәсі жоқ оқиғаның барысындағы іс-қимылдардың нанымдылығы.

Рас, шығарманың кей тұстары әдеби-көркем шығармадан гөрі тарих оқулығына көбірек ұқсап кетеді. Біле-білсек, жазушы бұл әрекеттерге саналы түрде барған. Мұны біз Қадыр ақын айтпақшы, «тарихы қалың, оқулығы жұп-жұқа елдің» өткенінен бүгінгі ұрпаққа толыққанды хабар беру ниетінен туындаған өзіндік тәсіл деп түсінуіміз керек. Өйткені бұл шығарма сол кезең туралы алғашқы барлау ғой. Осы ретте қандай іске құлаш ұрғанын бір кісідей санаулы санаткерлердің қатарында тұрған қаламгердің кезінде «Қаһар» романы туралы айтқан мына пікірі еске түседі: «Тарихи эпопеяны жазуды соңғы кітаптан бастауымның себебі – жиналған архив деректерінің молдығы, қамтылатын дәуірлер ауқымының кеңдігі, ойлаған, жоспарлаған кітаптарды түгел жазуға ғұмырым жете ме, жетпей ме деген күдік» дей келіп, ол көңіліне ұялаған күдігі туралы «Жұлдыз» журналының тілшісіне берген сұхбатында былай деді: «Мұның мәнісі бар. О баста, тарихи деректерді жинау кезінде, романға кіріспес бұрын, іштей жоспар жасаған едім. Яғни көңілімде, іс жоспарымда халқымыздың

500 жылдық тарихын қамтитын трилогия болып қалыптасты. Бірақ трилогияның ең соңынан бастауыма себеп болды. Ең алдымен тіршіліктің кейбір тауқыметін тартқандықтан ба, үшеуін бірден қамтып жазуға өмірім жете ме, жетпей ме деп те қауіптендім. Содан болар халыққа, болашақ үрім бұтаққа айтпақ болған ойымның тарихи оқиғаларға деген жазушылық тенденциям мен позициямның айқын көрінісі болған басты темір қазығым – «Қаһар» еді. Егер алдыңғыларын айтып келіп, көксеген негізгі ойыма қол жетпей қалса, өмірбақи арманда, орны толмас өкініште өтуім мүмкін ғой. Ойға алған, көңілге түйген трилогияның ең әуелі соңынан бастап жазылу сыры осы еді» [4,209-213-б.б].

Бүгінгі болмыстың деңгейінен караған оқырманға жазушының бұл жан сырындағы жасырын иірімдер көп нәрсені аңғартса керек. «Қаһар» романы билікке машыққан «білгірлікке», «Сақтықтан» самарқау тартқан санаға, аттыға ілесем деп таңы айырылған «хан-талапай» қауымының қас-қабағына жасалған барлау болатын. Роман сонымен бірге, оқырман деп аталатын, жақсыны-жақсы, жаманды-жаман деп айтуға арын да, барын да салуға әрқашан даяр тұрар тура бидің тарихи зердесін тағы бір селт еткізерге жасалған талпыныс еді.

Өйткені бұл романға арқау болған кезінде қазақ зиялыларының басына қатер төндірген тақырып еді. Қазақтың ұлы тарихшысы Е.Бекмаханов сол кезең шындығын бұрмаламай жазам деп бас бостандығынан айырылған. «Хан Кене» тарихи драмасын жазам деп М.Әуезов азапты күндерді бастан кешірген.

Халық «Қаһарға» деген адалдығын, таланты тас жарған перзентіне деген махаббатын бірден байқатып, суреткерді алакөзден де, жала сөзден де арашалап алды. Аты озғанның алдынан жарылқар батасын берді. Қамшының сабындай қысқа ғұмырға ғасырларға жетер қуат қосты. Қазақ тарихы, қазақ әдебиеті, қазақ қауымы дамудың дара биігінде орны бар, өзгенің өресіне де, сөресіне де көлеңкесін түсірмей, көсіліп жатқан рухани, мәдени, геосаяси өрісі бар елдің болмысымен қайтадан қауышты.

Иә, өткен дәуір, өшкен өмір елестерін қайта тірілтіп, сан әрекет, сансыз істердің мәнге ие

АЛАШТАНУ

болар тұстарын ғана сұрыптап талғай білудің өзі оңай емес екені түсінікті жай. Ал жеті ғасырға жуық мезгілді қамтитын кемел еңбектің кемерін тауып, сан тарау жолдың түйісер тұсын межелеу, сан сала бұлақтың тоғысар арнасын абайлау тарлан талант қана көтеретін жүк. Арынды мінез, арқалы дарынның ғана қолынан келетін «Көшпенділерде» қазақ хандығының ХҮ-ХІХ ғасырлар арасындағы тарихы суреттеліп, халық өмірін бейнелейтін орасан үлкен оқиғалар, түрлі байланыстар, сан алуан адамдар тағдыры әдеби бейнеге айналып, көркемдік тұрғыдан баяндалады. Осылайша қазақ хандығының ХҮ-ХІХ ғасыр арасындағы құрылу мен қалыптасу процесінің, жоңғар басқыншыларына қарсы күресінің, Кенесары бастаған қозғалыстың себеп-салдары, сыр-сипаты мен ақиқаты, қамтылған қомақты-қомақты кезеңдерін «Көшпенділер» трилогиясына арқау еткен жазушы, тарих қойнауына бойлай түсіп, ХІІІ-ХҮ ғасыр аралығын шежірелеп беретін «Алтын Орда» трилогиясын жазып шықты.

І.Есенберлин романында айқын байқалатын құбылыстың бірі – танымдық фантазиялық және философиялық қарым, оның кең әрі мол сипаты. Жазушы кітаптың өн бойында өзінің дүниетаным, талғам таразысынан ауытқымайды. Ол – атақты хандардың, айбынды әмірлердің даңқы мен байлығы қарапайым халық қанымен, жасымен суарылғандығын дәл бейнелеп көрсете білді. Зорлыққа, қарудың күшіне ғана негізделген Алтын Орданың ұзақ жылдар бойы салтанат құруы, хандардың өзара алауыздығы мен бақталастығы, азғындауы, оларға қарсы езілгендердің күреске шығуы, үздіксіз соғыстар мен жазықсыз қырылған халық тағдыры шынайы суреттеліп, шебер қиюластырылады. «Алтын орда» деген географиялық атау, өткеннің бұлдыр елесі емес, нақтылы құрамы, билеу жүйесі бар ел екендігі, ол мемлекеттің басында дарын, қайрат, қабілеті күшті қайраткерлер де, ата даңқына малданған, ұсақ мінезді, қара басының мүддесі үшін ғана бәрін сатып жіберетін опасыз, күйкі жандар да отырғаны жүректі сыздатып, сананы сан-саққа бұратын әсерлі қалыпта қатар түзейді. Халық қолдамаған, бейбітшілікке, еңбекке, әділетке негізделмеген әкімшіліктің өмірі ұзақ

болмайтынын ұқтырады. Жалпы мемлекеттік емес, жеке бастың қамынан шыққан мақсат әрқашан бұзықтыққа, опасыздыққа апарып соғатындығын еске салады.

Жеке адамның бойындағы алапат алғырлықтың арамзалыққа ауысып, қалың нөпір қарапайым халықты да, ел үшін етегімен су кешіп, кеудесін оққа төсеп жүрген есіл ерлерді де қайранға тастап, өз мақсатының игілігі үшін жапа шектіртіп, қырғынға ұшыратқан опасыз пиғылдары олардың бір өзінде «қырық кісінің айласы бар» хандық тұлғалармен қабат өріліп көрсетілген бейнелері эпопеяның әр бетінде көрініс тауып жатады. Терең ақылдың опасыздық айласына айналып, бет қаратпас өжет батырлықтың жауыздыққа ұласып жатқан жантүршігерлік қым-қуыт психологиялық сәттер халық тарихының қатпар-қатпар шындығы екені көз алдына келеді. Ол – бүгінгі заманның да ақиқаты. Жазушы өзі өмір сүрген кезең шындығын өткен дәуір елесін көз алдымызға келтіру арқылы беруге тырысқан. Ел басқару мен мемлекет билігіндегі ғасырлар бойы қайталанып келген, тіпті жаңа қоғамдық формацияның тұсында да сыртқы түрі ғана өзгергенімен, мемлекеттік тұрғыдан империялық идея мен жеке тұлғалардағы өзімшіл пиғылдың жаңа формада етек алып отырғанын тарихи кейіпкерлер бейнесі арқылы еске салады. Тарих пен қазіргі заман диалектикасын көркемдік тұрғыдан танып, заман шындығын өнер туындысымен бейнелеп бере білген жазушы қуатына сүйсінесіз.

Дала төсіндегі тарлан тұлға, тарихи нысананың бірі, аты аңызбен астасып кеткен Тоқтамыстың эпопеядағы тұтас бейнесі емес, бір ғана сәтін еске түсірейік: «Тоқтамыстың өзі бастаған, қаныпезер әскері қыпшақтың әділетсіздікке қарсы бас көтерген ер жігіттерін қойдай қырды, тіпті қуып жүріп сауғалай қол көтергенін қылышпен шапты, қашып құтыламын дегенін найзамен түйрей жер құштырды.

Күн бесінге айналғанда дүние жүзі қып-қызыл қанға боянып, ұрыс тынды. «Қыпшақ қырылған» деген жер содан қалды.

- Кімде-кім маған қарсы қол көтерсе, осылай қырылады! - деді Тоқтамыс [5,262-б]. «Ханның

АЛАШТАНУ

бұларды алдап ұрғанын» кеш білген ел осылайша қырылып қалмақ. «Қырық айлалы хан» тағы да алдап түсірді. Өйткені «халық деген алақанын түкіріп күреске шықса, кімді болса да алып ұратын балуан екенін ол бұрыннан сезетін» [4].

Сондықтан да Тоқтамыс көкжиекте шоғырланып жинала бастаған халықты көріп сескенеді. «Көп қорқытады, терең батырады» деген қағиданы жақсы түсінген ол алпыс екі тамырлы айлаға көшеді. Жолбарыс жүректі батырлар бастаған азаматтық ойдағы арында топтың талабына көнгендей, келісімге келгендей болып алдаусыратып барып, орайын тауып оларды орға түсіреді.

Қоғамдық формациялардың кез-келген тұсында да, тарихи дамудың қай кезеңдерінде де қайталана беретін психологиялық сәттерді (ұқсастықтарды) терең түсініп, жіті сезінген жазушы талантына тәнті боласыз. Тарихи дәуірлердің көркем бейнесін жасап, ой қорытып, келер күндер елесін де болжай алған, тіпті сол күндерге эпопея беттеріндегі суреттелген түрлі оқиғалар арқылы кейінгі ұрпаққа бағыт беруді, ой тастауды мақсат еткен І.Есенберлин кемеңгерлігін бүгін де жасыруға болмас. І.Есенберлин эпопеясындағы дәуір шындығы сол суреттеліп отырған кезеңге ғана тән деп қарауға, жағымсыз қылық, опасыз жан, айлалы әрекет, арамза ой, өзімшіл пиғыл, үстемшіл идея тек сол ғасыр адамдарын көрсететін ғана бейнелер деуге болмайды. Ол – жазушы өмір сүрген ортаның да жарқын көрінісі одан кейінгі кезеңнің де елесі. Әр бетті оқыған сайын бүгінгі күнмен астасып жатқан тарихи сипаттар жазушы қиялымен өріліп, шеберлікпен жымдасқан қияметті тірлік, қиянатқа толы өмір, қасиетті сенім мен қасіретті өлім, алау арман мен айықпас қайғы араласқан аласапыран оқиғалар арқылы көз алдыңнан өтіп жатады. Қаталдық пен кекті көңілдің, қатыгездік пен шуақты мейірдің мәңгілік айқасын жеріне жеткізе суреттеп, бейнелеп бере алған Илияс Есенберлин тәуелсіздік рухы мен ұлттық сана, ұлттық намысты оятып, азаттыққа ұмтылу идеясын қалыптастырудың арнаға айналар қайнар көздерін ашып берген.

Қай кезде де ел басында, мемлекет тұғырында

жүрегіне ұлттық сана сезім ұялап, бойына ұлттық сана сіңген, ойын ұлттық патриотизм кернеген, жадында халық тарихы орын тепкен, бар күш-жігерін, парасат-білімін, ақыл-зердесін шын таза гуманистік идеямен көмкере біліп, өзі басқарып отырған мемлекеттің болашағы үшін, сол мемлекетті иеленетін, жер, суын ғасырлар бойы қан төгіп жүріп қорғап келген негізгі күшін халықтың ұлттық тағдырына арнайтын, шын күйінетін адам болмайынша зұлым саясат, сұрқия мінез, жеке бастың қамы үшін ғана күрес қайталана беретінін, жалғаса беретінін ескертіп тұрғандай.

Ойлап қарайық, бүгінде өркениет те (реформа барысы) біртіндеп оң бағытқа қарай жылжып келе жатқан тәрізді, алайда адамдардың адамгершілік өркениетінің төмендігі салдарынан көңіл көншімейтін деңгейде жүріп жатқаны аян. Бүгінде саясаткерлер мен өкімет чиновниктерінің көбі олардың моральдық-этикалық құлдырауы салдарынан «күйіп отырғаны» да шындық. Ұятсыздық пен шенқұмарлық – чиновниктер мен реформаторлардың негізгі ауруы. Бұл оларды коррупцияға алып барып жатқаны және бұл құбылыстардың біздің өркениетіміздің елеулі тежеуші күштерінің бірі болып отырғаны өтірік пе?! Есенберлин романы дәл осыны айтып отырғандай. Егер адамдардың адамгершілік санасы жетілмесе, қоғам өмірінің жалпы өркениеті тез ілгері баса қоймайтынын ескертіп тұрғандай. Мұндайда, егер экономикалық-математикалық, техникалық, биологиялық, саяси және басқа білімдер адам санасын түзу және терең дамытатын болса, онда биік адамгершілік шындықтар адамның алдынан өмірдің мәнін, оның жұмбақ сырларын және оның заңды механизмдерін аша отырып, адам санасын терең дамытады.

Заманнан адам өркениетінің негізгі мәні олардың осы бір өмірді құратын шындықты түсінуге жақындай беру құлшынысынан тұрады.

Эпопеяның әр бетінде «Ханның алдауы – халықтың соры болатын» құбылыс екенін есіңе салып, ой жетегіне салатын сөйлемдер жазушы қиялының тұңғыық сырына бойлатады. Ал І.Есенберлиннің тарихи тақырыпқа жазылған романдар шоғыры Алаш ұранды әдебиеттің

АЛАШТАНУ

рухани жалғасы, оның рухы мен идеясын біздің дәуірімізде қайта жаңғыртқан шығарма болғаны шындық.

Әдебиет

1 Р.Нұрғали. Әуезов және алаш. – Алматы: Санат, 1997. – 432 б.

2 Писатель. Личность. Человек. – Алматы:

Атамұра – Қазақстан фонд имени Ильяса Есенберлина, 1993. – 88 стр.


3 І.Есенберлин. 10 томдық. 8-том. – Алматы: Жазушы, 1984.-304б.

4 // Жұлдыз, 1975, №1

5 І.Есенберлин. 10 томдық. 9-том. – Алматы: Жазушы, 1987. -544б.



ӘОЖ 957.4

М.СӘРСЕКЕ, жазушы, сәтбаевтанушы**«Құрмет» орденінің, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалінің иегері**

ҚАЙТА ОРАЛҒАН ЕЛ "ТАРИХЫ" ЕКІ АЙҒА СОЗЫЛҒАН ТАЛҚЫ

Әлемдегі әйгілі басылымдардың бірі «ЖЗЛ» (Тамаша адамдар өмірі) сериясымен қазақтың дара тұлғалары Қ.Сәтбаев, Е.Бөкетов, Е.Бекмаханов бейнелерін сомдаған қаламгер Медеу Сәрсекенің ұсынып отырған мақаласында КСРО тарихын жасаушылардың бірі, белгілі ғалым А.М.Панкратованың Кеңестік кезеңде қазақ тарихын ұрпағына қалтқысыз жеткізуде жасаған ерлігі жайлы сөз қозғалады. Қазақ елін өркендетті мемлекеттер қатарына жеткізуді армандаған ұлт зиялылары мен орыс тарихшысы А.М.Панкратованың қажырлы еңбектеріне Мәскеу мұрағатынан алынған тың деректер арқылы талдау жасайды.

Соңы. Басы №2, №3-4 сандарда

КСРО ҒА-ның Тарих институты ғалымдарының ақиқат үшін табанды күресі бесінші айға ауғанда нәтижелі болып, олар сұраған талқылау 1944 жылдың жазында екі ай (!) бойы жүріп, бес күнге созылған (29 мамыр, маусымның 1,5, 22 күндері және 8 шілде). Жиынға Мәскеуде тұратын белгілі тарихшылар қатысқан. Қазақстаннан ешкім шақырылмаған. Түстен кейін басталып, түннің бір уағына дейін жүрген мәжілістерге БК(б)П ОК-нің секретары А.С.Щербаков төрағалық еткен, қайсыбір күндері Саяси бюро мүшелері А.А.Андреев пен Г.М.Маленков тыңдаушы ретінде қатысқан. Мінбеге шыққандар 30 минуттан бір сағатқа дейін тіл ұстартқан. Талқыға 21 адам қатысқан, бәрі де тарих ғылымының ығайы мен сығайы.

Бір жайтты ескерту парыз: бес күн бойы талқыланды мәселе туралы баспасөз бетінде ешқандай ақпар жарияланбаған; сөйлеушілердің өз ұстамдарын жанталаса қорғаған саяси мәні әр алуан пікірлері бұқара халық түгілі, республика басшыларына жетпей, жабулы қалпында қалған; ең ғажабы, айтыстың стенограммасы Насихат және үгіт басқармасының сейфінде сақталып, біздің шамалауымызша, бергінде біржола жойылған;

сөйтсе де, тәубе делік, А.М.Панкратованың өзі ұқыпты жүргізген хаттама сақталған. Сол хаттама “Письма А.М.Панкратовой” деген атаумен өзі бас редакторы болған «Вопросы истории» журналының 1977 жылғы 11 - санында жарияланған (Хаттаманың машинкаға басылған бір данасын А.М.Панкратованың үйіндегі мұрағатынан алып, кемшін беттерін ғалымның ниеттес достарына таратқан нұсқаларымен салыстырып түгендеуші, алғысөз бен түсініктеме жазып жариялаушы - мәскеулік тарихшы Ю.Ф.Иванов). Осы мұрағат С.Торайғыров атындағы Павлодар МУ шығарған Е.Б.Бекмахановтың 8 томдық ғылыми еңбектерінің 1-кітабының 166-200 беттерінде жарияланған. Бұл да, Ю.Иванов атап көрсеткендей, “Хаттар” емес, пікірталасқа қатысқандар сөздерінің қысқаша баяны, Анна Михайловна өз пікірін сөз арасында қосаметкей жазып, түсінік берген.

А.М.Панкратова өз жазбаларын мынадай түсініктемемен бастапты: «Бұл айтыс «Қазақ КСР тарихының» жариялануынан өрбіді, өзара әңгімеде сөз еткен ой-пікірін кітапты сынаушылар енді мінбеден айтуға мәжбүр болды... Мысалы, Яковлевтің рецензиясы

АЛАШТАНУ

Насихат басқармасында мақұлданған соң-ақ Ленинград Мемлекеттік университеттің ғылыми кеңесінде 1944 жылғы наурызда оқыған дәрісінде Тарле ұлан-ғайыр жерді Ресейге қару күшімен қосқан Отан жанкүйерлерінің ерлігіне ізет білдіруден соң, академик: «Шәміл иманатында болуды көкसेген таулықтар қазірде Сталиндік ата заңның шапағатына бөленіп, бақытты өмір сүруде...» - деген байламын өз басым осы күнге дейін ғылыми еңбектерімізге негіз етіп жүрген ұстанымдарды келемеждеу ретінде қабылдадым. «Диалектикаға сүйенсек, - деп түйеді Тарле өз ойын одан әрі, - өткен заманның тарихи оқиғаларын біз 1944 жылғы көзқараспен бағалауға міндеттіміз...» ...Сол жолғы дәрісінде көрнекті тарихшы Кавказды, Орта Азияны, Қазақстанды, Польшаны және Финляндияны мысалға алып, орыс патшасының осы елдерді бағындыруы жаулап алу, иә біржола тұқырту емес-ті, Ресейдің және сол мемлекеттердің қорғанысын күшейту мүддесінен туған, сол елдердегі халықтардың рухани ділі жоғары орыс елімен қоян-қолтық жанасып, прогреске жеткенін ескертеді. Яковлевтің қитұрқы тұжырымын қайталаған Тарле, біріншіден, патша саясаты мен капитализмнің дамуын біріктіріп, екіншіден, орыс халқы мен патша мүдделерін ортақтастыра қарайды. «Сол себепті Сталиндік ата заңның шұғыласы астында өмір сүруші кешегі бұратана халықтар өздерін жаулап алып, отар еткен орыс патшаларына рахмет айтуға тиіс...» - деп түйеді дәрісін Евгений Викторович. Тарихқа соншама қиянат жасап, өткен өмірдің шерлі оқиғаларын теріс-қағыс түсіндіріп әрі соны сайқымазақ түйінмен баяндаудың бұдан асқан оғаш үлгісін білмеймін. Осы түйсікті соңғы дәрісінде көпшілікке жария еткен академикке не дейміз? Шындығында ол, кейбіреулер ойлағандай, аңқау, иә осал ғалым емес, оның осы «тұжырымдарында» әріден жобаланған қитұрқы амал атойлап тұр. Соны ол не үшін жасады? Біз талап етіп, қолымыз әрең жеткен талқылау соны шешпек, кімнің не дерін алдағы уақыт көрсетеді...»

29 мамыр күнгі алғашқы мәжілісті ашарда БК(б)П ОК-нің жетекші секретары Г.М.Маленков: «Орталық комитетте... біз осы

мәселені өзара ақылдасып, сіздердің бастарыңызды қосып, даулы жайттарды талқылап, ақыр аяғында барлық тарихшылар үшін ортақ һәм принципиялды қағидалар ұсынуға келістік...» - депті.

Төменде А.М.Панкратованың дәптеріне түскен шешендер сөзінің бәрін емес, “Қазақ КСР тарихына” арналған ой-пікірлерінің үштен бірін ғана ықшамдап келтіреміз.

С.К.БУШУЕВ, тарих ғылымының докторы, профессор: «...Патшалы Ресейді тек қана «қара бояумен» бейнелеу қиянат, әсіресе оның сыртқы саясатын сыпыра реакционерлік... деу де - қате түсінік. (...) «Қазақ КСР тарихы» – орыс халқына қарсы жазылған кітап, өйткені ол Ресейге қарсы бағытталған ұлттық қозғалысты әсірелеп, қазақ халқының қаһармандығын баса көрсеткен... Мұндай қалың кітаптар тегінде жазылғаннан соң бірнеше жыл сүрленіп жатып әрең жарық көруші еді, мына кітаптың қысқа мерзімде жедеғабыл жарық көргеніне де мен таңмын...».

И.И.МИНЦ, КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі: «...Ұлттық мәселелерді сөз ететін тарихтарды жазуда екі түрлі ауытқулар жолды болып жүр: бірі – патша өктемдігіне қарсылық көрсеткен халықтар қозғалысын шексіз ұлықтауға тырысушылық; қозғалысты кім және не үшін басқарғанын ескермей, прогрессивті деп мадақтаймыз; соның айқын мысалы ? «Қазақ КСР тарихы». Екінші ауытқудың айқын үлгісі - Яковлевтің осы кітапқа жазған жатымсыз рецензиясы; кексе профессор қазақ халқының бұрынғы өмірін тек қана қараңғылық, тағылық дейді. Әсілі, ұлттық қозғалыстарды сындарлы көзқараспен бағалау қажет. Энгельс «Ресей мен Орта Азия» деп атаған еңбегінде сол қозғалыстарды қажетсіз қан төгу» деп, шүйіле сынады. Қазақ КСР тарихы» - игі бастама, оған дейін бізде мұндай сүбелі еңбек болған жоқ, сондықтан да оған қатаңырақ талаппен қарағанымыз жөн...»

А.В.ЕФИМОВ, КСРО ҒА-ның корреспондент-мүшесі: «...Қазақ КСР тарихының 225-бетінде орыс әскері қазақ халқының қас жауы ретінде сипатталады, ал, Панкратованың басшылығымен жазылған қалың кітаптың басты нысаны - «қазақтар - өзгеше жаратылған дара халық»...»

АЛАШТАНУ

Осы сынға А.М.Панкратова: «Барынша қарқылдап күліп, одан гөрі ар-ұяттан безген осы суайттың жер-жебіне жетіп, сыбағасын беруден өзімді әрең тежедім... – деген түсінік жазыпты. – Сөзінің соңында Ефимов өзінің “отарлау теориясын” жария етті. Ефимов соны бес тармаққа бөліп түсіндірді: 1) отарлау тарихын Ресейден бөлектеп қарауға болмайды; 2) отарлаудың өзі – прогрессивті факт; 3) қашан болсын әлсіз елге зорлық жасаумен жүреді, сондықтан да отарлаушылардың іс-қаракетіне түсінікпен қарау керек; 4) езілген халықтың өзін жаулаушыларға наразылығын прогрессивті деп талдаған жөн; 5) сөйте тұра ұлт-азаттық қозғалыстың көсемдерін қаһарман етіп төбеге көтеру қажет емес...»

А.И.ЯКОВЛЕВ, КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі: «Қазақстан тарихының бәрімізді әуре-сарсаңға салған мәселесі туралы мен, орыс жанкүйері ретінде айтарым: Отанымыз қысылтаяң жағдайға тап болып, біржола құрып кету қаупі төнгенде Брусилов қаһармандық көрсетіп, төтенше шабуыл бастап, орыс армиясын масқара жеңіліске ұшыраудан құтқарған кезде, талмауыр тұстан пышақ салғандай болып, орыс халқына қарсы көтеріліс бастаған Амангелді Имановты кітап авторларының хас батыр ретінде ұлықтауы ешқандай ақылға сыймайды. Алаш-Орда үшін бәлкім ол көзсіз батыр шығар, бірақ орыстар үшін - нағыз жауыз...».

Тарих ғылымының докторы осы “айғақты” қазақ ұлтшылдығының сорақы мысалы ретінде жария еткенде, залдағы тарихшылардың бірі: “Яковлев жолдас, Амангелді Имановтың Алашордаға ешқандай қатысы жоқ, ол – большевик күрескер...” - деп, ескерту жасапты. Профессор Яковлев ешбір қымсынбай, “Қазақ КСР тарихын” одан әрі күйретіпті. Осы келеңсіздік туралы (әлде саяси соқырлық?) хаттама иесі: «Залдың әр тұсынан өзін мінеген күңкілді А.И.Яковлев шыбын шаққан құрлы көрген жоқ. Ескерту қажет: «Қазақ тарихында» сөз болған көптеген жайттарды білмейтінін, кітаптың Қазан төңкерісіне дейінгі бөлімдерін ғана оқығанын маған өзі айтқан-ды. Демек, Қазан төңкерісінен бергі кезеңді ол тарихқа жатқызбаған, сірә, саясат үшін жазылған

публицистика деп есептеген...», – деген анықтама арнапты.

А.И.Яковлевтің орыс халқының мүддесін қорғаушы міндетін өте нашар “атқарып”, ұлыорыстық шовинизмге бас ұрған сөзіне БК(б)П ОК-нің ғылым секторы меңгерушісінің орынбасары, тарихшы Е.Н.Городецкий тойтарыс беріпті: «...1944 жылдың 7 қаңтарында проф. Яковлев Халағаркомда болған жаңа оқулықтарды талқылаған мәжілісте сөйлеп, «КСРО тарихы» оқулығын оқыту қажет емес, оның орнына мектеп түлектеріне «Орыс тарихын» оқытып, «ұлы орыс ұлтшылдығын» баса уағыздау шарт. Сонда ғана орыс ұлтын біздегі 100 халықтың мүддесінен даралап көрсетеміз...» - депті.

С.П.ТОЛСТОВ, профессор, МГУ-дің тарих факультетінің деканы: «..Қазақ КСР тарихы» - ғылымға қосылған сүбелі еңбек, тек ол бір ғана халықтың ғұмыр тарихын оқшаулап көрсетуге арналған, олқылығы да осында - адамзат тарихынан дараланған тарих әлемде жоқ; кітап тек қана қазақ халқын дәріптейді, сол жайтты бірден байқадым; кітап авторлары өткен өмірде болған оқиғалардың бәріне «қазақы көзілдірікпен» қарап, содан көргенін әсірелеп жазуға тырысқан... Кітапта қазақ халқының көшпелі тірлігі мен ауыр тұрмысына сипаттама мүлдем жоқ, сол тірлікті орыс және әлемдік экономикамен салғастыра баяндау жөн-ақ еді, амал қанша, бұл жайында авторлар ойланбаған. Оның орнына қазақтардың Ресей құрамына қосылуы зорлық-зомбылықпен жүргендігі барынша әспеттелген... Әсілі, көшпелі халықтың орыс мемлекетімен саяси одақ құруға ұмтылғаны 16-17 ғасырларда-ақ белең берген. Сол гәпті түсінген Әбілқайыр хан - өз құзырындағы халықтың тағдырын ертерек ойлаған кемеңгер қайраткер, сондықтан да ол алып көршісімен жақындасуға қадам жасаған. Алайда мына кітапта оның іс-қаракеті сатқындық делініп, теріс-қағыс баяндалған. Қазақстан үшін сол кезде, кейін де екі жол барды: Ресей патшасына біржола бас ию, болмаса ұсақ тайпаларға бөлшектеніп, құдайдың маңдайға жазғанына мойын сұну. Амал не, қазақтар соңғы жолды таңдады. Осы халықтың әскери қабілеті мен ұлттық қаһармандары

АЛАШТАНУ

туралы авторлар қате ұстанымға түсіп, асыра дәріптеушілікке ұрынған. Мысалы, Қаратай сұлтан мен қарақшы Садық Кенесарин ерекше батыл қайраткерлер ретінде суреттелген. Кенесары бейнесі де шексіз ұлықталған. Оның қырғыз елін бағындыруды өзіне саяси бағдарлама еткені мәлім. Кенесары жүргізген феодалдық-әлімжеттік соғыс, авторлардың сараптауынша, ұлттық бостандық үшін жүрген...»

Осы тарихшының уыты өткір сияқтанған сөзіне А.М.Панкратова: «Қашан болсын ұрда-жық мәнермен ақылгөйсін әрі асқан білгіштігін көрсете сөйлейтін Толстовтың жойқын сыны қазақ тарихын білмейтін немесе сөз болып отырған кітапты оқымаған тыңдаушыларға ерекше әсер етуі ықтимал, шындығында ол мардымды ештеңе айтқан жоқ...» - деген ескерту беріпті хаттамасында. Сергей Павлович Толстов – өзін Орта Азия тарихының білгірі санаған, сөйтуіне білімдарлық дақпырты әлемге әйгілі МГУ-дың тарих факультетінің деканы болуы да әсер еткен тәрізді. Өз сөзінде ол: “Қазақ КСР тарихына” ілесе жарық көрген “Тәжікстан тарихын” күйрете сынап, “осы кітапты жазушылар тәжіктердің түп тегі өзбектермен бір екенін мүлдем білмей, көптеген қателіктерге ұрынған...” - деп те жазғырыпты. Қай халықтың болсын түп тегін анықтайтын айғақ – тілі екені әлмисақтан мәлім, бұл – аксиома, ал тәжіктердің батыс ирандық халықтар тобынан тарап, тілі де - ежелгі парсы тілінің бір тармағы, яки түркі тілді өзбектерден мүлдем бөлек халық екені – даусыз ақиқат. Демек, профессор Толстов кеудемсоқ мәлімдеме жасаған. Сөйте тұра ол тәжік тарихын іске алғысыз етуді өзіне парыз санайды.

Осы тақылеттес шалағай сындардан аңғарылатын өкінішті ақиқат: 1950-жылдардағы Мәскеу мен Ленинград тарихшыларының кейбірінің ғылыми танымының таяздығы; рас, талқылауға қатысқан тарихшылардың ғылыми дәрежесінің осалы жоқ - бәрі де ғылым докторлары, көпшілігі КСРО ҒА-ның толық мүшелері; соған қарамастан бес күндік айтыс-тартыста кейбірінің мінбеден естірткен сөздері емтиханға әзірліксіз келген шалағай студенттің ойжотамен жосыған жауабына ұқсайды...

Осыдан-ақ орыс зиялылары «Күміс ғасыр» атандырған ХІХ ғасырда Ресей тарихының керемет туындыларын том-томдап дүниеге келтірген, сол арқылы еуропалық әріптестерімен иық теңестірген тарихшыларының даңқты мектебі бергі жылдарда құрдым төменге құлдылап кеткен бе... деген күпті ойға еріксіз тәнті боласың. Сол жайтты хаттамаға 1977 жылы түсінік жазған тарихшы Ю.Ф.Иванов та аңғартыпты. Біздің осы ойымызды Н.Е.Бекмаханова да құптады.

Э.Б.ГЕНКИНА, тарих ғылымының докторы: «...Абсолюттік ақиқат ретінде үш түрлі идея ұсынған профессор Яковлев сол «жаңалығымен» тарихта алға қарай даму және прогресс болмайтынын өзінше «дәлелдеді». Сөйте тұра Қазан төңкерісін тарихи заңсыз оқиғаға айналдырғанына қымсынған жоқ... Сталин жолдас 1941 жылғы 6 қазандағы баяндамасында: «фашизм - патша режимінің көшірмесі...» - деген тың ой айтқан-ды. Осы сөзді естіген профессордың орыс патшасының отарлау саясатын асыра дәріптеуіне не дейміз? Сталин жолдас сол жолғы сөзінде кеңес халқына ұлттық құндылықтарын қадір тұтуына ерік беріп, мақтан ету рухында тәрбиелеу қажеттігін ескертті. Лениннің де «Орыстардың ұлттық мақтанышы туралы» мақаласында екі түрлі ұлт барлығын, соған орай екі түрлі ұлттық мәдениет өрбігенін ескертіп, Кутузовты тарихтан аластағысы келгендер төңкеріс туғызған қозғалысты да бірге құртады, ал Аракчеевті ұлықтау Ленинді тұншықтырумен бірдей...» дегенін ұмытуға бола ма?.. Кеңес Одағын өзінің Отаны санайтын халықтардың тарихын жазғанда оларды жалпы тарихтық процестен дараламай, тең құқықты халық ретінде талдау қажет.. Сол себептен де Қазақстандағы 1916 жылғы көтерілістерді Ресейдегі қозғалыстардан оқшаулап жазуға болмайды. Орыс халқы бастаған күрес қазақтардың да төңкеріс жасауына әсер етті, соны көрмеу, ескермеу - кешіруге болмайтын іс...».

Е.В.ТАРЛЕ, академик: «...Ғылым алға басын десек, ой-санамымыз да прогрессивті түрде дамып, алда болуы керек. Ал, біз қолға үйретілген тоты құс құсап, жаттанды ойды жүз мәрте қайталаудан жалықпаймыз. Ғылымды

АЛАШТАНУ

алға сүйрейдін тек қана жаңа монографиялар, соларды жазумен шұғылданадық және 95 жыл бұрын өмірде болған оқиғаларға жалтандап қарамай, ешкімнің нұсқауымен санаспай, тарихты өз топшылауымен жазу қажет. Жалтандаудан құтылсаң ғана тарих ғылымын басыбайлы құлдықтан құтқарамыз...».

А.М.Панкратова атақты әріптесінің осы мәлімдемесіне мынадай түсінік берген: «Кейбір тарихшылар сол сәтте 95 жыл бұрын орыс тарихында нендей оқиға болғанын естеріне түсірді: сөйтсек, 1849 жылы Патшалы Ресей төңкеріс жасаған Венгрияға әскер жіберіпті. Мадиярлар қозғалысын қанға бөгіп аяусыз басқаны үшін Маркс пен Энгельс, соңынан Ленин мен Сталин Ресей патшасын “Еуропаның жандармы” деп атаған-ды. Хаттамада Е.В.Тарленің сөзі толық келтірілмеген, Анна Михайловнаның сипаттауынша, «Көпшілікті зарыға тосқызып, ОК-нің талап етумен ең соңғы мәжіліске Қырымдағы демалысын үзіп келген кексе академик мәнді ештеңе айтпады, сөзі өзара байланыспай, шашыраңқы болып, жұрттың қарнын ашырды, бірер тыңдаушы: «Мұнысы несі? Шегініс жасауы ма, әлде өз ойын ширатып үлгермеген бе?» - десіп, реніш білдірді. Ең шатағы, өзі соңғы дәрісінде жария еткен шатақ тұжырым, көрші елдердің жерін жаулап алу, иә патшаның отарлау саясаты туралы ләм-мим демей, оның орнына: «зұлым жаудың бетін қайтарған басты фактор - ұлан-ғайыр жеріміз және жеңіске жеткізетін жайт та сол...» дегенім бекер, сөзімді хаттаушылар жаңсақ жазған. Қолым қойылмаған, редакция жүрмеген хаттама үшін мен жазықты бола алмаймын...» - деп жата танғаны жұртты таңғалдырып, бас шайқауға тура келді».

Н.С.ДЕРЖАВИН, КСРО Ғылым академиясының толық мүшесі: «...Яковлев талап еткендей, орыс халқы мен патша мүддесін өзара біріктіріп қарау - саяси қателік. Патша өкіметінің әлсіз елдердің жерін күш қолданып иемденуіне қарсылық көрсеткен халықтар күресін адамзаттың игі ойлы қайраткерлері әр уақытта жақтаған. Сол күрестер ұлғая келе ұлттық қозғалысқа ұласты, патша өкіметі солардың барлығын да қантөгіспен тұншықтырды. Осы жайттарды білгендіктен де Яковлев және

басқалар «Қазақ КСР тарихын» іске алғысыз еткен, өздері ойдан шығарған бос даңғазаға, мен, орыс азаматы ретінде жан-тәніммен қарсымын, бұл кітап Одақтас республикалар тарихының әзірше оңдысы әрі тұңғышы. Осы кітапты орыс халқына қарсы жазылған деп жариялаушылардың дәлелге айтар көзірі ешқандай сын көтермейді, рас, патшаның отарлау саясаты бүркеусіз әшкереленіп, ұлттық көтеріліс жатымды фактор ретінде көрсетілген. Шындығында, сол факторларды өзгеше баяндау қажет пе? Меніңше, “Қазақ КСР тарихы” осындай зерттеулерді тұжырымдауға үлгі болуға тиіс. Кеңестік патриотизмді орыс халқының отансүйгіштігімен шатастыруға болмайды!».

Екі айға созылған айтыстың ең соңғы, 5-мәжілісін Анна Михайловна барынша тәптіштеп хаттапты: бір топ тарихшы А.С.Щербаковты қаумалап тұрғанда, Е.В.Тарле жақындап келіп, Ленинград пен Саратовта оқыған дәрістеріндегі жаңсақ пікірін жуық арада түзететінін ескертіпті... «Қымбатты профессор, – депті Орталық комитеттің секретары оған, – алдыңызда 120 тыңдаушы отырса, соларға айтқан бір ауыз лебіңіз екі күннен кейін ондаған есе көбірек адамға тарайтынын есіңізден шығармаңыз...». Академик Тарле түсінген кейпін аңғартып: «Тарихшылардың тамыз айында шақырылмақ жиынында “Еуропа жандармы” атанған Ресей патшасы туралы баяндама жасап, даулы мәселеге үзілді-кесілді төрелік жасаймын» - деп, ОК-тің секретарына уәде беріпті. Евгений Викторович іле-шала Панкратоваға мүләйімсіп қарап: «Неғылсаң да сөйт десеңіз, қымбатты Анна Михайловна, Саратов пен Ленинградта оқыған дәрістерімнің хаттамасынан біржола бас тартайын!...» - депті. Профессор А.И.Яковлев те: «Маған ренішіңізді ұмытыңыз, Анна Михайловна, өтінемін?! “Қазақ КСР тарихының” небәрі он шақты бетін ғана түзетесіз. Ал, кітап өте жақсы жазылған!» – деп дүйім жұрттың көзінше бұрынғы пікіріне кереғар мәлімдеме жасапты. Осы сарынды мойындауды профессор А.В.Ефимов та білдіріпті...

Сөйтіп, мәжілістің соңында айтыс-тартысты қоздырушылар шегініс жасап, пікір алмасудың тарихшылар үшін пайдалы болғанына ризалық

АЛАШТАНУ

білдірумен тараған.

Ащы да, тәтті де сөздер айтылған ұзақ талқыға қатысқан тарихшылар А.М.Панкратованың Орталық комитетке жолдаған үш хатында ашына сөз еткен, тарих ғылымының көкейкесті мәселелері турасындағы негізгі ойларын жаппай қостап, “Қазақ КСР тарихының” сәтті жазылғанын құптап, бұл кітапты Одақтас республикалардың тарихын жазуда үлгі ретінде пайдалануға болады... десіп, екінші басылымын жедеғабыл әзірлеуді баса ескертіпті. «Қысқасы, біз ұстанған ғылыми тұжырым толық мақұлданды, жұртшылық пікірі ақыр аяғында соны тарих оқулығына әдістеме ретінде ұсынуға ойысты, кейбір оқиғалардың әсіре сипатталғаны турасында ғана ескерту айтылды...» - депті Н.М.Дружинин біз бірнеше мәрте сілтеме жасаған естелігінде.

«А.М.Панкратованың өзі жиынның нәтижесіне қанағаттанбаған, - делінген «Вопросы истории» журналының осы хаттамаға арнаған редакциялық түсініктемесінде. – Идеялық қарсыластары ол кісі ұстанған тұжырымдаманы теріске шығара алмады, ал, жиынға төрағалық еткен Орталық комитеттің секретары: “Бұл кітапқа нәліктен шүйілдіңдер?” - деген түйткілді сұраумен мәселені қасақана өршіткендерге ешқандай ескерту жасамаған...» Біздіңше, бұл да сол уақыттың астарында қалған жұмбақ...

Сөйтсе де бір жайт шүбәсіз анық: айтулы тарихшы, мемлекет қайраткері, коммунистік орданы бекем А.М.Панкратованың өзі бекем сенген ұстанымды жанталаса қорғауы Насихат-үгіт басқармасының жетекшісі, академик Г.Ф.Александровтың «Қазақ КСР тарихына» қырғидай шүйіліп, оның авторларын Сталиндік сыйлықтан нәумез қалдырып қана қоймай, олар жазған кітапты қолданыстан шығаруды жобалаған қаскөйлік әрекетін дер кезінде залалсыздандырғаны - өмір шындығы. Сол даңғаза, біздің шамалауымызша, ә дегенде орыс тарихшыларының арасындағы бас араздық пен қызғаныштан өрбіген. Шынында да Панкратова Сталиндік сыйлықтың иегері атанды-ақ өздерінен қара үзіп алға шығып кетеді... деген күйкі ойға жеңсік берген әріптестері ол жауапты редактор болған кітапты құрбандыққа шалуға

дереу кіріскен. Алайда, Анна Михайловнаның жедел қимылдап, Қазақ республикасының басшыларын да өзіне серік еткені, сол әрекетте білімпаз тарихшының идеялық қарсыластарын маркстік-лениндік ілімнің қағидаларынан ауытқуларын басты көзір етіп, тап күресін тәрк еткен пиғылдарын әшкерелеуі нәтижелі болды, тәубе делік! Қысылтаяң жағдайда әрі айтыс-тартыспен жарық дүниеге келген тұңғыш тарихымыз, айтып-айтпай не керек, өзін қазақ санайтын әрбір зиялының үйінде қастерлеп сақтайтын кітабы болып, жоғары оқу орындарының оқытушылары, мектеп мұғалімдері, студенттер сүйсіне пайдаланатын көрнекті құралға айналды.

Тегінде соны қажетінше игілігіне жаратқан жан - Ермұхан Бекмаханов. 1943 жылы ол Қазақстан К(б)П ОК-нің жолдамасымен Мәскеуге аттанып, Тарих институтында «Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық қозғалысы» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертация қорғайды, үш жылдан кейін сол тақырыпты қайыра кеңейтіп, 31 жасында тарих ғылымының докторы атағын иеленеді; монографиясын тағы да толықтырып, 1947 жылы «XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» атты кітап етіп жариялайды.

ЖЕТІ ЖЫЛДАН КЕЙІН...

1997 жылы, 90 жасында «Аргументы и факты» апталығының тілшісіне берген сұхбатында Мұхамеджан Әбдіқалықұлы «Қазақ КСР тарихының» қайыра сыналған шерлі тағдырын егжей-тегжей сөз етіпті. Айтуынша, алғашқы талқылауда А.М.Панкратованы қызу жақтаған А.С.Щербаков (өйткен себебін Мұхаң екеуінің «Қызыл профессорлар» институтында бірге оқыған кезінен қалыптасқан достығына саяды әрі Александр Сергеевичтің коммунистік ар-ожданы мен ұстанымының бекемдігі деген) 1945 жылдың 10 мамырында, 44 жасында кенеттен қайтыс болған. Сол жайт та, таңғаларлық күпірлік десек - артық емес, былтырғы дау-дамайдың қайыра өрбіп, БК(б)П ОК-нің органы «Большевик» журналында мәскеулік профессор М.Морозов «Қазақ тарихына» қайыра шүйілген сын мақала жариялаған. Автордың көзір еткен басты желеуі

АЛАШТАНУ

- кітапта орыс халқының жетекші рөлі қасақана төмендетіліп әрі қазақ жерін жаулаушы озбыр халық кейпінде көрсетілген-міс. Әсілі, сол ойдың өрбуі И.В.Сталиннің Ұлы Отан соғысының жеңісіне арналған банкетте төрт жылғы қиян-кескі соғыс ауыртпалығын қайыспай көтергенін баса айтып, ұлы орыс халқы үшін тост көтеруі кеңестік идеологияның алдағы жылдардағы бағыт-бағдарына айналған, яғни, орыс халқының өмірдің барлық саласындағы жетекші рөлін даусыз мойындап, КСРО халықтарына көшбасшылық үлгісін мейлінше насихаттау ісі алға шыққан; демек, «Қазақ КСР тарихында» әскездеп баяндалған ұлт-азаттық қозғалыстарын қаһармандық айқас деген тұжырым түбірімен қате...

«Бытырғы жеңісті бетке ұстап, ел тарихын табанды түрде қорғаудың орнына Қазақстан К(б)П ОК-де «Большевик» журналы жариялаған даңғаза сынды қостаған пиғылдар туды. Соған орай «Қазақ КСР тарихынан» олқылық іздеушілер өз ортамыздан да көбейді... - депті М.Әбдіқалықов мәскеулік апталыққа берген сұхбатында. - Сол мәселе 1945 жылы ОК-тің бюросында талқыланғанда мен «Тарихтың» ұлтшылдық сарыннан мүлдем таза екенін айттым. Бюро мәжілісі үстінде маған сұрау қойған Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасы Бабкинге: «Бұл кітап үшін мен екі мәрте жауаптымын, мәтінін қараған редактор ретінде әрі тарихтың жазылуына мұрындық болған ОК-тің секретары жөнімен де - дедім. - Қауіпсіздік наркомы, әділін айту керек, білімпаз зиялы еді, «Сіз ұсынған кітапты шұқшия оқып шықтым, маған соның өткен замандар оқиғаларын баяндаған бөлімдері ерекше ұнады!» деген пікірін жазбаша жолдады. Амал қанша, төл «Тарихымызды» сөгушілер қатары азайған жоқ, содан да ұпай түгендеушілер өз ортамыздан табылды...»

Жағдайдың күрт өзгеруіне, біздіңше, БК(б)П ОК-і соғыстан бергі жылдарда жүйелі түрде жүргізген, әдебиет, мәдениет пен өнер қайраткерлерін күйреткен қатаң қаулылары да әсерін тигізген. «Ленинград» пен «Звезда» журналдарының жұмысы туралы, «Драматургиялық театрлардың репертуарлары және соны жақсарту шаралары», «Үлкен өмір»

кинофильмі мен В.Мураделидің «Ұлы достық» операсы жайында», т.б. қаулы-қарарларда зиялы қауым ортасынан «буржуазиялық жат элементтерді іздеп тауып, батыл әшкерелеу» науқандары Мәскеу мен Ленинградта ғана емес, одақтас республикаларға да тарап, жергілікті оқымыстыларды, әдебиетшілер мен өнер адамдарын дүрелеуге, ұлтшылдық пиғылдарын әшкерелеуге ұласқан. Мысалы, батырлық дастандарды, лиро-эпостарды зерттеу мен тарату, ескі әндерді орындау баяғы еркін заманды көксеу делініп, Қазақстан К(б)П ОК-нің «Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателер» деп аталған қаулысы 1947 жылдың бас кезінде қабылданған. Институт директоры, әдебиетші ғалым Е.Ысмайылов қызметінен босатылып, М.Әуезов, А.Ысқақов, Н.Сауранбаев, Ә.Қоңыратбаев, Қ.Жұмалиев және бір топ әдебиетші ғалымдар қатаң сын тезіне түскен. «Қазақ КСР тарихы» да жергілікті белсенділердің сілікпесіне ұшырап, кітаптың 2-басылымын дайындауға қаулы шыққан. Кітаптың қазақстандық редакторы М.Әбдіқалықов сол дүрмек кезінде ОК-тің секретары қызметінен босатылған...

«Қазақ КСР тарихының» 2-басылымын дайындау Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының ұжымына жүктелген, жұмысты қадағалаушы - Қазақ КСР ҒА-ның төралқасы, жауапты редакторлары - Қазақстан К(б)П ОК-нің идеолог секретары И.О.Омаров пен академик А.М.Панкратова. Кітаптың жаңа нұсқасын дайындауға бұрынғы авторлармен қоса қазақстандық тарихшылар да тартылған. Кенесары Қасымов қозғалысын жаңа деректермен байытып, көтерілісшілердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы төзгісіз халге жеткендіктен де ат жалын тартып мінгенін баса көрсетуге тапсырма алған Е.Бекмаханов (бұл қарсаңда ол ғылым докторы, Тарих институты директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары) даулы тарауды қайыра жазуға кіріседі. Содан-ақ кітаптың бастапқы тұжырымдамасы қаз қалпында сақталғанын аңғарамыз. Ел тарихы екінші рет 1949 жылдың аяғында жарық көрген.

АЛАШТАНУ

Сталиндік заманның қатыбас идеологтары «Тарихтың» бұрынғы тұжырымдамамен жарық көргенін ұнатпаған, сірә, көтеріліс жасаушылардың патша әскерінің жолын бөгеп, Орта Азияны Ресей империясына қаратуды 10-15 жылға кешіктірген қазақтардың ұлт-азаттық күресі тағы да мадақталып, қаһармандық рухта сипатталуын көңілдері хош көрмеген. А.А.Жданов опат болған соң БК(б)П ОК-нің идеология саласындағы жұмыстарды басқаруға 1947 жылдың аяғында М.А.Суслов тағайындалған. Ол болса Балтық теңізі бойындағы республикалардан «жау элементтерді» мыңдап «әшкерелеп», Сібірге жөнелтуді ұйымдастырған Бюроны басқаруда мейірімсіздігімен көзге түскен, одан соң И.Сталинге 1946 жылы ресми хат жолдап, жебірейлердің антифашистік комитетінің 140 мүшесін аттырып, кейбірін 25 жылға бас еркінен айыруға мұрындық болған (қандай игі істен саяси қателік іздеп, «кінәлілерді» жау элементі етуге құмарлығы үшін бертінде «Сұрқай кардинал» атанған) қатыгез қайраткер. Хатшылықпен қоса 1949-51 жж. аралығында М.А.Суслов «Правда» газетінің бас редакторы міндетін де атқарған. Сол жайт та, біздіңше, «Қазақ КСР тарихын» қайта шығарушылардың сорын қайнатқан...

Михаил Андреевич секретарьлық қызметіне бекіген соң-ақ Кавказды ежелден мекендеген таулықтар тарихын Ресей пайдасына орай «түзетуге» пейіл білдірген. Яғни, Шәміл имамның отарлаушы елге ғазават соғыс жариялап, дағыстандықтар, шешендер мен ингуштар жерін қорғап, ширек ғасыр бойы қарулы қарсылық көрсеткен айбынды күресін әншейінгі қарақшылыққа айналдыру. Сол үшін де әккі қайраткер әр түрлі әзірліктер жасаған: Л.П.Берия басқаратын Қауіпсіздік комитеті грузин тарихшыларын көмекке шақырып, Шәмілдің Түркия сұлтанаты мен ағылшын империалистерінің жалдамалы агенті «болғандығына» деректер дайындатқан; сол «материалдарды» көзір етіп, таулықтар қозғалысын жоққа шығару Әзербайжан К(б)П ОК-нің бірінші секретары Мір-Жафар Багировке жүктелген (тапсырма беруші БК(б)П ОК-нің жетекші секретары Г.М.Маленков).

Қысқасы, Шәміл қозғалысының ұлт-азаттық мәнін теріс пайымдаған сойқанды мақала 1950 жылдың басында «Большевик» журналында жарияланған, Дағыстан Компартиясы ОК-нің бірінші секретары А.Д.Даниялов оны өз қарауындағы баспасөз бетінде бірден мақұлдаған. Түйіп айтқанда, екі республикада жыл бойы талқылау жүріп, «жау элементтер мен ұлтшылдардан» тазарту науқаны ойдағыдай жүзеге асып, қаншама оқымысты, зиялы қауым өкілдері жәбір-жаһа шегіп, кейбірі бас бостандығынан айырылған. Күрес тарихын «түзетуге» көнбеген жергілікті тарихшылардың кейбірі опат та болған. Мысалы, әзербайжан тарихшысы, Сталиндік сыйлықтың иегері Гейдар Гусейінов қиянат қысымға шыдамай, өзіне-өзі қол жұмсап, асылып өлген, Қауіпсіздік комитеті қайсар профессорды асып өлтірген деген де қауесет бар...

(Бұл деректерді біз «Политические процессы 30-50 годов» деген атаумен 1991 ж. жарияланған құжаттар жинағынан келтіріп отырмыз: әзербайжандықтар мен кавказдықтар талабымен 1956 жылы осы науқан Мәскеуде қайта қаралып, М.А.Багиров Компартия қатарынан шығарылып, қатаң жазаланғаны сол кітаптың 73-бетінде жазылған. Ал, жоғарыда есімдері аталған Саяси бюроның үш мүшесінің осы іске қатысы Н.А.Зенькович құрастырған, «Самые закрытые люди» деп аталған саяси өмірбаяндар энциклопедиясында (М.: ОЛМА-ПРЕСС, 2002 ж.) егжей-тегжей баяндалған).

1950 жылдың күзінде Кавказда қызу жүрген саяси науқан Қазақстанға ойысқан.

Әлбетте, БК(б)П ОК-і соған да алдын-ала дайындық жүргізген. Сол шаралардың бірі - идеологиялық жұмыстар деңгейін көтеруге жәрдемдеседі деген желеумен Жоғары партия мектебін 1948 жылы сырттай тәмамдаған, оған дейін Ставрополь өлкесінде партиялық жұмыста болған И.П.Храмковтың БК(б)П ОК-нің жолдамасымен Қазақстанға жіберілуі. Мәскеуден келген кадрды анау-мынау жұмысқа қоя алмайсың, Иван Петрович бірден-ақ Қазақстан К(б)П ОК-нің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісінің орынбасары, бір жарым жылдан кейін меңгеруші болып тағайындалған (Осы қызметті соғыс жылдарынан бері де сәтті

АЛАШТАНУ

атқарып келе жатқан Б.Исабеков бөлім меңгерушісіне орынбасар болып төмендетілген). Сол алмасудың не үшін жасалғаны 1950 жылдың күзінде мәлім болмақ...

Біздің қолымыздағы деректерде (М.Әбдіқалықов, Б.Исабеков және ОК-тің үгіт-насихат бөлімінің сектор меңгерушісі, белгілі әдебиетші І.Жарылғаповтың естеліктері) баяндалған жайттарға қарағанда, Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық қозғалысты кавказдықтар «үлгісімен» қайта қарап, реакциялық-монархиялық деп жариялау туралы ой бұл жолы И.П.Храмковтан өрбіген. Сөйтуге қозғаушы болатын мақала жергілікті тарихшылардың көмегімен және «Правда» газетінің тілшілері А.Черниченко мен В.Озеровтің қатысуымен бөлім меңгерушісінің кабинетінде даярланған. Мәскеулік тілшілердің ойынша, мақалаға Қазақстан К(б)П ОК-нің бірінші секретары Ж.Шаяхметов қол қоюға тиіс. «Жүмекең бірақ Багировтың тарихқа жасаған қиянатын қайталағысы келмей, иланымды жал айтып («соғыс күндерінде қазақ жауынгерлеріне жазған үндеу хатта «Кенесары мен Наурызбай батырлардың рухы жебеуші болсын!» деген сөзімнен қалайша танамын?» - деп, үзілді-кесілді бас тартқан соң И.П.Храмков жергілікті тарихшылар Х.Айдарова, Т.Шойынбаев және А.Якунинге қол қойдырған. Әлбетте сол дайындықтың бәрі жасырын жасалған. Алайда, соншама кісі қатысқан қастандық мақалада басты күнәкар ретінде күйрете сыналған Е.Бекмахановқа мәлім болады. Ол дереу газет редакциясына наразылық білдірген жеделхат жолдайды. Қазақ тарихшысын Мәскеудегі Тарих институтының ғалымдары және институттың Ленинградтағы филиалының жетекшісі М.П.Вяткин жедел қолдап, «Правда» алқасына тарихи оқиғалардың бұрмалауына наразылық білдірген шағым хаттар түсіреді. Қазақстандық «Отан тарихы» журналының 1999 жылғы № 1 санында жарияланған «Академик К.И.Сатпаев» атты мақаласында М.Қ.Қозыбаев: «Қазақ тарихшысы Е.Бекмахановтың «XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» кітабы туралы сын мақаланы «Правда» газетінің бас редакторы Л.Ильичев (?) редакция алқасында 4 мәрте талқылауға мәжбүр болған. Алматыға сол

мақсатпен сын-библиография бөлімі редакторының орынбасары Озеров келген...» - депті. «Бекмаханов» ғұмырнамасының 7-тарауында мен Ерекеңнің наразылық хатын Қазақ КСР ҒА-ның Тарих институтының ұжымы екі күн ұдайы, жабық мәжілісте талқылаған хаттамадан көлемді үзінді келтіріп (газет тілшісі А.Черниченконың «Правда» редакторына жолдаған жазбалары бойынша), жергілікті тарихшылардың өз әріптесін жығынды етіп аяусыз түйреген, «түзелмейтін ұлтшыл» әрі «жау элементі» еткен мәні ауыр сөздерін есімдерін атай отырып, қаз қалпында келтірдім. Сол жайтты академик М.Қ.Қозыбаев та жоғарыда аталған мақаласында тарқата баяндап: «Л.Ильичев БК(б)П ОК-нің секретары М.Суловқа жолдаған баянхатында «қазақ тарихшыларының басым көпшілігі Е.Бекмахановтың ұстанымына қарсы шықты, оны буржуазиялық-ұлтшылдық пиғылдан арылмаған тарихшы санайды. Ал, Қазақ КСР ҒА-ның басшысы (Сәтбаев), Орталық комитеттің секретары (Омаров) Кенесарыны реакционер етуге мүлдем қарсы. (...) Редакцияға ұсынылған мақаламен Шаяхметов жолдас та танысты. Бірінші секретарь да Кенесары реакционер емес, ал егер «Правда» газеті мақаланы жариялайтын болса, оған түбегейлі түзетулер жасау керектігін ескертті...» - дегенін мәлімдепті.

Қазақстандық үш тарихшы қол қойған мақала «Правда» газетінің 1950 жылғы 26 желтоқсан күнгі санында, «Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» деген атаумен жарияланған (А.М.Панкратованың Орталық комитет секретарьларына 1944 жылы жолдаған хаттарының ғылыми дәлелдемесі тақырыпқа шығарылып, мәтінде де басты желеуге айналғанына мән бере қараңыз!). Күйкі мақсатпен жобаланған мақаланың билеуші партияның бас газетінде жарық көруін қазақтың сол кездегі көзі ашық қауымы «Ашық аспанымызға бұлт үйіріліп, қара түнек орнады...» деген қауіппен қабылдаған. «Қазақ КСР тарихының» екі басылымын, Е.Бекмахановтың Кенесары қозғалысы туралы монографиясын саяси тұрғыдан іске алғысыз

АЛАШТАНУ

етіп, буржуазиялық ұлтшылдыққа жатқызған жарияланымның 1937-38 жылдардағы қазақтың маңдайалды зиялыларын жаппай отаған қуғындауды қайта жаңғыртуды ойластырғаны анық. Сол сүргінді қайталауға тырысқан Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, А.Жұбанов, Т.Тәжібаев, І.Омаров, І.Жарылғапов, К.Жұмағазин, Б.Исабеков, Б.Кенжебаев және Е.Бекмахановты қолдаушы Е.Ділмұхамедов, Ә.Жиреншин сияқты бір топ тарихшылар хал-қадерінше ақырына дейін күрескен. Бірақ, «Правда» газеті тек қана 1951 жылы бұл мәселені 4 мәрте жазып, Шаяхметов, Омаров, Сәтбаев пен Тәжібаевтың есімдерін атап, «ұлтшылдардың қорғаушысы, өздері де ұлтшыл...» деп, жазған сайын қаралауды түрлендіріп баққан. Әлбетте, Храмов та қарап отырмай, айқайшыл белсенділерден өзін жақтайтын топ құрып, жағдайды ушықтыра түскен. Республикалық жиындарда, ОК-тің пленумы мен съезінде ол Омаров пен Шаяхметовтің шалғайына жармасып, «қара тізімге» енген оқымыстыларды сыпыра күйретуден жаңылмаған. Ал, шамашарқы жетпеген кезде М.А.Сусловтың пәрменімен Мәскеуден комиссия алдыртқан. Оның жұмысына Храмов жасаған тізім бойынша жергілікті соғындылар белсене қатысып, ел жақсыларының басына әңгір таяқ ойнатқан («Бекмаханов» кітабымда мен жеткіншек ұрпақ қайталамасын деген мақсатпен сол шіркіндердің есімдерін атап, қылмыс терген әрекеттерін де аша жаздым). М.Әбдіқалықовтың айтуынша, 1952 жылдың жазында Қауіпсіздік министрі А.П.Бызовтың орнына П.М.Фитин есімді қатыбас генералдың келуі жағдайды бұрынғыдан да ушықтырып, «ұлтшылдар» тізіміндегі ғалымдарды тұтқындау басталған. Осы шара да, біздіңше, Мәскеудің бұл науқанға ерекше көңіл бөлгенін аңғартады.

Біржақты дүрелеумен үш жылға созылған қуғындауда зәбір көргендер - жүздеген адам, ұлтымыздың маңдайалды оқымысты саңлақтары - тарихшылар, әдебиетшілер мен тілгерлер, өнер адамдары, жазушылар мен ақындар. Ең алдымен «ағаш атқа мінгізілген» басты күнәкар - біртуар тарихшы Е.Бекмаханов. 1951 жылдың көктемінде ол партия қатарынан шығарылып, ғылыми атақтарынан айырылып,

оқытушылық жұмыстан да аласталып, қоңыр күзде ғана Жамбыл облысының Ново-Троицк селосындағы (қазір де Төлеби кенті) орыс мектебіне мұғалім болып орналасқан. 1952 жылдың күзінде тұтқындалып, Алматыға әкелініп, 25 жылға бас еркінен айырылып, Шығыс Сібірдің Бодайбо қаласындағы тұтқындар лагеріне тап болған. Қ.И.Сәтбаев Ғылым академиясы басшылығынан аласталып, Мәскеуге жылыстап кетіп тұтқындалудан аман қалған. Заңғар жазушы М.Әуезов пен атақты сазгер-академик А.Жұбанов та дағдылы жұмыстарынан қуылған соң Мәскеуге барып, күнкөріс жасаған. І.Омаров та мәртебелі қызметінен босап, жылдан астам уақыт ұйқамақта отырған. Сондай «тазартуға» Орталық комитеттің жауапты қызметкерлері І.Жарылғапов, К.Жұмағазин, ҚазМУ-дың ректоры Т.Тәжібаев, әдебиетші Б.Кенжебаев, жер-жердегі оқымыстылар, зиялы қауым өкілдері де түседі. Академик Ш.Шөкин «Қазақстан ҒА-ның ғұмыр жолы» атты деректі кітабында ҒА парткомының секретары Ефимов дайындаған «қара тізімге» ғылыми институттардан 400-дей қызметкер кіріп, «саяси сенімсіз» деген баппен жұмыстан шығарылғанын қынжыла жазыпты. Академияның іс басқарушысы Г.В.Нечитайлоның Қ.И.Сәтбаев туралы естелігінде 12 академик пен корреспондент-мүшесі 25 жылға сотталғанын, 211 қызметкердің нақақ жаламен жұмыстан шеттетілгені айтылған (Естелік иелерінің екі түрлі дерек атауы да себепсіз емес: 1951-53 жж. қуғын-сүргінге күні бүгінге дейін саяси баға беріліп, жазықсыз жазаланғандардың тізімі жарияланған жоқ, «тарихи аңтаңдақ» қалпында қозғаусыз жатыр...)

Ескертер гәп: академик А.М.Панкратова екінші мәрте редактор болған «Қазақ КСР тарихын» саяси қаралауға 1944 жылғыдай батыл түрде қарсы тұра алмаған; мәселенің бұл жолы Қазақстанның өзінен өрбіп, М.А.Сусловтың қолдауымен өршіп әрі өзі бас редактор міндетін қоса атқарған «Правда» газетін пайдалануы, Анна Михайловнаның, Мәскеудегі «Қазақ КСР тарихына» тілеуқор тарихшылардың қолын байлаған. Сірә, сол себепті 1951 жылдың сәуірінде КСРО ҒА-ның Тарих институтының

АЛАШТАНУ

ғылыми кеңесі Е.Бекмахановтың кандидаттық, докторлық және профессорлық атақтарынан айырып, «бұрынғы қаулысының қате болғандығын» мойындаған масқара қаулы алып, сол қарарды ВАК төралқасына жөнелтуге мәжбүр болған (академик Н.М.Дружинин ғана: «Мұндай масқара - ғылым тарихында бұрын-соңды болған емес, мен бұған қатыспаймын!» - деп дауыс берерде залдан шығып кеткені ғылыми кеңес хаттамасында жазылған). Қысқасы, аяушылық сезімнен жүрдай идеолог-секретарьдың тікелей нұсқауымен жүрген тазарту науқанына ешқандай өзгеріс жасай алмайтынын білген қайраткер тарихшы, жымжырт қалған. Күйеуінің тағдырына араша болуды өтініп Халима Адамбекқызы Мәскеуге барғанда, Анна Михайловна: «Ермұханның кеңес өкіметіне адал тарихшы екеніне өзімдей сенемін, бірақ, менің де қолым байлаулы, ал жағдай сәл өзгерсе - сүйікті шәкіртімнің тағдырын жеңілдетуге көмектесемін, қарағым, ақиқатқа сенімді жоғалтпа!..» - дегені содан.

Шынында да сөйткен. Тарих ғылымының докторы А.П.Кучкин «Мызғымас достық» естелігінде: «Н.С.Хрущевке барып, Ермұханның нақақтан сотталғанын түсіндіріңіз, біз, мәскеулік достары ұжымдық хат жазып, адалдығына кепіл болайық!..» - деп, ғылыми жетекшіміз А.М.Панкратоваға ұсыныс жасадық» - деген ойға бірден келісіп, 12 тарихшының қолы қойылған хатты алып, Анна Михайловна 1954 жылдың қаңтарында СОКП ОК-нің бірінші секретары Н.С.Хрущевтің қабылдауына сұранған. СОКП ОК-інің мүшесі, академик А.М.Панкратованы дереу қабылдаған айбынды секретарь есімі мен еңбегі халыққа әйгілі, «КСРО тарихы» оқулығы авторының Қазақстанда жүзеге асқан сорақы оқиғаны мәністеп түсіндірген сөзінен соң Никита Сергеевич КСРО-ның Бас прокуроры Р.Руденкоға телефон шалып, тарихшылар хатына мән бере қарауға нұсқау берген. Бодайбоның 60 градус қақаған аязында жаурап жүрген Ермұхан Бекмаханов Мәскеуге ұшақпен әкелініп, «қылмысынан» ақталып, 1954 жылғы ақпанның 16 күні Бутырка түрмесінен бостандыққа шыққан (Ғылыми атақтары бірақ қайтарылмаған. Амал қанша, бейнетқор

тарихшыға докторлық атағын 1958 жылы, Мәскеуде қайыра қорғауға тура келген).

Ерінің бостандыққа шыққан күні туралы Халима Адамбекқызы «Жиырма жыл бірге» деп атаған естелік кітабында егжей-тегжей баяндаған: «Бутырканың алдында Ерекенді Анна Михайловнаның автомобилі қарсы алған. Со бетінде өзіне амандаса келген еріме Анна Михайловна бір қалта ақша ұсынады: “Дүкенге барып, үстіңдегі түрменің шоқпытын сыпырып тастап, жаңадан киін. Сенің жер басып жүргеніңді көре алмайтын қас дұшпандарың Алматыда аз емес. Түрмеден жүдеп-жадап қайтқаныңды оларға көрсетпе, қызғаныштан іштері күйгендей ең қымбат киіммен, ағылшынның сәнқой дендиі құсап еліңе шікірейіп бар!..”-деп жүргізушісін қосып, дүкенге жібереді. Ерекен киімді сәнді киінуді ұнататын. Қымбат костюм-шалбар, бірнеше көйлек-көншек алады, әдемі пальто киіп, жаңа малақайын қолына ұстап қайтып келгенде, Анна Михайловна бас-аяғына шола қарап: “Шарф қайда?”- дейді. Ерекен: “Ақшаның жеткені сол болды, кем-кетігін еңбекақымды алған кезде түгендеймін”, -депті. “Жоқ, дүкенге қайта жөнел! Шарф, галстуктер, қосымша киімдер ал. Келіншегің мен балаларыңа базарлық алмасаң - еліңе қайтармаймын!..- деп тағы да бір бума ақша береді. Мәз-мәйрам болған ерім дүкенге қайта жөнеледі. Сол күні кеште хатқа қол қойған 12 тарихшы оның бостандыққа шығуын «Арағви» мейрамханасында тойлаған...»

1954 жылдың көктемінде Н.С.Хрущевтің «саяси жылымық» жариялағаны мәлім. Соған орай соғыстан бұрын, одан кейін де атышулы 58-баппен «қылмысты» болған қазақстандық шерменделердің тірілері бостандыққа шығып, ел-жұртымен қауышқан. Тегінде ақиқаттың жолы ұзақ. 1951 жылы тәркіге түскен Е.Бекмахановтың «XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» кітабы 41 жыл бойы жабық жатып, 1992 жылы ғана қайыра жарияланды, қазақша нұсқасы да сол қарсаңда тұңғыш рет жарық көрді. Алғашқы екі басылымы қолданыстан 1951 жылы шығарылған «Қазақ КСР тарихы», жоғарыда ескерткеніміздей, 2011 жылы, Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдық мерекесі қарсаңында

АЛАШТАНУ

жарық көрді. Қазақ тарихын өздерінше бопсалап, саясатқа бейімдеген большевик идеологтар, солардың итаршылары болған Ресей мен Қазақстан тарихшылары алпыс жылдан соң Уақыт тезіне түсіп, ақиқат жеңді. Рас, сол шіркіндер тарих сотына тартыларын білмеген қалпында, өздерінше жеңіс бізде деген мансұқ оймен рахат тұрмыс кешіп, өмірден озды. Мысалы, науқанды ұйымдастырушы И.П.Храмков 1953 жылы Ленин орденімен марапатталып, Қостанай облыстық партия комитетіне бірінші секретарь болып сайланған. Бірақ, сан-салалы үлкен облысты басқара алмай,

екі жылдан соң Н.С.Хрущевтің қаһарына ілігіп, мәртебелі мансабынан сыпырылып, Мәскеудегі «Колос» баспасында ұзақ жылдар еңбек етіп, зейнетке шыққан. Әділін айтқанда, М.Багировты жазалағандай оны да партия қатарынан аластаған жөн-ақ еді, амал қанша, Қазақстаннан сол мәселені көтерген белсенді болмаған?!..

Дархан өмірдің осы сияқты сайқымазағы келешекте тарихты бұрмалаушыларға сабақ болса игі деген ізгі оймен шерлі хикаятымзды аяқтаймыз.



ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІ

УДК 821.512.157

В.ВАСИЛЬЕВ, кандидат исторических наук
старший научный сотрудник

Институт гуманитарных исследований и проблем малочисленных
народов Севера СО РАН (ИГИиПМНС СО РАН)
Республика Саха (Якутия)



ДРЕВНЕТЮРКИЕ ИСТОКИ ШАМАНИЗМА НАРОДА САХА

В данной статье рассматриваются древнетюркские истоки шаманизма народа саха, который располагались на севере России и являлись тюркоязычным народом Евразии.

Народ саха (якуты) – самый северный тюркоязычный народ Евразии, сохранивший южное коневодство и скотоводство в суровых условиях Севера России. В мифологии саха многие черты религиозных понятий и явлений находят близкие аналоги в шаманизме тюрко-монгольских народов и уходят корнями в мир древнетюркской эпохи. Все исследователи без исключения отмечают, что доэтнические истоки религии саха уходят в культурный пласт ранних кочевников эпохи бронзы и раннего железного века [6, с 2–27]. Некоторые расхождения мнений связаны с общими вопросами. Например, были ли саки ираноязычными или же тюркоязычными, как их западные соседи – скифы Средней Азии и Причерноморья? Отсюда возникает проблема поисков индоиранских и шире индоевропейских реликтов в архаичной культуре саха. Так, лингвистами выявлены около 200 параллелей в сакральной лексике древних ариев и саха [14, с. 120–125, 128]. В целом, изысканиями в этом направлении занимаются многие этнографы, которые подчеркивают многосоставной характер мировоззрения саха, в котором причудливо сочетаются черты, унаследованные у скифов, хуннов, тюрков и монголов [1, с. 185–186; 8, с. 270–274; 5, с. 23, 123].

Одним из видных исследователей древнетюркских истоков религии саха был

Осындай пікір білдіре білген қазақтардың дені қазіргі күнгі сияқты жаңа заман талабына сай оқу-білім алмаған қарапайым азаматтар болған. Бұған қарамастан кәдімгі қазақ салтының, қазақтың ғасырлар бойы жинаған рухани қазынасының таусылмас қорынан нәр алған Алаш азаматтары ретінде, өз әлдері мен қабілеттері жеткенінше қазақтың азаттығын, еркіндігін, тәуелсіздігін көздеген мақсаттарын әрдайым айтып жариялаудан, қазақ ұлтының мәңгілік бақытына арнаған арпалыстарынан еш уақытта қайтпаған жандар болған. Алаш атын аспандату арманы қазақ баласының жүрегіндегі өшпес рухтың көрінісі болған. Салихлы қалашығындағы қазақтардың қаламы ұшқыр, сөзі өткір зиялылары сол мұратқа жету талпынысынан туындаған әдеби шығармалар да жазып жариялаған. Ондай туындылар, батыстық еркін елдерге жеткен кезде де толастамай ұластырылған және әлем елдерінің назарына, шетте туып өскен ұрпақтың құлағына құйылған рухани қазыналар болған. Олардың ең алдыңғы қатардағысы, әрине жалпы қазаққа ортақ болған Алаш Орда Ұлттық Ұраны мен Маршы болған. (Алаш Орда Маршын, кезінде Шығыс Түркістанның Еренқабырға бөктерлерінде азаттық жолында күрескен Қалибек Хакімнің қол астында полковник дәрежесінде қызмет еткен, қазір Істанбұлда өмір сүретін, 86 жасқа келген Мадалім Чалышқан деген ақсақалдан тыңдайсыздар).

АЛАШ МАРШЫ

Арғы атам ер Түрік, біз Қазақ еліміз,
Самал тау шалқар көл, Сарыарқа жеріміз.
Біз жүрген Алаштың шын кемеңгеріміз,
Долданса болмайтын жаңа дәу періміз.
Ежелден өр Түрік, оқ тескен етіміз
Қаймығып еш жаудан, қайтпаған бетіміз.
Лап десе, ат болып зуылдап шабамыз,
Лап десе, от болып дүрілдеп жанамыз
Алаштың АҚ ТУЫН ақырып қолға алып,
АЛАШ-тап шапқанда жауға ойран саламыз!

Осы марштан да байқалғанындай, бүгін қазақтың қазіргі шекарасының ар жағырда қалған қазақтардың ата мекенінің бір бөлегі болған Шығыс Түркістан жағрафиясында өмір сүрген қазақтардың да АЛАШ МҰРАСЫН, АЛАШ ИДЕЯСЫН және АЛАШТЫҢ АРМАНЫН ұдайы көңілден шығармай тілектес екендігін байқатады. Адаш мұрасының символы ретіндегі Алаш Гимні Шығыс Түркістан Қазақтарының жадынан шықпай, бір ғасырға жуық уақытқа дейін қалғандығы әрине қазақтың ұлттық рухының мәңгі өшпес айғағындай анық түрде көзге шалынады. Алаш болып, ел болып ту көтеру талабы Алаш әні деген басқа бір өлең шумақтарында былай:

АЛАШ ӘНІ

Қазағым қақтықпа қамалма
Ел болар қамыңды амалда
Атты таң кетті түн
Сал жанды, сал малды аянба
Жәй жатқан, мал баққан ел едік
Елдікте біз кімнен кем едік?
Қаны жат, тілі жат, түрі жат
Жат елден таяқты көп жедік.
Тарыққан, зарыққан шағында
Бостандық кез болды бағына
Ұйымдас, ұрандас кол ұстас
Сен де мін БАБАҢНЫҢ ТАҒЫНА!!!



ӘОЖ 821.512.122

Н.ӘУБӘКІРОВА, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің магистранты**АҚЫЛБАЙ - ЭПИК АҚЫН**

Абайдың ақындық дәстүрі және Ақылбай, Мағауия, Көкбай мұраларын зерттеуші мақаласында Абай дәстүрін жалғастырушы Ақылбай ақынның "Зұлыс" поэмасының көркемдік ерекшеліктерін талдаған.

Ақылбай Абайұлының артына қалған мұраларының бірі - «Зұлыс» деп аталады. Бір өкініштісі поэмасының толық нұсқасы, не қолжазбасы, не көшірмесі табылмай келеді. Ақын шығармашылығын зерттеуші Қ.Мұхамедханұлы поэманы алғаш Мағауия жазғысы келгенімен, денсаулығына байланысты ағасына бар мазмұн-мағынасын ұғындырып берген соң, оны Ақылбай 1900 жылдары жазған деген пікір айтады.

Ақылбайдың «Зұлысын» халық жақсы қабылдап, ол қолдан-қолға тез тараған. Оның ел жадында сақталған кіріспе бөлімі 1921-22 жылдары хатқа түсіріліп, 1924 жылы «Сана» журналының 2-3 санында жарияланады. 1950 жылы поэманың тағы 140 жол өлеңі табылады. Бұл «Сана» журналында жарияланған поэманың бастапқы бөлімінің жалғасы еді. Сонымен қатар поэманың журналға шыққан бөлімінен қалып қойған бір шумақ өлең де кейін табылады.

«Зұлыс» поэмасының оқиғасы ағылшын жазушысы Хаггард, Генри Райдердің /1856-1925/ «Сүлеймен патшаның қазынасы», яғни «Копи царя Соломона» атты әйгілі романынан алынған. Хаггардтың бұл романы 1886 жылы ағылшын тілінде баспадан шығып, 1891 жылы орысшаға аударылған. Бұл шығарманы оқыған Абай Құнанбайұлы оған қатты қызығып, оны өлеңмен қазақ тілінде жырлауды шәкірттеріне тапсырады. Романда басты бағыт Сүлеймен

патшаның қазынасына аударылса, Ақылбай шығармасында ол аңыздан гөрі Англияның жаулап алаған елі Зұлыстардың тағдырын жырлауды мақсат еткен. Абайдың қызықтырған осы жайлар еді.

Ақылбай романның атын өзгертіп, назарды бірден аударту үшін «Зұлыс» деп атаған. Зұлыстар мекендеген тау аттарын да бір-ақ атпен «Зұлыс» дейді. Хаггард романында кездесетін Африканың тау аттары өз жерлестеріне түсініксіз, әрі қиын болатындықтан бір ғана атауға сыйыстырып жіберген. «Сүлеймен патшаның қазынасындағы» әңгімені кәрі аңшы аузынан емес, қазақтың эпикалық суреттеу дәстүрі бойынша басты кейіпкерге мінездеме бере келе, ақын негізінен өзі баяндайды. Қажетті жерінде кейіпкерлердің диалогтерін береді. Шығарма басы Зұлыс тауын суреттеуден басталған:

Зұлыс деген бір тау бар үлкен, биік,
Басы қарлы таянып көкке тиіп.
Пілден пайда етуші жансебіл бар,
Қаракет қып сүйегін, атып, жиып.

Ақынның Африка жерін барып көрмесе, роман негізінде, өзінің суреткерлігінің арқасында ол жердің табиғат ерекшелігін дәл суреттей алған. «Орта жері отша ыстық», «қалың тоғай, қара үңгір», «қиын жартасты» жай аңдар емес, жыртқыш қаскүнем мекен еткен, аса қауіпті жерде піл атып жүрген аңшы еңбегінің

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІ

өте қиындығына салмақты сала келіп, «Дейтұғын Кватэрмен бір мерген бар, Бейнет ішіп, күн көрген қатер киіп», - дей келіп оқырман назарын Кватермэннің ерлік тұлғасына аударады. Ақылбай аңшының мергендігін айта келіп, Хаггард шығармасымен және ондағы оқиғаның осы Кватермэн атымен баяндалатынымен таныс екендігін аңғартып өтеді:

Көз көргенін кітап қып тасниф еткен,
Өлең қылдым өнерлі сондай ерден.

Аңшы әр күнін бос өткізбейді. Күн сайын түрлі аң атып жүрген ол, піл сүйектерін судан арғы шаһарға қымбат бағаға сатуды ойлайды. Поэмадағы оқиғалар желісінің басталуы осы жинаған піл сүйектерін кемемен сатпаққа шыққан сапарымен тікелей байланысты.

Кеменің үйі де көп, кісі қалың,
Аяқ басып жүруге келмейді әлің.

Екі адам бір бөлмеде бөлек отыр,
Кім екені аңшыға емес мәлім, - деп, аңшыға таныс емес екі адам оқушы назарын аударады. Бұлар кімдер екен деп қызығушылықты олардың портреттерін беру арқылы үстемелете түседі.

Біреуі ұзын бойлы, қыр мұрынды,
Қымбатты оңаша алған бір орынды.
Қара мұрт, қызыл жүзді, кең жауырынды,
Сөзі әдемі, киімі әм форымды.

Кемедегі кісіден иығы асқан,
Келісімді, келімді, кердең басқан.
Кішкене қабағында кейісі бар,
Оғат етіп айтпасам, байқамастан.

Ақынның «Ұзын бойлы, кең жауырынды», «Кемедегі кісіден иығы асқан», «Келісімді, келімді, кердең басқан» деп сипаттағаны кім? Бұл романдағы Генри Куртистің бейнесі еді. Ақылбай оны сөзі де әдемі, қажымас күш, мол қайраттың иесі ретінде бейнелейді. Қанша күштің иесі болса да, қымбатты оңаша орын алса да, оның қабағында бір кейістің бар екендігін аңғартады. Ақын сөздерінен оның кемедегі жай адамдардың бірі емес, көңілінде алаңы, жүрегінде өкініші, ішкі қобалжуы, қауіптенуі күйі барлығын байқаймыз. Осы бір кейістің астында үлкен сыр жатқандығына оқырманды қызықтыра түсіп, оның қасындағы

екінші жолаушыны да беймәлім қалдырмайды. Кеме үстінде капитан Кватермэнмен Генри мен Гудты таныстырады. Генридің осы жолсапарға шығып, басты мақсат еткені Кватермэнге жолығуы еді. Іздеп жүрген адамына кеме үстінде жолыққан ол өзінің аңшыны неге іздеп жүргендігі жайынан шер тарқатады:

Айтайын,-деді, Генри,- жайды бастан,
Миллионердің ұлымын дәулеті асқан.
Жалғыз інім Джордждан тірі айырылып
Құлағандай болып тұр басыма аспан.

Генри інісімен қалжың сөзге келіспей қалғанын және бауырының банкке барып, бар ақшасын алып кетіп қалғанын, өзінің болса інісін «жер үстінде бар болса табармын» деп мақсат қойғанын айтады. Ақсүйек миллионердің зарыққан күй-жайын аңшы түсінеді де, оған қолғабыс етуді белбайлайды. Ал оның аңшыны неге іздегенінің сырын төмендегі өлең жолдарынан ұғынамыз:

- Еміс хабар естідім жолықты деп,
Сізге кез менің інім болыпты,- деп.
Зұлыс тауда піл атып жүргенінде,
Үйіңе қонақ болып қоныпты деп.

Кватермэнның оның інісін көргені рас еді. Ағасынан бұл жайды, көрген-білгенін жасырмайды. Інісінің Сүлейменнің қазынасын іздемекке оңай қайтпас сапарға бет алғанын, екі адамның талап етіп жүріп кеткенін паш етеді.

Соломон патшаның қазынасы туралы ел ішінде сақталған аңызда және Хаггард романында оқиға желісі төмендегідей баяндалған: Соломон патшаның қазынасын іздеп осыдан шамамен үш жүз жыл бұрын ақ түсті жалғыз адам талай қиындықтардан, сусыз шөлден, кукуандар шабуылынан, ойы-қыры қиын құз таулардан аман өтіп, есебі шексіз мол байлықтың алмаз қазынасына барып жетеді. Бірақ залымдардың сиқырлықтарының әсерінен бұл қазынадан түк ала алмай, құр қол қайтады. Қайтар жолында азып-тозып, енді дәм тұзы таусылар өлім қаліне келген шақта сол қазынаны іздеуге шыққан бір жолаушыға жолығып, Соломон қазынасына барар жолдың жоспарын береді. Жоспар сыры көпке дейін ешкімге беймәлім болып келеді. Бір құл өзінің иесі дүниеден өткенде жоспарды оның денесінен алып, оқи алмай қанша жыл құпияда ұстайды.

Содан кейін барып жоспар қолына тиген адам қазынаны іздеу жолына шығып, құлан түзде жан тапсырғанда аңшы кездесіп алып қалады. Оны тағы да байлық іздеу жолында жүрген екі ақсүйекке береді. Осы оқиға желісі Хаггард романында қаншама бөлімдерде кеңінен суреттелсе, Ақылбай оны төмендегі жолдар арқылы ғана ықшамдап бере алған:

- Бір күні мен Зұлысқа шықтым аңға,
Піл кез келер деп ойлап аңдығанға.
Ыстықтан қап-қара боп тілі түскен,
Жығылып-тұрған жолықтым халсіз жанға.
- Көтеріп алып келдім балағанға,
Қуандым көз ашуға жарағанға.
«Алмас... алмас...» деді де жаны шықты,
Қойнынан қағаз таптым қарағанда.
Сүлеймен планы екен қазынасының,
Білмедім қайда екенін жолдасының.

Міне осы қазынаға бастап апарар жоспардың көшірмесін Кватермэн Джорджға берегендігін және соның негізімен інісінің Сүлеймен патшаның қазынасын іздеп кеткендігін Генриге білдіреді. «Сана» журналында басылған поэма осы жерден аяғы табылмады деп тамамдалған. М.О.Әуезов шығарманың арғы жалғасының мазмұнын ел аузынан естігені арқылы жеткізген. Ол туралы «Ақылбайдың шығармалары туралы» атты еңбегінде баян еткен. Елуінші жылдары табылған «Зұлыстың» бөлімі осы оқиғалардың жалғасын, М.О.Әуезовтің естігеніндей жайларды бейнелейді.

Генри інісін іздеу сапарында Кватермэнға бірге барайық, серік, жолдас болайық деп өтініш салады. Бірге барсаң өмірлік жан аямас дос болатынын және сыбағаға бриллиант тас беретінін мәлімдейді. Байлыққа аңшы қызыға қоймайды. Бірақ теріс те көрмейді. Оған ақшы байлық үшін емес, баласының сапалы білім алуы, қатарынан қалмай өсуі үшін ғана керек. Сондықтан да баласы үшін ақшаға келісіп, ойын былай білдіреді:

Бересің керегіне он мың сомды.
Басым сатып бармаймын бұл пұлыңа,
Сізді қимай еремін бұл жолыңа.
Жиырма мың бересің және өзіме
Пұл болсын артта қалған бір ұлыма.

Бұл жерде оқырманда аңшыны ақша үшін ауыр сапарға кеткен екен деген ой тұмау керек.

Інісін іздеген жанның жолдастық бағытында қиылып сұраған өтінішіне Кватермэн еріксізден келіседі. Алай-бұлай болып кетсем артымда жылап қалар әйелім де жоқ деп ойланып барып, баласына аз да болса пұл қыларлық, білім аларлық ақша тастап кетуді ойлаған аңшыға қояр ешкімнің де кінәсі бола қоймас. Бала болашағы, оның ел қатарлы білім алуын көксеуі, аңшының өз құлқының қамын емес, болашақты ойлайды. Генри: «Және ақша ал мұның болмас, Оқуына балаңның он мың толмас», - деп бұған ықыласымен жолдас болғанына ризашылығын білдіреді.

Зұлыс тауына бірге баруға өз еркімен келген «төр кезден бойы асатын қарашұбар», «атан жілікті» зұлыс жігіті Омпапаны ақын сүйсіне мадақтай жыр етеді. Олардың әзілдері жарасқанын айта келіп,

Таң атты аздан кейін, күн қызарып,
Айта берсе кетеді сөз ұзарып.

Бар керегін толтырып тройка атпен,
Бөктеріне Зұлыстың келді жетіп, - деп оқырманды бірден Зұлыс тауы етегіне әкеледі.

Зұлыс жай таулардың бірі емес, бір қабат көк мекен қылған қарлы, биік басынан адам аспаған, әр сайынан ажал исі мұңкіген, жаһаннамның қараңғы үңгіріндей асқақ тау.

Зор Зұлыс, зодыр Зұлыс түсі суық,
Басына жан бармаған мұның жуық.
Алабас ақ бурадай бұрқыраған,
Үскірік, қарлы бұлт басын жуып.

Зор кеудемен бұлттан асқан басы,
Күн ашықта жалтырлап жылтыр тасы.
Аю, арыстан, піл, барыс - хайуанаттар,
Қойныңда бір сақтаған - ол анасы.

Осы бір таудың, табиғаттың ерекшелігін суреттеген өлең жолдарынан тамаша көркем сөз образдарын, өлең өрнектерін, ажарлы сөз айшықтарын кездестіруге болады. Бір ғана «Зор Зұлыс, зодыр Зұлыс түсі суық», «Ала бас ақ бурадай бұрқыраған» деген жолдардың өзінде көріктеу, ажарлау құралдарын да, Зұлысқа тән тау бейнесін де байқаймыз. Бұл ақынның ұстазы Абай поэзиясынан алған ақындық өнердегі үлгі-өнегесі екендігі анық.

Ақын тау ерекшелігін айта келіп:
Бауры толған шәһар жайлап жатқан,

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІ

Қарашы бір тәңірінің тамашасын,-деп, оқырман назарын қалаға аударады. Жолаушылар қаладан еті тірі баланы ақысын төлеп жолдастыққа алады. Сөйтіп олардың қасына «Шырағы жанып тұрған адуын жас» пысық, өжет жас бала ілеседі. Жолшыбай төртеуі пілдердің ойнағына тап келіп, олармен шайқасып, осында жанағы жас бала көп ерлік көрсетеді. Гудты таптамақ болып келе жатқан пілге қарсы жүгірген бала ерлігін ақын төмендегідей жырға қосады:

Жан қиған ерлік шықты мына жастан,

Өлмеймін деп келен жоқ байқамастан.

Гуд жанынан күдер үзген кезде,

Бала қанжар салады тайқалмастан.

Бірақ жаралы піл жолындағы баланы таптап,
жас бала қайтыс болады.

Баланың бар денесін алды теріп,

Әрқайсысы жыласты бойы еріп.

Жас жанын жолдас үшін құрбан қылған

Әділ ер кез болмас деп, мұндай берік.

Осы жолдардан арғы поэма жалғасы осы уақытқа дейін табылмай келеді. Осы бізге жеткен алғашқы бөлімнің өзі «Соломон патшаның қазынасы» атты романның бас кезіндегі оқиғаларын шеберлікпен жырлағаны байқалады. Роман сюжетін жемісті пайдаланған. «Зұлыста» қыр қазақтарына сол заманда үш ұйықтаса түсіне келмейтін піл сүйегін сатып күнкөріс көруі, аңшының адамгершілік қадір-қасиеттеріне назар аударту, миллионер Генридің бауырына деген туыстық, адалдық сезімі, сонымен қатар аңшы мен миллионердің осы бір сезімнің қазығына байланып, шынайы достық көрсетуі сынды сюжеттерді ақын жырлау арқылы ақын өзі өмір сүрген заманның қоғамдық-әлеуметтік көріністеріне өз пікірін бере алған. Шығармада басқа елдер адамдарының өзара қарым-қатынастарындағы адамгершілік ізгі қасиеттерді айту арқылы Ақылбай партия болып сабылып жүретін өз замандастарының намыс сезімдеріне әсер етуді мақсат еткен. Шығарманың табылмай келе жатқан жалғасында осындай ізгілікті ой-пікірлер кеңінен сипатталады. Олармен М.О.Әуезовтің ел аузынан естіп, мазмұнын жариялаған поэма жалғасы туралы мақаласы толық дәлел бола алады. Бұл ретте шығарма

жалғасы қалай болған екен деген оқырман көкейінде сұрақ туындары хақ. Қысқаша мазмұнын айтып өтелік:

Жолаушылар көп қиындықпен Зұлыс жабайы еліне жетеді. Мылтықтың не екенін білмейтін халыққа өздерін жер адамдары емес, айдан келгенбіз деп таныстырады. Гуд «Мен қарғасам қарғаған адамым өледі» дейді. Жергілікті тұрғындар тілін аздап білетін Омпапа тілдесе келе, олардың әкімі Тваланың халқын қан қақсатқан озбыр адам екенін, қариялардың айтуымен Омпапа осы зұлыс елінің бұрынғы әкімінің баласы екенін біледі. Твала оның әкесін өлтіріп, орнын тартып алған екен. Тваланың ақылшысы Гаула атты аяр кемпір жолаушыларға жауығып, халықтың алдында сынамақ болады. «Әулиелілігіңді көрсет дегенде» айдың тұтылатын уақытын білген Гуд «қазір айды ұрлаймын» дейді. Уақытымен ай тұтылып, халық бұларға табына түскенде, әкім мен арам кемпір: «Шын әулиелігің болса анау өгізді қарғап өлтір»,-дегенде, Гуд өгізді мылтықпен атып өлтіреді. Ел одан әрі табына түскен кезде, Гуд әкімді өлтіріп оның кім екендігін жұртқа айтып, халық Омпапаны әкім сайлайды. Гауланы өлтірмекші болған Генри одан өзінің інісінің жайы сұрайды. Кемпір бір үңгірдегі тылсыммен бекітілген қазынаны іздеп бір адамның кеткендігін айтады. Сонда Генри Кватермәнмен үңгірге барған кезде, оларды Гаула бір тесікке түсіріп жіберіп, аузын жауып, қашып кетеді. Генрилер үңгір ішінде қиналып жүргенінде асыл тастарға кезігіп, одан бірер кесек қана алады. Олары таза гауһар тас екен. Көп жүріп, бір жол тауып шығады. Інісін таба алмай келген Генрилерге өздеріне қастық ойлайтын ақ адамдардың бұл жерге жол таба алмағандықтан келе алмай жүргендігін айтқан Омпапа, оларға жолбасшы беріп, Зұлыстың арғы етегіне жеткіздітіп салады. «Зұлыс» поэмасының оқиғасы осымен бітеді», - М.О.Әуезов.

Ақылбай Абайдың ақындық дәстүрін өз шығармашылығында жемісті жалғастырған ақын. Ол әкесінен, ұстазынан көп үлгі-өнеге алды. Ол «Зұлыс» поэмасын өмірінің соңғы жылдарында жазған сияқты. Ақын қолжазбасы қолдан-қолға көшіп, ұқыпты түрде көшірмесі

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІ

алынбай қалған. Өмірінің соңғы кезіндегі інісі Мағауияның қатты науқасты болып, ауырып қайтыс болуы, артынан әкесі Абайдың дүниеден озуы, барлығы Ақылбайға қатты әсер етеді. Поэмасын жинақтап жазуға ақын үлгермеген. Абай Мағауия қайтыс болғаннан кейін 40 күннен кейін қайтыс болса, Ақылбай әкесінің қыркын берген күні өмірден өткен. Ақынның «Зұлыс» поэмасының жалғыз қолжазбасы 1918 жылы өртеніп кетеді.

Әдебиет

1 Мұхамедханұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері. Бірінші кітап .-Алматы: «Дәуір». 1994.-224 б.

2 Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар.- Алматы, «Санат», 1995.- 320 б.

3 Сәтбаева Ш. Әдеби байланыстар.- Алматы, «Жазушы», 1974.-216 б.

4 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы.4-том. - Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы. 2001.- 450 б.

5 Сейдахмет Қ. Ақылбай да ақын болған.// Торғай таңы, 1994, 12 шілде

6 Бейсембаев М. Абайдың он баласы.// Солтүстік Қазақстан, 1994, 30 мамыр, 6 маусым

7 Мағауин М. Жоғалған поэма тарихынан. // Жалын, 1985, №1



КӨСЕМСӨЗ

ӘОЖ 070(574)

А.ЕСПЕНБЕТОВ, филология ғылымдарының докторы, профессор
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті
гуманитарлық-заң факультетінің деканы



ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ - МҰХТАР ӘУЕЗОВ КӨСЕМСӨЗІ

Академик Рымғали Нұрғали - М.Әуезов шығармашылығының барлық қырын тұтастай қарастырған ғалым. Мақала авторы жазушының публицистикалық туындыларының ерекшеліктеріне тоқтала отырып, Р.Нұрғалидың көсемсөзге қатысты зерттеулеріне талдау жасайды. Ғалымның Әуезовтің көсемсөздік мұрасын жинақтап, жариялаудағы жанқиярлық еңбегіне пайымдау жасайды.

Әдебиетіміздің классигі, дарқан дарынды суреткер Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармашылығы ондаған монографиялық зерттеулер мен диссертациялық ізденістерге арқау етілді. Әлемдік деңгейдегі сөз зергерінен қалған бай мұраның толассыз ғылыми айналымға түсуі заңды құбылыс. М.Әуезов ұрпағына сыйлаған түгесілмес қазынаны мұрагер – ұрпақтың әрбір харпіне дейін ақтара төңкеріп, ерінбей, жалықпай жүйелі зерттеу объектісіне айналдыру азаматтық парызы, қаламгерлік борышы.

Жазушының елу томдық толық шығармалар жинағы бүгін қолымызда. Десек те М.О.Әуезов музей үйінде жинақталған мұраның оннан бірі де оқырман қолына жетпей отыр. Ұлы жазушының кітапханасы, кітапхана қалыптастырған ой жүйесі, зерттеу орталығындағы жинақталған қолжазбалар, естеліктер, оқырман хаттары, жеке мұрағатында сақталған қымбатты қазыналарды қаза түссек талай олжаға кенелеріміз хақ.

Шығармашылық қадамын өлеңмен бастап, айшықты жолы драматургиядан жол алған қаламгер үлкен прозаға барар сапарында көркем әңгімелер, повестер табиғатын меңгеруге, шағын жанрлардың ішкі мүмкіндіктерін жан-жақты барлауға біршама уақытын жұмсады. Бұл ретте қазақ көсемсөзінің қалыптасуына зор қолқабысын тигізген проблемалық мақалалары,

әссе, очерктері де зерттеушілер назарынан тыс қалмағандығын атап өткен жөн. Б.Кенжебаев, Х.Бекхожин, Р.Нұрғали, К.Сыздықов, Н.Омашев, Т.Әкімов, Б.Жақып еңбектерін оқырман жақсы біледі.

Академик Рымғали Нұрғалидың М.Әуезовтің өткен ғасырдың 20-жылдары жазылған публицистикалық шығармаларының алғашқы зерттеушілерінің бірегейі екендігін астын сызып айтқымыз бар. Неге? Негесі сол Әуезовтің аталған туындыларын мұрағат қойнауынан аршып алып, қаһарына мінген қатыгез цензураның қырағы көзіне шалдырмай жариялауы көзсіз ерлікке парапар. Барша жұрт қайталап айтып, жамырай жазып жүрген М.Әуезовтің қаламалды туындыларының бірі – «Адамдық негізі-әйел». Мақала Семейде шығып тұрған «Сарыарқа» газетінің 1917 жылы 5 қыркүйектегі санында «Семинарист Әуезов» бүркеншік есімімен жарияланған. Қазіргі әліпбиге түсіріп, 1966 жылы 8 маусымда «Лениншіл жас» газеті арқылы қалың оқырманға жеткізген Рымғали Нұрғали. Неге соншама ежіктеп жатырмыз? Алдымен, сол кезеңде «Сарыарқа» газеті қара құлыпта болатын, арнайы тексеруден өтпегендер таныса алмайтын, екіншіден, «Сарыарқа» газеті баспасөзде аталмайтын, цензура өткізбейтін. Сол тар жол, тайғақ кешуде бөгеттерді айналып өтіп Қазақстан жастарының [комсомолдың –

КӨСЕМСӨЗ

А.Е.] Орталық органы «Лениншіл жаста» жіберуі ерекше батылдық дерсіз.

«Адамдық негізі - әйел» мақаласы Тұрағұл Абайұлы Құнанбаевпен бірлесіп жазылған. Бұл жөнінде «М.О.Әуезов музей-үйінің» қорында сақталған жазбаларда: «Алғашқы жазуларым сырлы әдебиет бетінде болмай, жалпы газет, журнал мақалаларынан басталды. Ең алғашқы баспаға шыққан статьям «Сарыарқа» газетінде «Адамдық негізі - әйел» деген нәрсе еді. Бұл анығында менің жалғыз өзімдікі емес, Тұраш екеуміздікі болатын. Негізгі пікір соныкі еді, мен соның пікірімен жаздым. Мақаланы бергенімізде ешқайсымыздың қолымыз жоқ еді. Басқармадағы Сәбит Дөнентай баласыма, болмаса Әлімбеков пе, біреуі мен әкеп берген соң «Семинарист Әуезов» деп аяғына қол қойып жіберіпті», - деген жазушының ескертпесі бар.

Мақала авторлары басты ұстанымында ұлы Абайдың салиқалы ойларын адастырмас нысана етіп алған. Абай хакімнің даналық тұжырымдарын XX ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы саяси ахуалмен салыстыра өріп, әйелдің қоғамдағы орны туралы ұтымды ойлар өрнектеген. Өткен тарихтан, қазақ тұрмысының шындығынан мысалдар келтіріп, ойын тиянақтай келе «адамды хайуандықтан адамшылыққа кіргізген - әйел», тәрбиелілікке, ілгерілеуге, ізгілікке баулитын да әйел заты екендігіне жете мән береді.

Мақала соңында жинақталып, сығымдалып қағазға түскен қорғасындай салмақты түйін адам баласы өркениеттің қандай биік сатысына көтерілсе де бір мезет өзектілігін жоғалтпақ емес. Жоғалтқаны былай тұрсын адамзат дамудың биігіне көтерілген сайын тасбауырлыққа, безбүйректілікке, мейірімсіздікке белшесінен батып бара жатқан уақытта қайта-қайта қайрылып, ойланып қарауға міндеттері хақ. «...Әйелдің басындағы сасық тұман айықпай халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал, қазақ, мешел болып қалам демесең, тағлымыңды, бесігінді түзе!». Қазақ халқының тұтас тарихи-әлеуметтік, рухани – тұрмыстық болмысына арна тартарлық мол пішімді этнографиялық, этнологиялық зерттеу қайыспай көтерер еңбектің өтеуінде тұрғандай әсерге бөлейді.

Р.Нұрғали болса: «М.Әуезовтің әйел мәселесі туралы концепциясы сол кездегі қазақ демократ ақын-жазушылары С.Торайғыров, С.Дөнентаев, М.Сералин, С.Көбеевтердің мезеген биігімен ыңғайлас келеді», - деп тұжырымдайды.

М.Әуезов қаламынан шыққан «Қазақтың өзгеше мінездері», «Оқудағы құрбыларыма», «Қайсысын қолданамыз?», «Япония» тәрізді дүниелері қазақ арасында оқу-білімнің, мәдениеттің, ғылымның ене бастағанына қуанышын білдіреді. Әйтсе де, қуанарлық жәйттерден гөрі халқымыздың күнделікті тұрмысына енбей жатқан әдеттерге қынжылады. Мәселен, «Ғылым» мақаласында «Адамшылықты таза жүргізу үшін көп ой керек. Ой ойлау үшін оқу керек» деп нақты жол нұсқаса, Р.Нұрғали жазушы ұстанған көзқарасты жан-жақты сараптап, сан толқын ұрпақтардың ақыл-ойына азық беретін тұстарды тәптіштей түседі.

Көрсетілген шоғыр мақалалардың ішіндегі Р.Нұрғали ғылыми айналымға қосқан елеулі дүние - «Оқудағы құрбыларыма». Алғаш «Сарыарқа» (1917, 14 қыркүйек) басылған мақаланы ғалым «Лениншіл жастың» 1966 жылғы 23 маусымдағы санында кирилл әрпімен жариялады. Көлемі жағынан өте шағын мақалада жазушы оқығандар арасындағы бірлік, олардың білімділігі, тазалығы мәселелерін көтереді. Халықты түзетуге жол салып, үлгі шашпасақ, «онда біздің оқымағанымыз, болмағандығымыз артық» деп ащы шындықты жар салып айтады. Мақаланың үгіт-насихатқа құрылғандығын түсінуге болады. Оқырманның білім дәрежесін қапысыз зерттеп, ой сабақтаған. «Қазақ интеллигенті ұмтылар кемер, барар жайлау қайсы? Бұл ретте Мұхтар пікірлері кешегі Абай айтқан моральмен үндес жатады. Семинарист жігіт оқығандардың халық ағартудағы прогресті ролін көрсетумен шектелмейді. Әуезов интеллигенттер бойындағы кемшіліктерді сынап, оқығандарды ауыз бірлікке шақырады, адалдық, табандылық, білімділік сияқты қасиеттерді үлгі етеді», - деп тиянақтай таратады Р.Нұрғали.

Өткен ғасырдың 20-жылдарына жазылған «Абайдың өмірі һәм қызметі», «Абайдан соңғы ақындар», «Қызыл сұңқарлар», «Ләйлі-

КӨСЕМСӨЗ

Мәжнүн», «Ахаңның елу жылдық тойы», «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі», «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» мақалалары әдебиет ғылымын зерттеуге бел шешіп кіріскен Әуезовтің шығармашылық бағдарын қапысыз танытады. Жас ойшыл қаламынан туындаған дүниелер әдебиеттің тарихын, бүгінгі жағдайын, зерттеу мұратын әбден меңгерген филолог-ғалым екендігіне дәлел.

«Аханның елу жылдық тойы»-бітімі бөлек, айтар ойы оқшау эссе. Дәл осы жерде санамалауға жол берелік. Біріншіден, Ахмет Байтұрсыновтың елу жылдық мерейтойы – қазақ жазушыларының ең алғашқы ұйымдастырылған мерекесі. Екіншіден, Әуезов мақаласы бір Ахаңның шығармашылық жолына арналғанымен қазақ әдебиеті, қазақ баспасөзі, өткен жолды, жеткен биікті бағамдауға арналған күрделі еңбек. Үшіншіден, біз сөз етіп отырған ғылыми очеркті әуелде «Қазақ әдебиеті» газетінде, сәл кейін «Ақ жол» жинағында жариялаған тағы да Рымғали Нұрғали. М.Әуезов мақаласындағы толымды толғамдар мен қабырғалы ойларды бей-берекет қайталап,

әңгіменің берекесін кетіруден сақтанып, академик Р.Нұрғали сөзіне ден қоялық. Онда: «Өз уақытының аласапыран құбылыстарын бағалау, болашақ алыс өрістерді көруге келгенде жас Мұхтар Әуезов даналығына таң қалмасқа болмайды. Алмағайып ағыстарға малтығып, қалың тұманда адаспай, Ахмет Байтұрсыновтың тарихтағы орнына қатысты дәл бүгінгі күнмен үндес, орайлас пікір-тұжырымды жігіт-желең, 25-26-лардағы балғын ойшыл қалай тауып айтты екен деп таң қаласың», - деп тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін берген. Бұл – орасан зор баға.

Жинақтап тиянақтағанда, Рымғали Нұрғали Әуезов шығармашылығын барынша ынта қойып ізерлеген. 1917-1920 жылдары Әуезов қолынан шыққан көсемсөздік мұрасын жарты ғасыр өткеннен соң теріп алып оқушы көпке таныстырудағы жанқиярлық еңбегі алабөтен.

Академик Р.Нұрғали зерттеулері уақыт сынына төтеп беріп, өзектілігін жоймайтын, келер ұрпақтар кәдесіне жарайтын жасампаз еңбектер қатарында.

Сонысымен де қымбатты.



КӨСЕМСӨЗ

ӘОЖ 070(574)

Б.КАРИМОВА, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің аға оқытушысы**АРАЛАС ЖАНРЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТАБИҒАТЫ**

Мақалада автор журналистика жанрларының өмір шындығын бейнелеудегі өзіндік ерекшеліктерін қарастыра отырып, жекелеген жанрлардың дамуы, жаңа элементтердің пайда болуы, олардың қоғамдық мәнділігінің өзгеріп отыруы сынды мәселелерді көтереді.

Сонымен қатар жанрларды асқан шеберлікпен астастыра білу үшін қажетті талаптарды ұсынады.

Бұған дейін мамандар репортажды ақпараттық жанрға жатқызып келді. Бірақ, қазір оның берілу формасының өзгеруіне орай, репортаждан әртүрлі жанрдың элементтерін кездестіруге болатын болды. Репортажда сараптамалық та, ақпараттық та, көркем-публицистикалық та жанрлардың элементтері орын ала бастады.

Репортаж – болған оқиғаны оқырманға жеткізетін, автор оқиғаны бақылаушы міндетін атқаратын жанр болып есептеледі. С.Тертычный репортажды көркем-публицистикалық жанрлар қатарына жатқызуды жөн дейді. Оның пікірінше, онда оқиғаны бақылаушының көркем тілмен баяндау тәсілі қолданылады. Ал, «Основы творческой деятельности журналиста» атты жинақта филология ғылымдарының докторы, Воронеж мемлекеттік университетінің профессоры Л.Е.Кройчик репортажды публицистикалық жанрлар қатарына жатқызады. Мұнда бірінші планға ақпаратты талдау мәселесі қойылады. Бұл жанрда «сараптама – мақсат емес, болған оқиғаны немесе айтылған комментарилердің нәтижесі мақсатының үддесінен шығуы тиіс»[1].

Репортаждың тілі - түсінікті және журналистиканың қасаң қағидаларымен жазылғаннан гөрі, бейнелі болғаны жөн деген де түсінік бар. Бейнелілік – нақтылық пен көрнектілікті танытады деп есептелінеді.

«репортаж – болған оқиға жөнінде журналистің ой-толғамы мен көңіл терезесінен өткізген тұжырымдары» деген де пікірлер бар. Мұнда – баяндау әдісі, тікелей әңгімеге тарту, мәнерлі шегініс, кейіпкерлердің мінез құлқын сомдау, тарихи шегініс т.б. да тәсілдер қолданылады.

Демек, бір репортаждың бойынан барлық жанрлардың элементтері орын алтындығы айқын болды.

Болған оқиғаға орай мамандардың, оқиғаға қатысушы адамдардың пікірін тыңдап, қорытынды жасау – сараптамалық міндетті атқарады. Ал, оқиға жайында бірінші жақта баяндау, журналистің өз ой толғамдарының кірісуі – көркем очеркті көз алдына елестетеді. Демек, репортажда – бүгінге дейін шартты түрде журналистика жанрлары аталып келген үш үлкен топтың да элементтері орын алатын болды.

Қазіргі халықаралық журналистикада 4 түрлі жанрға басымдық беріледі.

- Біріншіден – ақпарат. Ақпарат болған оқиға жайында мағлұмат қана береді.

Егер, оған қатысты автордың өз ой-толғамдары қосылса, бұл очеркке жақындайды.

- Екінші – сараптамалық ақпарат. Онда сарапшылардың пікірі қоса ұсынылады. Демек, ақпарат пен сараптама кірігіп кетті деген сөз.

- Үшіншіден, очерк автордың болған оқиғаға деген өз көзқарасы, болжамы, ой

қорытуы, мәселені өз жүрегімен екшеуі.

Онда эмоция да басым болуы мүмкін. Батыстық журналистикада дәл осы үрдістен аулақ болуға шақырады. Оқырманға көсемсіп ақыл айтпауға, эмоциядан аулақ болуға, өзінің жеке көзқарасын таңбауға үндейді. Бірақ, біздің журналистикада бұл үрдіс әлі де жалғасын табуда. Жаңалықтарда да, сараптамада да очерктің элементтерін кездестірмеуіміз сирек.

• Төртінші – пікірлер жинағы (комментарий)

Нысанаға алынған тақырыпқа қатысы бар тұлғалардың (шенеунік, саясаттанушы және тақырыпқа мүдделі тұлға) пікірі мен көзқарасы және автордың жеке ой түйіндері мен болжамдары, айтылған пікірлерге орай талдап-сараптауы. Алайда, автор өзінің жеке көзқарасын таңудан аулақ болуы тиіс. Журналист баға беруден бойын аулақ ұстағаны жөн. Және оқырманын шатастырмауға тырысуы қажет. Сіздің көздеген тақырыбыңыздың маңызы ашылуы үшін комментарийге де иек артатының анық. Демек, қазіргі таңда өзекті деп танылатын журналистиканың төрт түрлі жанрын да бір біріне кіріктіріп пайдалануға болады екен.

Қазіргі журналистикада бұрынғыдай фототілшіні қолтықтап жүргеннен гөрі, өзің тілшілік әрі фототілшілік қызметті қоса атқарғаның тиімді болып есептеледі.

Біріншіден, сіз бұл жадайда қандай моменттерді ұстауға болатындығын өзіңіз шешесіз. Жазғалы отырған мақалаңыздың характерін қалай ашуға болады?

Екіншіден, қаржы және адам күшін үнемдейсіз. Бүгінгідей сандық технологиялардың дәуірінде бұл журналистке тым қиындық тудыра қоймайтыны ақиқат. Сіз өз материалыңызды өзіңіздің көңіл қалауыңызбен түсірген фота суреттермен сәңдей білсеңіз, тағы да ұта білгендігіңіздің айғағы болар еді.

Жанрларды талғаммен араластыра білу үшін, алдымен жазылатын мақаланың құрылымын анықтау. Оған журналистік жанрлардың қандай түрін енгізуге болатындығын екшеу.

Мәселен, апталық газеттерде ақпараттық сипаттағы мақалалар сирек болады. Болған

оқиғаны сараптап, талдап берумен қатар, журналистер комментарийлер жинағын беруді әдетке айналдырған. Бірақ, оның тым ұзақ болмауын және мәселеге қатысты деген пікірлерді таңдап алуды ескеру керек. Егер, сараптаманыздың ішінде қажет-ау деген мамандардың пікірі орын алған болса, комментарийлерге орын берілмей-ақ қойса да болады.

Сондай-ақ, әлеуметтік сауалнамалар сараптаманың ішінен орын алатын кездері болады. Бірақ, мұндай да сауалнама қорытындысын толығымен беруге ұмтылмай-ақ қойыңыз. Тек сіздің мақаланызға қажетті тұздығын алуға тырысыңыз.

Сараптамалық сұхбат барысында журналист сұхбат берушінің әңгіме барысындағы көңіл-күйін, сұрақтарға деген реакциясын қатар беріп отыруды да әдетке айналдыратын кездері болады. Бұл да сіздің сұхбатты берушіңіздің характерін ашуға көмектесетін қосымша тәсіл. Алайда, ұсақ – түйектің бәрін термелей бермеңіз.

Жанрлардың араласуында очерктің де өзіндік орны бар. Ендеше, оның қандай жанр екендігі жайында айта кету жөн секілді.

Очерк – Кеңес журналистикасында кеңінен тараған, журналистикалық жанрлардың ішінде – көркем-публицистикалық жанрдың табиғатына жатқызылып келгендігі белгілі. Журналистік жанрлардың ішінде очеркті жазылу табиғаты мен көркем образдарды қолдануына орай, көркем-әдебиетке жақындатамыз. Очерк – деректі фактілерді көркем тілмен суреттеуді басты назарда ұстаса, көркем-әдебиеттің нысанасы ойдан алатындығы мәлім.

Очерк – адам өміріндегі шиеленісті, динамикалық жарқын эпизодтардан тұрады. Очеркте диалог та, философиялық талқылаулар да, портрет те, үлгі етерлік детальдар да кездеседі. Очеркке тән ерекшелік – кейіпкерлердің өмірінің бір сәтін бейнелі баяндай білу. Оқиғалар мен құбылыстарды баяндауда публицистикалық нәзіктік байқалады. Очеркте жиынтық немесе типтік баяндау сирек кездеседі.

Очерктің ерекшелігі – шындықты баяндауда

КӨСЕМСӨЗ

деректерге сүйену ғана емес, сондай-ақ, шығармашылық ой толғам, көркем әдіс-тәсілдердің қолданылуы да. Композиция – оқиғаның өрбуімен емес, логикалық байымдау арқылы шиеленіседі. Очерк – белгілі бір уақыттық үрдістердің көрінісі, сол себептен де онда өткен заман туралы тебіреніс орын алады. Очеркте бірінші планға болған оқиға емес, адам шығады.

Очерк – саяси және экономикалық-әлеуметтік сарабал сараптамада, болған оқиғаны суреттеу кезінде сирек қолданылады. Кеңес одағы күйреп, бұған дейінгі қасаң қағидалардың күлі көкке ұшқанда журналистикадағы очерктің де көлеңкеге ысырылғаны мәлім. Дегенмен, қазіргі қалыптасып келе жатқан тенденцияларға назар аударсаңыз, очерк әлі де өміршең жанр екендігі айқындалып келеді. Оның үстіне қазіргі оқырманға очерктің жаңа түрі – ағылшын журналистикасынан келген – фичерз ұсыныла бастады.

Фичерз бен очеркті ғалымдар кейбір белгілеріне қарап бір жанрға жатқыза, кейбір ерекшеліктерін ескеріп, очерктен мүлдем өзгеше жанр ретінде қарастырады. Фичерздің очеркке ұқсайтындығы, онда журналистің өзіндік пікірінің басым болатындығында, әдеби-көркем тілмен баяндалатындығында. Одан өзгешелейтін белгілері - жанрлардың араласа қолданылуы. Мәселен, сараптамалық очеркті фичерзге жатқызуға болады. Онда белгілі бір оқиғаны сараптау, баяндау, ақпарат беру әдісі де, көркем тілді қолдану әдісі де кездеседі.

Демек, қазіргі заманғы очерк дегеніміз – белгілі бір оқиғаны көркем тілмен баяндайтын репортаж бен сараптаманың сығындысы. Очеркте кең көсілуге болады. Алайда, оқырманды жалықтырып алмауды да ойластырған жөн.

Очеркке журналисттер-саяси оқиғаларға шолу жасау кезінде саяси портрет жасағанда, жолсапар күнделіктерін жазғанда, эссе жазуда иек артады.

Көптеген сарапшылар очеркті көркем әдебиет жанрларының қатарына да жатқызады.

Алайда, қазіргі біздің қолданатын әдіс-тәсілдеріміз сәл өзгерді.

Сонымен очерк жазғанда нені ескеру керек? -деректерді сараптау, балансты сақтау мәселесі мұнда маңызды емес.

-көркем әдеби тәсілдерге көбірек иек сүйенген абзал, әрбір деректің бояуын қалыңдатып, эмоциялық ой-түйіндерге жол беруге болады.

-оқиғаның уақыты маңызды емес

-очеркте ғылымның, өнердің, әдебиеттің элементтері кездесетіндіктен оның табиғатын синтетикалық өнерге балауға болады.

-көркем және публицистикалық тәсілдердің жаңа түрін енгізіп отыруға болады

-мұнда маңыздысы оқиға емес, адам

-көлемі шектелмейді, редактордың оны қысқартуы қиындық тудырады.

Очерктің құрылымы

1. Хроникалық – оқиғаны кезең-кезеңімен баяндау.

2. Оқиғаның себебін анықтау, зерттеу тәсілімен (зерттеу, сараптау,, мақала логикалық ой-қорыту принципімен жазылады).

3. Естелік тұрғысында жазылу – шама-шарқынша еркін көсілуге болады. Адамның өзінің ой қорытуы деңгейінде жазылады.

Жанрларды асқан шеберлікпен араластыра білу – журналистік материалдың бағасын арттырмаса, кемітпейтіндігі айқын болды. Алайда, араластырғанның жөні осы екен деп, оны «каша» ғып жіберуден сақтану керек. Ең әуелі, мақалаңызға нендей жанрларды араластырмау қажеттігін ескеріңіз.

Әдебиет

1 Кройчик Л. Е. Основы творческой деятельности журналиста. – Москва. – 2004. – 112 б.

2 Игенсартова Ә. Тәуелсіз Қазақстан баспасөзі. Ә. – Алматы: Санат, 1997.

3 Қожакеев Т. Сара сөздің сардарлары. – Алматы. –1996.



МҮШЕЛТОЙ

ӘОЖ 821.512.122

Г.ОРДА, филология ғылымдарының докторы

М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері



ПАРТИЗАН ЖАЗУШЫ. ӘДИ ШӘРІПОВ – 100 ЖЫЛ

Ұсынып отырған мақала белгілі жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері, Ұлы Отан соғысының ардагері Әди Шәріповтің мерейтойына орай жарияланып отыр. Соғыс жылдарында әйгілі партизан атанған жазушы қанды қырғында басынан өткен оқиғаларды қағаз бетіне түсіріп, келер ұрпаққа мол мұра ретінде қалдырды. Мақалада жазушының жаумен күрес жолындағы партизандардың жанкешті ерлігін, майдандас достарының шынайы бейнесін

Ел өмірінен ерекше орын алып, өшпес із қалдырған тарихи оқиғаның бірі – Ұлы Отан соғысы. Оны батыр Бауыржан Момышұлының сөзімен айтатын болсақ, «Қазақта соғыс өрті шалмаған шаңырақ қалған жоқ». Қазақ тарихынан үлкен орын алған бұл айтулы оқиға қазақ әдебиетінен де өз орнын алды. Бірсыпыра қаламгерлер ел басына күн туған алмағайып заманда қаламдарын қаруға айырбастап, Отанды басқыншы жаудан қорғау үшін майданға аттанып, елі мен жері үшін шаһид болса, келесі бір топ қан майданды кешіп келіп, майдандас достары туралы өздері куә болған оқиғаларды қағаз бетіне түсірді. Қазақ әдебиетінде не соғыс даласындағы кескілескен шайқасты, не тылдағы еңбек майданын арқау етпеген қаламгер жоқтың қасы. Себебі басқыншы жау олардың бірсыпырасының жалындаған жастық шағын қайғы мен қасіретке айналдырса, ендігі бір парасының бақытты балалық шағын ұрлады. Сөйтіп соғыс қасіреті үш буын өкілдерінің жан жарасына айналды.

Соғыстың алғашқы күндерінен басқыншы жаумен бетпе-бет келіп, Ұлы Жеңіс күнін халқымен бірге тойлаған майдангерлер қатарында Әди Шәріпов есімін атауға болады. Қазақ әдебиетіндегі Ұлы Отан соғысы тақырыбына мол үлес қосқан майдангер қаламгер қаламынан «Азамат жолы», «Партизан

қызы», «Ормандағы от», «Қапастағы жұлдыздар», «Тон» секілді деректі хикаялармен бірге «Сахара қызы» сынды эпикалық роман да туды. Жазушы бұл шығармаларында майдандастарының ел басына күн туған қасіретті жылдарда Отанды қорғау жолындағы жанкешті ерліктерін арқау етті. Қазақ әдебиетінде Москва мен Курляндия түбіндегі шайқастар Б.Момышұлы мен Ә.Нұршайықов шығармаларына негіз болса, Беларусь, Украина, Чехословакияның партизандық жорықтары даңқты партизандар Әди Шәріпов, Жұмағали Саин, Қасым Қайсенов, Тоқтағали Жанкелдиндердің әңгіме-повестері мен өлеңдеріне арқау болды. Бауыржан Момышұлы, Әди Шәріпов, Мәлік Ғабдуллин, Қасым Қайсенов, Тоқтағали Жанкелдиндердің арпалыс жылдардағы майдандас достары туралы жазбалары өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелейтіні даусыз.

Әди Шәріпов – соғыстың алғашқы күндерінде қоршауда қалып, Беларусь ормандарында партизан соғыстарын ұйымдастырушылардың бірі. Оның қаламынан туған шығармалар – осы майдандағы оқиғалардың көркем шежіресі. Сондықтан да аталған туындыларды бір-бірінен бөлек қарауға болмайды. Олар – бір-бірінің жалғасы ретінде, бірін-бірі толықтырып отыратын дүниелер.

МУШЕЛТОЙ

Жазушы өзімізден бірнеше есе күші басым басқыншылдарды қалай жеңдік деген сауалға көркем шығармалары арқылы жауап беруге тырысқан. Ол соғыстың бір бағытта ғана емес, жан-жақты жүргендігін жау тылындағы партизандық қақтығыстар арқылы растайды. Алғашында орман ішінде адасып қалған партизандар қатарының күн санап өскендігі, олардың Отан үшін жасаған жанкешті ерліктері оқырманын шынайылығымен баурайды.

«Қапастағы жұлдыздар» (1969-1970) хикаясы «Сол жылы Рославль қаласы ерекше көркейіп келген еді. Ұзыннан көсіліп жатқан көшелердің екі қапталы қуалай өскен қалың ағаш. Жасыл жапырақ арасынан шашырай орналасқан аласа үйлер ағарандап әзер көрінеді», - деп басталады. Уақыт пен кеңістік жағынан бұл шығарманы соғыс тақырыбына жазылған жазушы туындыларының алғашқыларының қатарына жатқызуға болады. Себебі оқиға соғысқа дейінгі бейбіт өмірден басталады. Рославль қаласындағы жеміс-жидек техникумының толық курсы сырттан оқып бітірген Лидия Андреевна Герасимова заводта жұмыс істей жүріп, алдағы уақытта осылайша сырттай оқып, жоғары білім алуды арман етеді.

Жазушы жекелеген кейіпкерлерінің бейнесін олардың ой-армандарымен, мақсат-мүдделерімен, іс-әрекеттерімен, сөйлеген сөздерімен толықтырып отырған. Оған хикая басындағы мына бір диалогтан үзінді келтіруге болады.

«— Енді қызметің де, еңбек ақың да өсетін болар? — деді Зина дипломды Лидаға қайтып беріп жатып.

— Қызметтің жоғары, төмен болғанын қойшы. Әйтеуір, жұртқа пайдам тисе болды да.

— Кісіге не үшін керек? Меніңше, ең алдымен өз басыңның бақыты үшін оқыдың емес пе?

— Зина сен тым ұшқары ойлайсың, өзгеге пайдаң тимесе, адамдығың қайсы? Сен де оқы. Білімің болса, сенің де халыққа пайдаң тиеді», - деген диалогтан апалы-сіңлілі Лида мен Зинаның өмір туралы көзқарастарын байқауға болады, Ә, дегеннен екі түрлі пікірмен көрінген Лида мен Зина ел басына күн туған сәтте де екі қырынан танылады.

«Рославльдің шаһар іші ғана емес, сол жылы

оның бүкіл айналасы да құлпырып кетті. Маусым айында қала маңындағы орман ағаштарының сұлу көркі жер жаннатына ұқсайды. Алуан түсті бояуға малынып, жүз құбылады. Сұлулығына көзің де, көңілің де тоймайды. Баяу соққан жел екпініне елбең қаққан жапырақ үні асыл жібек судырындай адам жүрегін қытықтап, бір рахат тыныштыққа бөлейді» . Фашистік Германия міне осындай мамыражай тыныштықты бұзып, бейбіт елге соғыс ашты.

«— Соғыс! Соғыс! Германия бізге қарсы соғыс бастапты...» деп, опыр-топыр жүтірген жұртты басу үшін завод партия ұйымының хатшысы Андрей Васильевич Беляев митинг ашады. Ол мінбеге шығып жиналған жұртқа әскерді азық-түлікпен қамтамасыз ету керектігін айтып, завод жұмысшыларының алдағы міндеттерін түсіндірді.

Сол күні-ақ бүкіл коммунистерге әскерге шақырту келіп жатты. Олардың ішінде Андрей Иванович те екі қызын халқына аманаттап әскерге кете барды.

1941 жылы екінші августа қаланы неміс фашистері басып алды. Олар қалаға келген бойда өз тәртіптерін жүргізе бастады: «Қала тұрғындары неміс командованияесінің жаңа тәртібіне бағынуға міндетті. Қалада жасырынып қалған коммунистерді, еврейлерді, совет солдаттарын ұстауға көмектесіңдер! Егер оларды жасырып қалған адамдар болса, неміс комендантына хабарлаңдар. Осы тәртіпті бұзған адамдардың бәрі сотсыз өлім жазасына бұйырылып, дарға асылады» деп өз үндеулерін таратты. Олар бұл айтылғандарды бұлжытпай орындады да.

Қалалық партия комитеті партия қатарындағы жастар арасынан сенімді топ құрып, басқыншыларға қарсы астыртын жұмыс істейтін топ ұйымдастырады. Оның құрамына Лида Герасимованы, Владимир Ольховты, Аня Петрованы, Ольга Тимофеевнаны, Нинаны тартады. Бұлардың барлығы да Отанға адал қызмет ету үшін «Мен Отан үшін бір қасық қаным қалғанша қызмет етемін. Барлаушы қатарында болып, неміс-фашистерінен уақытша басып алған жерді босатып алу жолында барлық күшімді жұмсаймын» деген тіл хат жазып

МУШЕЛТОЙ

береді. Осылайша Лида бірге туған сіңлісі Зинаға айтпай, партияның тапсырмасын мүлт жібермей атқара береді.

Жау әскері басып алған жерлеріне өз әмірлерін жүргізе бастайды. Жергілікті халық ендігі жерде оларға жалданып күнелтуге мәжбүр болады. Күнделікті тамақты табу мақсатымен Зина қаладағы теміржол комендатурасына үй сыпырушы болып, Лида өсімдіктен жасалатын май заводында жұмыс болмай, асханаға жұмысшы болып орналасады. Зина күні үшін қала коменданты Фольбердің ашынасына айналып өзінің әлсіздігін танытса, Лида оған қарама-қарсы кейіпкер. Жазушы бір анадан ала да құла да туатынын осы екі қыздың тағдыры арқылы нанымды бейнелеген. Асханада екі айдай жүріп өзінің дәмді тамақ дайындауымен көзге түскен Лиданы генерал Рихтер өзіне жеке аспаз етіп алады. Неміс тілін мектепте жүргенде еркін игерген Лида аспаз бола жүріп, немістердің құпияларына қаныға түседі. Генералға келіп-кететін, бірге тамақ ішетін адамдардың әңгімелерін партизандарға жеткізе жүріп, аэродромға алып келген техникалар мен қару-жарақтарды бомбалату да осы қаршадай Лиданың тірлігі. Ол өз басына төнген қауіптен қорықпай, Отан үшін көзсіз батырлық әрекеттер жасап, көрген-білгенін дер кезінде жеткізіп отырады. Генерал Рихтерге аэродромға тамақ апарып берген болып, ол жердегі самолеттер мен зенит зеңбіректерінің қай жерге қалай орналасқанын мүлт жібермей көңілге тоқып, көрген-білгенін сол қалпында партизандарға хабарлайды. Партизандар ақпаратты алған күні-ақ ертеңіне қалдырмай сол жерді бомбалап немістерді мол шығынға ұшыратып отырады. Тіпті Батыс майдандағы әскер бөлімдерін Шығыс майданына әкеліп жатқанын, қай күні қай эшолонға қандай қару-жарақ артатынын, келесі келетін зенит зеңбіректерін аэродромнан жыраққа апарып, көзден таса болу үшін жермен бірдей етіп орналастыратынын да генералдың әңгімесінен естіп алған Лида партизандарға сол күннен қалдырмай хабарлайды.

Партия комитеті астыртын жұмыс істейтіндерді бір-бірінен құпия ұстағанмен, вагон жөндейтін заводтағы инженер Володя, аудармашы Алтай Сырымбетов, аспазшы Лида,

фельдшер Аня «Мылтық», «Автомат», «Зеңбірек» деген паролдар арқылы бір-бірімен кездесіп, партияның тапсырмасын бірлесе атқарады.

Жазушы кейіпкер бейнесін басқа кейіпкерлердің сипаттамасы, мінездемесі арқылы да толықтыруды мақсат етеді. Оны Мария Павловнаның округтік полицияның бастығы Артемовқа берген мінездемесінен байқауға болады: «Ол дүниенің түзу кезінде де көзі қызарып, қасқырға ұқсап, біреуді жеп қоятындай боп жүретін, қолына билік тиген соң, кімді аяйды ғой дейсің. Өзі мына осы жердегі кулактың баласы» . Басқыншылар совет өкіметіне наразы кісінің қолына билік беру арқылы өз дегендерін істеп бағады. Себебі ол – шаш ал десе, бас алатын баскесер. Артемов немістердің тапсырмасы бойынша деревнялардан азық-түлік, тон жинап оларға жағына түседі. Қасына он шақты полицай ертіп, Г.Деревнясындағы қамбадағы астықты алып кетуге келген Артемов қамбаның есігі шалқасынан ашылып, қамбада бір дән қалмағанына таң қалады. Оны қасындағы аудармашы Алтайдың айтуы бойынша сол түні партизандардың алып кеткенін қайдан білсін.

Жазушы жекелеген эпизодтар арқылы кейіпкерлер бойындағы ерекшеліктерге де назар аударып отырды жөн санаған. Мәселен Генрих Гейнениң өлеңдер жинағын оқып отырып, Әбділда Тәжібаевтың «Сырдария» өлеңін оқуы Алтайдың әдебиетке жақын екендігін байқататын эпизод. «Өз жеріңді, өз суыңды, өз еліңді, міне, біздің Әбділдадай сүйе біл», деді Алтай ішінен жырдың соңғы шумағын айтып болып.

Бұл өлеңнің аяғы қиялға айналып, Алтайды еріксіз өзінің туып-өскен Ертіс баурайына, Алтай тауына алып кетті» , – деген үзінді Алтайдың Қазақ даласынан барған партизан екендігінен хабар береді.

Ал: «Нинадан ертеңіне түс ауа хабар келді. Оның айтуынша, жаудың жазалаушы тобы ертең таң сәрісінен Ворга поселкасын басып, түс кезінде Ершичи қаласына барып жетпек. Кешке таман Артемовка, Трансо-Исаево деревнялары арқылы Сукромля деревнясына бармақ. Онан әрі қарай баратын жолы белгісіз. Еш жан білмейтін

МУШЕЛТОЙ

көрінеді. Бұл хабардың бірде-бірін шашау қалдырылмай, сол күні-ақ, партизан командирлеріне жеткізілді. Оның ертеңінде, дәл Нинаның хабарлаған мезгілінде, сол көрсетілген маршрутпен орманға қарай жаудың жазалаушы тобы жүріп кетті деген хабар бүтін қала тұрғындарына белгілі болды», – деген үзінді партизандардың көзі мен құлағына айналған жандардың деревня ішінде басқыншылармен бетпе-бет жүргендігіне мысал. Партизандардың ел ішіндегі сенімді өкілдері ел мен жерді басқыншылардан азат ету үшін олардың әрбір ісі мен алдағы жоспарларын қалт жібермей қадағалап, дер шағында жеткізіп отырады.

Орманда жатқан партизандардың өздерінің әрбір ісін көріп-білгендей бақылып отырғандығынан сезіктенген басқыншылар жергілікті тұрғындардың бәріне үрейлене, күмәндана қарап, күдіктілердің артына тыңшыларын салып қояды. Өздерінің артына адам түскенін сезген Лида: «...сол күні-ақ барлық барлаушыларды өте сақ болуға шақырды. Ол өз маңайындағы жұрттың үнін қас қақпай тыңдаумен, байқаумен болды. Жау қаланың өзінде де ойранды бастады. Көрінген кісіні ұстап алып, ату-асуды көбейтті. Қолына түскен адамдардан жөн сұрамай, жабық машинаға бүктеп апарып тығып жіберетін болды. Өз адамдарынан осы дүбірлі күндерде жүріп-тұруды азайтуды талап етті» .

Жазалаушы топ партизан отрядтарына қарсы ұрысты он күннен аса жүргізіп, көп шығынға ұшырап, арып-шаршап қалаға қайта оралды. Олар партизандарды түп-тамырымен құртып-жойдық деп көкіді. Міне, осы кезде бірінші, екінші, үшінші Клетня партизан бригадалары темір жолдарды әр жерінен бұзуға кірісті.

Қаладағы жаңалықтарды дер кезінде жеткізу үшін Петька мен Алексейді радиоқабылдағыштарымен қалаға жіберуге тура келеді. Антонина Ивановнаның үйіне тоқтаған бұл екеуі талай ақпаратты партизандарға жеткізіп үлгереді. Иісшілдердің таяқ астында қалған оларды өздерінің сенімдеріне кіріп алған неміс солдаттары құтқарып қалады. Тінту-тексеру көбейе бастаған соң, бастарына қауіп төнгенін сезген олар кемпірдің көмегімен орманға қашып құтылады.

Жазушы пратизандардың «отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын» ертегі кейіпкерлері емес, ет пен сүйектен жаралған пенде екенін жадында ұстап отырған. Сондықтан олардың әрекеттері де түрліше. Мәселен, Алтайдың көмегімен қамаудан қашып шыққан Павел Соломонович аштыққа шыдамай өзін ұстап береді. Кешке дейін аштыққа шыдамай, сиыр сауып жүрген әйелден нан сұраймын деп партизандар көмекке келмей жатып қайта қолға түседі. Тепкінің астында қалған Павел көп қинаудың бірінде «Чистяков» деген фамилияны айтқаны сол екен, жауыздар Нина Чистякованы тұтқынға алады. Нина олардың айуандығына шыдай алмай, тергеудің бір ауыр түрінде – Бізді басқарып жүрген бас барлаушы – Лидия Андревна Герасимова, – деп айтып салады. Осылайша Лиданың Генерал Рихтердің сейфіндегі картаны ұрлап алғаны әшкере болып тұтқынға алынады. Көріп отырғанымыздай партияның тапсырмасын әркім әртүрлі орындайды. Жекелеген кейіпкерлердің ерік-жігері мен төзімділігін байқататын осындай оқиғалар шығарманың шынайылығына қызмет етеді. Себебі мұндағы кейіпкерлердің барлығы дерлік бірыңғай ержүрек батырлар емес. Мұның өзі көркемдік қиялдан гөрі шындыққа жақын.

Бұл кезде Алтай мен Володя Аня мен Рудольфты алып қаладан қашып шығады, бірақ Лида басқыншылардың қолында қалып Отан үшін азаптың барлық түрін тартады. 1943 жылдың август айының бір күнінде фашистер Лиданы қала зиратының басына алып барып дарға асады:

«– Қандай тілегің бар, – деп сұрады.

– Жасасын коммунизм!... Сендердің де дарға тартылар кездерің жақын қалды, жауыздар, күресі жа... – дей бергенде соңғы сөзінің аяғын айттырмай, кендір арқан Лидия Андреевнаның денесін жоғары қарай созып, тартып бара жатты... Бір күн өткен соң достары ұрланып барып, оның денесін сол зиратқа жерледі» .

Осыдан кейін тура қырық күннен соң Алтай Сырымбетов, Владимир Ольхов, антифашист Рудольф және басқа достары қаланы басқыншы жаудан босату шабуылына қатысып, жауды батысқа қарай қусыра жөнелді.

МУШЕЛТОЙ

Неміс әскерінің ішінде жүрген чех, поляк жігіттерінің өзі де басқыншылыққа қарсы. Хикаядағы Рудольф, Антон сынды жігіттердің астыртын партизандар жағына шығып кетуі гестапа әскерінің күшпен жиналғанынан хабар береді. Басқыншылық әрекетке қарсы болған осындай жандар «орыстардың Гитлерге қарсы күресіне қолымнан келгенше көмек көрсеткім келеді» деп, жолын тауып кеңес әскеріне қарай ауысып кетеді. Рудольф темір жол вокзалына барған болып, ол жердегі бүкіл жаңалықты партизандарға жеткізіп, әскер мен әскери техника тиелген эшолондарды дер кезінде Аня арқылы көрсетіп беріп жүреді. Тіпті жерге түсіп қалған неміс әскерінің хатындағы Москва жақтан қайтарылған әскерді Харьков жаққа жіберетіндігін де олар біліп алады.

Жазушы жау тылындағы партизандар санының күн санап өсіп отырғандығын басқыншылық әрекетке қарсы кейбір неміс солдаттарының партизандар жаққа өтуімен, неміс тұтқынындағы кеңес әскерінің құтқарылуымен, басқыншылардан жәбір-жапа шеккен жергілікті халық өкілдерінің партизандарды паналап орманға келуімен суреттесе, партизандардың жау тылында жүріп оларға шексіз зиян келтіргендігін қару-жарақ, әскер, азық-түлік тиелген вагондардың қисапсыз қиратылуы, темір жол рельстерінің үздіксіз миналануы, көпірлердің бұзылуы арқылы нанымды бейнелеген.

«Партизан қызы» хикаясы: «1941 жылдың июні. Совет армиясының Н. бөлімі Брест қаласынан жиырма шақырым жердегі үлкен селоға орналасқалы бес-алты ай болған-ды. Батальон штабында бір тәулікке жуық көз ілмей, орта бойлы, кең иықты, жүзі қатыңқы келген, қара торы жігіт біресе стол үстіндегі беті ашық жатқан кітапқа үңіліп, біресе телефоннан жауап қайтарып отыр. Кезек ауысатын уақыты жақындағанын білгісі келді ме, қалтасынан сағатын алып қарай бергенде, телефон ұзақ шылдырлады.

– Сізді тыңдап тұрған кезекші кіші лейтенант Ақәділов, айта беріңіз, – деді де, өңі бір қуарып, бір қызарып, даусы дірілдеп шықты.

Сөзін бітірген Жылбек:

– Герман фашистері соғыс бастапты. Роталар

тез қамданып, жауға тойтарыс беруге дайын болсын. Қосымша бұйрықты батальон командирінен күтсін. Ал, тез өз роталарыңа хабарлаңдар, – деп полк штабының бұйрығын айтты», - деп басталады.

Міне, бұл хикаядағы оқиға да Соғыс басталған сәттен басталады. Алғашқысы бейбіт халық тіршілігімен басталса, мұндағы оқиға әскер өмірімен бірге өрбиді. Жазушы соғыс басталған сәтте бейбіт халық пен әскерде жүрген жауынгерлер арасына бірдей ала құйын алып келгендігін жекелеген шығармалары арқылы нақтылай түсті.

Штабқа ентіге кірген батальон командирінің – Шапшаң, тревога беріңіз!, – деген бұйрығын орындаған Жылбек кезектен босаған соң, бөліміне келе жатқанда Қазақстаннан шекараға жақында әкелген сүйген жары Жамал түсті. Бұйрық бір сәтте орындалып, көзді ашып-жұмғанша Жылбек Жамалмен қоштасып та үлгерді. Аяғы ауыр Жамал офицерлер отбасыларымен бірге елге қайту үшін Брестке баратын машинаға отырады.

Мүлгіген тыныштықтың аяқ астынан ойранын шығарған «Жендеттер самолетінің астынан тобықтай болып үзіліп түскен бомбалар жерге жақындағанда үлкен бөренедей ысылдап келіп, бейбіт жатқан жердің қыртысын ойдым-ойдым қып, шаңын аспанға шығарып, әлемді күн күркірегендей етір жіберді». Ел мен жерге қауіп төнген кезде алғашқы кезекте әскери борышын өтеп жүрген солдаттар мен қатардағы коммунистер сапқа тұрды. Бейбіт өмірде аң, не құс атып көрмеген өндірдей жастар қолдарына қару алып басқыншыларға қарсы шықты. Өмір мен өлім беттескен сәтте олардың алдында бір-ақ таңдау тұрды. Ол – не өлім, не өмір. Жауды өлтірмесең, ол сені өлтіретінін түсінген олар өз бастарын ғана емес, Отанын жаудан қорғау керектігін түсінді.

Күні бойғы атыстан кейін түн ішінді Жылбек взводы қорғанысты тастап кейін шегінетін болды. Үздіксіз айқас кезінде шегінген полктің штабын қорғайтын Жылбек взводы полктан көз жазып, аз адаммен қоршауда қалып қояды. Оншақты жауынгерімен Барановичи облысындағы бір орманға еніп кеткен. Соғыс басталған жылдың декабрінде жау қоршауында

МҮШЕЛТОЙ

қалған совет азаматтарынан құралған ат төбеліндей шағын-шағын партизан отрядтары әр түрлі жолмен келіп осы Клетня орманында тоғысқан. Тимофей Михайлович, Павлик Смирнов, Әлім Тілеулин, Петька, Батырхан, Мәжит, т.б. бір тілек үстіндегі совет азаматтары.

Федор қарт партизандар штабына атылуға ұйғарылған қырық шаруаны құтқаруын сұрап келеді. Азық-түлігі таусылған партизандар басқыншылардың қолына өткен қамбаның күзетшілерін өлтіріп, астықты қолдарына түсіреді. Неміс әскеріне тұтқиылдан шабуыл жасап, олардың оқ-дәрілерін тартып алып, тұтқындарды босатып отырады. Басқыншылардың зорлығын көрген тұтқындардың барлығы да партизандарға қосылып, олардың тобын көбейген үстіне көбейте түседі. Олар орман ішінде неше ай аш жүргендеріне қарамай Петр Лебедев пен Коротченконың басқаруымен фашистерге әлсін-әлсін шабуыл жасап оларды шығынға ұшыратып, ілгері басқан аяқтарын кейін шегіндіртіп әлекке салады.

«Түнімен көз ілмеген партизандар шала-пұла тамақтанып алды да, үстіндегі киімдерімен біріне-бірі қисайып, ұйқыға кірісті. Бұлардың монша көрмегендеріне талай уақыт өтті. Ішкі киімдері кірден тұтқыштай қап-қара». Неше ай далада жүрген партизандардың ақ жағалы жейдеден гөрі осылай жүргені шындыққа жақын. Бұл жағынан алғанда жазушы шындықты бұрмаламай, сол қалпында бейнелеуге тырысқаны белгілі. Василий Зарецкий мен Жылбек Ақәділов роталарының жазалаушылармен күресі де шығарманың шынайылығына қызмет етеді. Екі жақтың қардай бораған оғынан аман қалған жау әскерінің қарсыластарына бағынып қол көтеріп берілуі, жазалаушылардың минадан қорқып алдына тұтқындарды салып отыруы, көгілдір экраннан көріп жүрген көркем фильмдерімізді көз алдымызға елестетеді. Он шақты күн партизандардың қыр соңынан қалмаған фашистердің жазалаушы отряды оныншы күн дегенде сап тыйылып, кейін қайтып кетеді.

Оқырманның есінде ұзақ сақталатын кейіпкердің бірі – Жылбек Ақәділов. Дубровка деревнясының күншығыс жағына майданнан

зақымданып қайтқан жау самолетінің еріксіз қонғанын, экипажының самолет жанында жүргенін көріп, олардың экипажындағы радиоқабылдағышты қолға түсірмек болған Жылбек Ақәділов жігіттерінің немістермен қақтығысы, Будвинец деревнясын тонап бара жатқан жау әскерін қолға түсіруі, тапсырмаларды тиянақты орындауы – оның ерлігін паш етер эпизодтар.

Барановичи станциясына жете бергенде бомба астында қалған Жамал Минск облысына таяғанда жолдастарынан ажырап қалып, жаяу жалпы Будвинец деревнясына жетеді. Жылбек пен Жамал қайта табысып, Жамал аяғы ауыр болса да партизандарға еріп орманға кетеді. Партизандардың ортасында туылған қызға олар «Мая» деп есім қояды. Жазушы Маяны отбасының, бейбітшіліктің символы ретінде алған. Жау әскерімен қатты қақтығыс кезінде Маяны бауырына басқан бейіл. Тілі шыққан Маяның – Партизан қызымын, - деп айтуы арқылы жазушы партизандардың арман-мүддесінің ортақ екенін көрсеткен. Ол – жауды жеңіп Жеңіспен елге оралу, отбасына аман-есен жету.

Жазушы шалғайдағы қазақ ауылынан келген Жамалдың тағдырдың тауқыметімен орман ішінде босануы, от пен оқтың ортасында жүріп шыңдалуы, жау тылына барлауға барып олжалы оралуы, қолына қару ұстап жауға қарсы шығуы арқылы оның да партизандар ішінде жүріп, Отанын жаудан қорғауға өз үлесін қосқанын мақтан етеді. «Осындай араны ашылған ажал мен өлім үшін емес, өмір үшін алысқан шайқастың нық ортасындағы от ішінде Жамал да кегін жіберер емес. Ішінен: Маяны Роман қарттың үйіне қалдырып, жауға қарсы аттанған Жамалдың да жаудан алар кегі бар еді. «Мая не болып жатыр екен. Кім білсін мына қаптаған оқтың бірі жас сәбиді жалмап кетер ме екен» дегенде, жүрегі дір ете түседі. «Жоқ сәбидің жазығы не, өспей жатып өшетін», – деп, өзіне-өзі қайрат беріп қояды» (195-б.), – деген үзінді ел басына күн туған заманда жауынгер қазақ халқының қыздары да атқа қонып, жаумен шайқасқандығын растайды. Жамалдың Мәншүк, Әлия, Хиуаз сынды батырлар шыққан елдің қызы ретінде бөбегі үшін, Отаны үшін

МУШЕЛТОЙ

батыл әрекеттерге баруы қуантады.

Хикаядағы орталық кейіпкердің бірі – Иван Михайлович. Ол партизандарға көмек ету мақсатында немістерге қызметке орналасады. Сол өңірді жақсы білетін адам болғандықтан оны бургомистр етіп сайлап, әрбір үлкен елді пункттерде полицай бөлімшелерін ұйымдастыруды тапсырады. Осы мүмкіндікті пайдаланған ол полицайға өз адамдарын өткізіп, немістердің басқан қадамын партизандарға жеткізіп отырады. Староста Дурновтың басшылығымен ел арасынан жиналған азық-түлік пен жылы тондарын Сукромля деревнясында партизандар тонап алып, қақтығыс кезінде Дурнов қашып құтылады да біраз полицайлар партизандар жағына өтіп кетеді. Осының бәрін Дурнов пен Иван Михайлович Беляковтың мойнына іліп, өзін асып өлтіртеді. Бұл жерде Иван Михайлович жаудың назарын совет өкіметінің жауына аударса, Дурнов өзімен бақталас адамның көзін жоюды ғана мақсат еткені анық. Өзінен мандыртымды жауап ала алмаған подполковник Ранкенау оны халық алдында дарға асып жазалады. Совет өкіметінің қас жауының халық алдында дарға асылуын халық қолдамаса, еш өкінген жоқ.

Иван Михайлович Епишево деревнясындағы шіркеуге священник етіп сенімді адам Кузьма Сергеевичті тағайындайды. Келім-кетімі көп жерде кездесу сырт көзге күдік туғыза қоймас деген оймен олар шіркеуді де өз пайдаларына асырады. Иван Михайлович өз шәкірттері Сережа мен Валяны да нақты тапсырмалар беріп партизандар қатарына қосады. Олардың міндеті – күндізгі атыс-шабыстан кейін далада қалған жаудың қару-жарағын жинап-теріп партизандар қолына жеткізу.

Жау қоршауында қалған партизандардың бас сауғалап жата бермей, айнала қоршаған жауға тұтқиылдан тиісіп, оларды қан қақсатып отыруы, барлаушылардың төңіректе болып жатқан оқиғаларды мүлт жібермей, партизандардың жергілікті тұрғындарға дер кезінде көмекке баруы партизандар мен халық арасындағы байланысты күшейте түссе, басқыншылардың жазықсыз халыққа жасаған озбырлығы оларды өзіне қарсы әрекет жасауға

итермелеп бақты.

Әлім бастаған партизандар тобы Артемовка деревнясының күншығыс жағындағы орманмен түн ката жүріп, орманның екінші жиегіне жеті-сегіз шақырым жол жүріп келіп, арқалаған жүктерін темір жолды жағалай қойып шығады. Жылбек пен Павликтің темір жолға қойған миналары жау әскерін ғана емес, олардың қару-жарағын да күл талқан етіп, оларды мезгіл-мезгіл есеңгіретіп отырды. Партизандардың бүлігінен шаршаған жазалаушы отряд жердің тілін білмеген соң, орман ішіндегі батпақтарға кезігіп, әуре-сарсаңға түсіп, өкшелеп қуып келе жатқан партизандарынан көз жазып қалады.

Иван Михайловичтің айтуымен автобазада істейтін үш совет тұтқыны немістердің жөнделген машиналарының ішіне мина салып жарып жібереді де өздері қашып партизандарға қосылады. Осылардың бәрін Иван Михайлович істеп жүргенін білген подполковник Ганс Ранкенау оны тұтқынға алып бес күн бойы азаптап ешқандай жауап ала алмайды. Елдің алдында дар ағашына асып жатқанда:

«–Бауырлар, бақи болындар! Қорықпаңдар адал ажалдан! Неміс басқыншылары жойылсын! Жасасын Коммунистік партиясы! – деп ұран тастаған бойы қыл арқанмен жоғары тартылып кете барды» . Партизандарға осындай ержүрек адамдар қол ұшын бермегенде олар басқыншылардың жоспарын білмейтін еді. Жазушы партизандарға көп көмек көрсеткен жергілікті тұрғындардың ішіндегі партияға адал коммунистердің жанкешті ерлігін олардың өз істерімен паш етті.

Партизандар гитлершілерді жеңу үшін, оның тылындағы соғыстарды күшейте түсу мақсатында майданға кетіп бара жатқан қару-жарақ тиеген, әскер тасыған поездарын мина қойып құлатып, жаудың тылдағы қоймаларын, темір жол тораптарын, көпірлерді талқандап, жау тылында бүлдірушілік әрекеттер жасаумен айналысады. Осы мақсатпен олар деревняларға барып үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, өз еркімен партизандарға қосыламыз дегендердің қолына қару беріп, Отанды жаудан қорғауға кіріседі. Партизандар саны күн санап көбейе бастаған соң оларға «Бірінші Клетня», «Екінші Клетня», «Үшінші Клетня» деген ат береді.

МҮШЕЛТОЙ

Орман ішінде өз әскерлерінен адасып жүрген босқындардың да қатарға келіп қосылуы, өз ротасынан көз жазып қалған дәрігердің Сергейдің аяғына операция жасап, оны ажалдан аман алып қалуы, жеркілікті халықтың партизандарды азық-түлікпен қамтамасыз етуі – кеңес халқының басқыншы жауға бірлесе күрескенін айқындайтын эпизодтар.

Тамара Подгурскаяның Пригорья станциясынан алып келген ақпаратынан кейін «туған елінің әрбір ағашын бекініске айналдырған партизандар» жаудың өздерінен бірнеше есе басым екеніне қарамай, «атысса да, алысса да, алған бағытқа жеткісі» келіп, үлкен шайқасқа дайындалды.

«Ормандағы от» хикаясын автор майдандас достарыма ескерткіш деп атайды. Бұл хикаяны рельс үшін соғыс деп атауға да болады. Себебі мұнда да өзімізге таныс Тимофей Михайлович, Әбдіғали Төлегенов (Батырхан), Тамара, Жамал (қызы Мая), Жора, Павлик, Зарецкий, Ақәділов сынды партизандардың темір жол рельсі бойындағы соғысы суреттеледі. Әрбір партизанның темір жолға тол қоюы, жарғыш капсюльді пайдалануы, шнур тұтандыруды жетік білуі арқасында жауды мол шығынға ұшыратады. «Панасы – орман, серігі – түн» болған, кең даланың құсына ұқсайтын партизандар басқыншыларға жергілікті халықпен бірлесе күрес жүргізеді. Мұнда «Үлкен жердің» тапсырмасы бойынша партизандар рельс соғысын бастайды.

Берлин өз әскерінің тылындағы Н. қаласына әккі офицер Ранкенауды жіберген болатын. Оқиға өзі сақ, қырағы Ранкенаудың жұмысқа келген бойда стол тартпасындағы қағаз бетіндегі шаңнан өзге біреу қолының ізі түскенін байқап, дереу бөлмені тексертуінен басталады. Тексерушілер диван ішінен бір, темір пеш ішінен екі, стол тартпасындағы қағаз астынан бір мина тауып алады. Бұл миналарды партизандардың қай уақытта қойып кеткенін білмей аңтарылған ол әр нәрсеге сезіктене қарайды. Бұл жерге кіретін бір-ақ адам бар. Ол – тамақ тасушы қыз. Бірақ одан мұндай шығады деп ойламаған олар жаудың қай жақтан келіп қаларын білмей дал болады. Осы сәтте партизандардың су қоймасының күзетшісін

өлтіріп, оны мина қойып жарып кеткені мәлім болады. Осылайша олар ауыз суға зар болып, оны тездетіп жөндеуге кіріседі. Әккі подполковник дереу қаладағы бар еркек біткенді алаңға жиып, арамызда жүрген партизандарды ұстап беруін талап етеді. Елді қорқытып өз дегенін жүргізуді көздеген подполковник өзіне тура қараған бір адамды сол жерде қолма қол дарға асып, екі құлағын кесіп олардың алдына лақтырып тастайды. Сөйтіп олардың ішінен Владимир Хомяковты өзіне алдыртып түндегі оқиғаға қатысты не білесің деп тексере бастайды. Володядан мардымды ештеңе ала алмаған соң оны босатады. Володя үйіне келсе, есік шалқасынан ашық жатыр. Көршілерінің айтысына қарағанда күндіз неміс әскері келіп, кемпірді партизандармен байланысың бар деп әбден қинаған, зорлаған, тіпті арқасынан жұлдызша етіп ет кесіп алған. Қансырап жатқан кемпірге дәрігер шақырады. Көмек көрсеткен дәрігер баласына адам болар-болмасы екі талай деп, көрші кемпірге оның жүрек соғысы әлсірегенін, адам қатарына қосылмайтынын жасырмай айтып кетеді. Көрші кемпір Володьяның қасында күйбеңдеп жүргенмен мола басына баруға немістерден бата алмайды. Ел ішінде ат-арбаның жоқтығынан Володя шешесін қол арбамен жалғыз сүйреп апарып жерлейді. Бұл оқиғалар қала халқының басқыншыларға тегіннен-тегін кектенбейтіндігін ашуға қызмет етеді. Күні бойғы сұрақ-жауап Володьяға біраз ой салса, анасының жазықсыздан-жазықсыз басқыншылардың азаптауынан қаза табуы, жолда күзетшілердің табытты аштырып, анасының мәйітін аударып-төңкеріп тексергені оған үлкен кек болып байланады. Дұшпанынан кек алуға бекінген ол қолынан келгенін істеуге бел шеше кіріседі.

Қойылған минаны әшкерелеу үшін Ранкенау ақ көйлекті жігітті дарға асты, жазығы жоқ кемпірді бейнетпен өлтірді, көп адамды залогпен тұтқынға алды. Гестоба бастығы өзінің қанішерлігін елге осылай әшкерелеп жатқанда, қойылған минаның жарылмай қалғанына өкінген партизандар «Атқан оқ нысанаға тисін; қойылған мина жарылсын; ұшқын шашсаң, өрт болсын! Жеміссіз адам болмасын!» – деген қорытынды жасап жатты.

МУШЕЛТОЙ

Тамараны Н. қаласына Беседь өзеніндегі темір жол көпірін бақылауға жібереді. Оның міндеті – сол көпірді күзететін неміс бөлімшесінің күшін, дот, дзоттарын, мина қойылған жер мөлшерін білу болса, Жамалдың міндеті – Беседь өзенінің шығыс бетіндегі бес километр шамасында орналасқан Бони разъезіндегі жау күшін анықтау. Тамара мен Жамалдың алып келген ақпараты партизандардың жоспар құруына көп септігін тигізіп, олар темір жол бойындағы басқыншыларға тікелей шабуылға шығады.

Батырхан мен Павлик ұстаған жансыздарынан біраз мәлімет алады. Қолға түскен жансызбен арпалысу, қарсы келіп қалған жаумен шайқасу, жазалаушылардың төпеген оғының астынан аман шығуда ысылған партизандар өмір мен өлім беттескен сәтте шұғыл қимылдар жасауға шебер.

Оқиғаға қатысатын негізгі кейіпкердің бірі – Шура. Темір жол асханасында жұмыс істеп жүрген ол партизандарға Сталинград майданында тойтарыс алып, кейін шегінген жау әскері, енді Орел Курс қалаларының маңына шоғырланып жатқанын дер шағында жеткізіп отырады. Шураның жанкешті ерлігін үйінің шатырына шығып, радиоқабылдағыш арқылы: «Н. станциясына жаудың бірнеше эшелоны келіп тоқтады. Франциядан келе жатқан екі эшолон әскер, қалғаны әскери техника (танк, артиллерия). Офицерлердің айтуынша, бара жатқан беті Орел қаласы мен Курск қаласының бағыты. Мүмкіндігінше, алдымыздағы түні самолет келіп бомбалайтын болсын. Біздің самолетке беретін белгіміз – жасыл ракета. Жауабын түнгі ондағы сеансыда хабарлауыңызды сұраймын. Барлық жолдастарға көптен-көп сәлем. 30-нөмір», – деп хабарлауынан да байқауға болады. Басына қандай қауіп төніп тұрғанын сезсе де ол түнде екі минуттық байланысқа шығып, түнгі бір шамасында самолеттерге белгі беру керектігін анықтайды.

Темір жолда тұрған составты күл талқан етіп бомбалап кеткеннен кейін, радиоқалдағыш арқылы хабар берілгенін сезген басқыншылар ертеңіне үйме-үй жүріп тінту жұмыстарын жүргізеді. Шураны сенімді адам деп түсінген

олар оның үйін тінтімейді, бірақ ол кезде радиоқабылдағыш үй сыртындағы төбешікте жатыр еді. Сезікті адамның қай жерден белгі бергенін білген олар үйретілген овчаркаларын ізге салғанда, жазықсыз өз салдаттарын ұстап береді. Франциядан шыққаннан қалтасында келе жатқан ракета мен ракетницасын дәлелдей алмаған жазықсыз солдат иттің қателігінен дарға асылады.

Радиоқабылдағышпен хабарласу қауіпті болған соң, Шураны іздеп келген Тамара оған кешкі сағат сегізде «Орман патшасының» өкілімен кездесуі керектігін айтып хат тастап кетеді. Тамара, Шура, Володялар бір-бірімен «Ай», «Күн», «Жер» паролдері арқылы табысып, Яков қартпен бірлесе отырып, алдағы іске жұмыла кіріседі. Володя қолына белгілі уақытпен жарылатын мина түссе, анасының кегін қайтаруға бел байлап жүргенде оны Тамара іздеп келіп, көктен сұрағанын жерден тауып береді. Володя вагондарды тексерген болып жүріп, жанар май цистернасының бір қуысына мина тығып жібереді. Барлауға келген Тамара Яков қарт пен Володаның көмегі арқылы Белинковичи станциясы мен Бони разъезіндегі жаудың қарулы күшін анықтайды.

«Шура міне жұмысына күндегісінен ертерек келген. Асхананы айнадай етіп сыпыру, стол үстін беліне қыстырған ақ орамалмен таза сүрту, жалпақ қалайы табаққа төрт бұрыштап тілінген кесек-кесек қара нанды қалау, стол басы төрт жерден шанышқы, пышақ, қасық әкеліп қою – Шураның әдеттегі көрнекті ісі. Мұндағы өткінші қожаларға Шура осындай таза жұмысымен жаққан, сенімдеріне де кіріп алған. Немісше тілге жетіктігі және бар» деген сипаттама Шураның бейнесін толықтыра түседі.

Яков қарт пен Володя сияқты, ержүрек Шура тәрізді жау алқымында тұрған партизан штабының жасырын саусақтары олардың тірек пункттері еді. Володаның темір жолдан естіп келген тағы бір жаңалығы «– Бүгін түстен кейінгі хабарға қарағанда, түрмедегі жатқан біздің жігіттерді тексерусіз, сотсыз ататын болыпты. Кеше түстен кейін оларды қаланың шетіндегі былтыр жанып кеткен түрменің қарсы алдындағы, бұрын астық құятын қамбаға апарып қамаған көрінеді. Ранкенаудың ондағы

МҮШЕЛТОЙ

ойы – олардың атылғанын қала халқына білдірмеу», - еді.

«Орман патшасына» хабарласатын уақыт тығыз болғандықтан тұтқындағы жолдастарын ажал аузынан арашалауға Володя мен Яков қарт өздері аттанады. Сол күні асханада неміс әскері ойын-сауық құрып, Ранкенау Шураны иемденіп қайта-қайта биге шақырып жүргенде олар мылқау мылтықпен күзетшілерді өлтіріп, тұтқындарды орманға қашырып жібереді де мылтықтарын жасырып, үйлеріне келіп жата қалады.

Володя соңына тыңшылардың түскенін біліп, «Орман патшасымен» иті Тигрды байланыстырып отырады. Тигр екі жақтың хатын тасып жүріп, көзге түсіп оққа ұшады.

Бұл кезде Жамал да өз тапсырмасын орындап разьезд жаққа барып, керек мәліметтерін жинап алады. Жамалға қол ұшын берген Тамара Подгурскаяның жіберген қариясы оны келінім деп ертіп жүріп-ақ талай шаруаны тындырады. Жазушы бұрын соғыс көрмеген жандардың бойында қорқу, үрку сезімдерінің болатынын да ұмытпаған. Оны разьезде үлкен тапсырмамен бара жатқан Жамал бойындағы қорқыныш сезімінен байқауға болады:

«— Сен, шырағым үндемей қалдың ғой? Өңің бірде қызарып, бірде қуаң тартып, қобалжып келесің. Тегі қорқып, разьезде бару-бармауды ойлап, өзің екі ойлы болып келе жатырсың ба, қалай? Істі қолға алғаның шын екен, онда неде болса, тәуекел деу керек, шырақ! – деді қарт қайратты үнмен» .

Жау ордасынан мол мәлімет жинаған Жамал мен Тамара түні бойы тоқтамастан суыт жүріп, ауыр жолды еңсеріп, таң атқан соң ит тұмсығы батпайтын орманның ішіне кіріп аялдады. Күндіз жүру қауіпті болғандықтан партизандар түнде ғана жұмыс істеуге дағдыланған. Дегенмен жазалаушы отрядтың бұл жерден шегінгенін білген олар біраз тыным алған соң қайта жолға шығады. Олар жолда аялдаған деревняларында басқыншылардың қанішерлігіне куә болып, оларға тістерін қайраған үстіне қайрай түседі. Қорғаны жоқ шал-кемпірлердің үйін тонап, қалғанын өртеп кетіп бара жатқан басқыншылардың бұл әрекеті – партизандарды қолына түсіре алмағандықтан

«ашуын тырнадан» алу еді.

Жоғарғы штабтан полковник шенін алған Ранкенау енді жұмысқа құлшына кіріседі. Бұл кезде партизандар Жамал, Тамара, Володялардың алып келген мәліметтері бойынша Беседь өзенін кесіп өтетін темір жол көпірін бұзуға дайындық жасалып жатыр еді.

Бұл хикаяда біз өзімізге таныс партизан қызымен және кездесеміз. Ол жөніндегі авторлық ұстаным: «Мая қолдан қолға көшеді, бірдің емес, көптің жұбаныш, ермегі де сол. Бейбіт күн белгісі, үй, семья дегеннің белгісі де – сол Мая», – дегенге саяды.

Жазушы табиғат суреттерін де орынды пайдаланған. Жау самолеттерінің партизандардың жатқан жерін анықтап бомбалаймыз деген күні күннің көзі ашылмай самолеттар күннің қолайсыздығынан әуеге көтеріле алмай жатқанда партизандар мекендерін ауыстырып үлгереді. Осының өзінен туған жердің табиғаты да өз перзенттеріне қарасып жатқанын байқауға болады.

«Аспанды торлаған қара бұлт батальондармен бірге ілесіп, бірге қатуланғандай. Қараңғылық жан-жақтан түнеріп, жерді басып тұр. Қатая түскен жел де ышқынып, күтпеген жерден үйіріле соғып кетті. Табиғаттың бұл құбылысы да жаудың алқымынан алып, оны мынау партизандармен қосыла бірге қылқындырғалы тұрған тәрізді», немесе «Жел дауылға айналды. Ышқынып, үйіріліп, ойнақ салып ішін тартып тұр... Жерге етпетінен жабысып жатқан Володя ішінен: «Соқ дауыл! Соға түс! Сен де көмектес бізге» - деп қалды» деген жолдар жауға қарсы күресте табиғаттың да септігі тигенін байқатса, үлкен шайқастан кейін ауа-райының мейірлене түсуі көңілге қонымды: «Шаңқай түс. Күн шайдай ашық. Туған жердің биязы әуесі жанға тыныш, көңілге тоқ, мүлгіп қалыпты. Баяу сокқан самал жел күмістей сыңғырлаған орман жапырақтарын ақ бас толқындай теңселтіп, жеңіл, сазды бір күй шертіп тұрғандай көрінеді. Жел үні саусақтарынан бал тамған өнерлі күйшіге ұқсайды. Дәл осы бір күн – бейбітшілікті елестеткендей, келешек тыныштық өмірдің нышаны іспеттес еді». Бұл сурет табиғат ананың күнәсіз перзенттерінің

МУШЕЛТОЙ

жеңісіне деген қуанышын байқатқандай әсер берері даусыз.

Шешуші шайқаста полковник Ранкенаудың Володяның қолына түсуін де құптауға болады. Себебі ол анасының қанын жүктеген қанішер. Ендеше басқыншылық әрекеттеріне ар мен заң алдында жауап беруі орынды. Бұл қолға тірідей түсірген Володяның анасының бейіті басында берген антымен ұштасып жатыр. Тимофей Михайлович командованиенің тапсырмасын орындағанына риза болғанмен, шайқаста Тамара мен Павликтің жарақаттанып қалғанына кобалжулы.

« - Жолдас командир, сіздің тапсырмаңыз бойынша Павлик пен Тамараның жарасын көріп шықтым. Ешқандай қауіп жоқ, екеуі де тәуір болады, - деді бригада дәрігері.

Дәрігердің бұл жақсы хабары Тимофей Михайловичтің онсыз да көтеріңкі көңілін онан арман өсіре түсті.

– Бұл жерде көп аялдауға болмайды. Ілгері қарай жүрген жөн, - деген бұйрық болды. Партизандар жүріп кетті» .

Жазушы осындай алмағайып заманда да жастардың болашаққа сеніммен қарауын Лида мен Владимир, Шура мен Володя, Жамал мен Жылбек, Тамара мен Павел линиялары арқылы жадында ұстап отырған.

Автор Қазақстандық жауынгерлердің қазақ

екенін, Қазақстаннан екенін естігендердің барлығы Қазақстан деген жердің бар екенін, қазақ деген елдің бар екенін білетінін де жадында ұстап отырған. Себебі бұл кезде кеңес жауынгерлері жыр алыбы Жамбылдың «Сталинград» өлеңін жатқа айтатын еді. Сталинград түбінде ауыр соққыға душар болған басқыншылар амалсыз артқа шегініп бара жатты. Кеңестер Одағын тізе бүктірмек болып, ентелей кірген басқыншылар Беларуссия ормандарының әрбір талы мен ағашы өздеріне қарсы тұрып айбат шегетінін, кеңес жауынгерлері қасық қаны қалғанша күресетінін білмей, қатты соққыға душар болып, көп шығынға ұшырап кейін шегінеді.

Әди Шәріповтің жоғарыда сөз болған шығармалары Беларусс жеріндегі партизандар мен жергілікті тұрғындардың басқыншы жаумен күресте жанкешті ерлік көрсеткенін шынайы бейнелеген туындылар. Қаһарман партизан өзіне пана болған Беларуссияның Мухин орманының әр талы мен ағашына жан бітірді. «Екінші Клетня» партизан бригадасы комиссарының орынбасары Ә.Шәріпов аталған шығармаларында майдандас достарының шынайы бейнесін жасап, Отанды жаудан қорғау жолындағы партизандардың өшпес ерлігін паш етті.





Радлов Василий Васильевич (Фридрих Вильгельм) (5.1.1837, Берлин — 12.5.1918, Санкт-Петербург) — орыс шығыстанушысы, этнограф, археолог, Петербург Ғылым Академиясының академигі (1884).

Полиция қызметкерінің отбасында дүниеге келген. Жасында гимназияда оқыған, Берлин университетін бітірген (1858). Осы тұста ол араб тілі, парсы тілі, түрік тілі, татар тілі, моңғол, манчжур, қытай тілі, т.б. тілдерді үйренді. Радлов 1858 ж. Ресейге көшіп келіп, Алтай өлкесінде мұғалім болды. Кейіннен Қазан оқу бөлімінің татар, қазақ, башқұрт мектептерінің инспекторы (1871-84), Азия (1885-90), антропология және этнография (1894-1918) музейлерінің директоры, Орталық және Шығармалары Азияны зерттеу жөніндегі орыс комитетін құрушылардың бірі, оның басшысы (1903 — 18) болды. Радловтың ғылыми өмірі үш кезеңге бөлінеді: Алтай, Қазан, Петербург. Алтай кезеңінде (1859-71) Батыс Сібір, қырғыз даласы, Хакасия, Жетісу аймақтарында тіл, фольклор, этнография материалдарын жинаумен айналысты. Қазан кезеңінде (1871-84) “Солтүстік түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы” және “Сібірден” (екеуі де неміс тілінде) атты екі еңбегі жарық көрді. Петербург кезеңінде (1884-1918) “Түркі тілдері сөздігін жасау тәжірибесі” атты көп томдығы баспадан шықты. 1891 ж. ол Ресей ҒА экспедициясын басқарып, Моңғолия жеріндегі Орхон ескерткіштерін зерттеген. 10-нан астам әріп таңбаларын оқып, Кошо-Цайдам ескерткіштерінің фонетикалық-грамматикалық ерекшеліктері туралы жазды, мәтіндердің орыс тіліндегі транскрипциясын жасады. Әр жылдары “Құтты білік” (1891-1910), “Тоныкөк” (1899) ескерткіштерінің аудармасы мен транскрипциясын жариялады.

Радловтың Пазырык жеріндегі археологиялық қазбалары Пазырык мәдениетін ашуға жол ашты

Көне ұйғыр жазбаларын, оның тарихын


зерттеді, грамматикалық құрылысы жайында бағалы пікірлер айтты. Іұнды еңбектерінің бірі — “Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы” деп аталды. Ол ғылыми еңбектерінде түркологияның барлық саласын қарастырды: лексикография мен диалектология, салыстырмалы-тарихи фонетика мен текстология, көне түркі, ұйғыр және араб ескерткіштері, түркі халықтарының фольклоры, этнографиясы, тарихы мен археологиясына байланысты түбегейлі зерттеулер қалдырды. Оның тарих пен этнография саласындағы еңбектері: а) Сібір мен Орта Азия түркі тілдес халықтарының этнографиясын; ә) олардың көне тарихы; археологиясы, мәдени даму жолдарын; б) аңшылық пен көшпелі халықтардың даму ерекшеліктерін, әсіресе түркі халықтарының рулық құрамын анықтау мәселелерін қамтыды. Радловты аса көрнекті фольклортанушы ретінде танытқан “Түркі тайпалары халық әдебиетінің үлгілері” атты 10 томдық еңбегі болды. Оның 1-кітабы (1866) алтай, құманды татарлары, шор, саян, 2-кітабы (1868) шұлым, түрік, хакас, 3-кітабы (1870) қазақ, 4-кітабы (1872) барабы, тобыл, түмен татарларының фольклорына арналды. Қазақ фольклоры үшін аса қымбат қазына болып табылатын 3-томдағы ел аузынан дәлме-дәл жазып алынған шығармалар, ақын-жыршыларға берген мінездеме, халық ауыз әдебиетінің жанрлық құрамын белгілеуі, халық шығармаларының тіл және стиль ерекшеліктерін анықтауы күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқаласы Радлов жинаған фольклор үлгілері “Халық өлеңдері” (жеке шумақтар, бата сөз, жоқтау, бақсы сөзі, өтірік өлең), “Ертегілер”, “Батырлар жыры” (“Ер Көкше”, “Ер Тарғын”, “Сайын батыр”) болып жіктелген. Сонымен бірге ғашықтық, тарихи жырлар, аңыз, қисса-дастан, айтыс үлгілері мен ақын-жыраулар мұрасы да қамтылған. Радловтың Сібір қазақтарының этнографиясы туралы құнды еңбегі “Сібірден” деген атпен шықты. Ол қырғыз эпосы “Манасты” жазып алып, бастырып шығарды. Радлов салыстырмалы тарихи зерттеудің нәтижесінде Орта Азия, Қазақстан және Сібірдегі түркі халықтары фольклорының төркіні ортақ екенін дәлелдеді. Радлов көптеген ғылыми

ТҰЛҒАЛАР

еңбектерімен түркология ғылымының дамуына зор еңбек сіңірді, өзінің мектебін қалыптастырды. Оның ісін шәкірттері Б.Я.Владимирцев, Н.Ф.Катанов, С.Е.Малов, П.М.Мелиоранский, А.Н.Самойлович, т.б. жалғастырды, олар Радловтың ғылыми мұрасы

жайлы құнды пікірлер қалдырды. Соңғы уақытта Радловтың шығарм. шеберханасы жайлы жазылған М.Шоқай жазбалары да ғылыми айналымға енді.



ТҰЛҒАЛАР

Толстой Лев Николаевич (1928-1910) – орыстың классик жазушысы.

...Танбаймын, шәкіртімін Толстойдың,
Алдампаз, арам сопы, кәпір қойдың.
Жанымен сүйді әділет, ардың жолын,
...Ақиқат сырымды айтсам, Толстойдың
Мың сопыны алмаймын тырнағына...

Орыс жазушысы Толстойдың тұлғасы, есімі қазақ халқында Шәкәрімнің осы өлең жолдарынан бастау алады. Ақынның нақты қай жылы оларды жазғаны белгісіз, шамамен 20 ғасырдың басы, бірақ алғашқы нұсқасы 1959 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің №2 санында «Лев Толстойдың шәкіртімін» деген атпен, кейін 1988 жылы «Лениншіл жас» газетінің №76 санында жарияланғаны белгілі.

Толстой есімін қазақ халқымен байланыстыратын келесі бір сәт қазақ халқы үшін үлкен беделі бар адам болып саналатын Шәкәрімнің орыс ойшылы Толстоймен хат алысу жайындағы аңыз. Ол хат мәтінінің интерпретациясы зерттеуші, Қ.Мұхаметқанұлының еңбектерінде келтірілген, бірақ қай жерден алғандығын көрсетпейді. Хат мәтіні бойынша Шәкәрім Толстойға көркемдік-эстетикалық мәселе бойынша үш сұрақ

қоятыны белгілі. Сондай-ақ, осы хат алысу, тіпті Шәкәрімнің жазушыны □ 80-жылдық мерейтойына барғандығы жайында Ж.Әбділдин, Р.Сейсенбаев сияқты адамдардың айтқан пікірлері бар, бірақ әлі де нақты ресми түрде дәлелденген бір де бір құжат табылмаған. Бүгінгі күнге дейін Толстойдың сол кездегі Семей мұсылмандар мектебінің директоры, «Халық сөзі» газетінің редакторы, қалалық Думаның мүшесі семейлік Рахметолла Елкебаевпен 1908 жылы жазысқан ресми хаттары табылған. Шәкәрім сол кезде орыс-географиялық қоғамының мүшесі болып, Елкебаевпен таныс болған. Хатта Елкебаев Толстойдың халыққа пайдалы кейбір еңбектерін аударуға рұқсатын сұрайды. Толстой оған жылы жауап беріп, рахметін айтып, рұқсатын береді. Екі хат алысуында да Толстой өсиет айтып, ұстаз ретінде көрінеді.

Шәкәрім мен Толстойдың хат алысуының ресми түрде сақталмағанына қарамастан қазақ халқы оған қатты сеніп, асыл қазынаның бірі ретінде қабылдайды. Өйткені орыс ақсақалымен қазақ халқын ең алғашқы таныстырған осы хат алысулар болды. Шәкәрімнің ең алғашқы болып «Асархидон-Лаэли», «Үш сауал», және де Толстой шығармашылығының ішінде әлі де табылмаған «Крез патша» әңгімелерінің аударуымен кірді. Қазақ халқы үшін Шәкәрімнің Толстойды «ашуы» Абайдың Лермонтовты «ашқан» бірдей.



ФОТОШЕЖІРЕ



"Абай арманы" зиялылар клубы кезекті мәжілісінің баяндамашысы ғалым Т.Жұртбай және құрметті қонағы М.Хакім (Түркия)



ФОТОШЕЖІРЕ



Мәжіліс қонақтары



«ШӘКӘРІМ» ЖУРНАЛЫ

Мекен-жайы: Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы. Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, «Шәкәрімтану» ғылыми-зерттеу орталығы. Глинка көшесі, №20 "А".

Бас ғимарат, 209 бөлме. Байланыс телефоны:

8 (7222) 35 48 52;

E-mail: shakarimtanu.semey@mail.ru

Компьютерде беттеген: Болесова А.Е.

Корректоры: Жарылғасынұлы М.

Беттеуге тапсырылған күні - 27.02.2013 ж. Басуға қол қойылған күні - 06.03.2013 ж.

Форматы - 60x84 1/8. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.